

Назым Айтбайқызы

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ:
ЭПОСТАҒЫ МОТИВ ТҮРЛЕРІ



ӘОЖ 821.512.122. 0 (574) (075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

А32

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің редакциялық баспа кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

Б.Б. Ыбырайым – фил. ғыл. докт., профессор;

С.Б. Ержанова – фил. ғыл. докт., профессор.

Айтбайқызы Назым

А32 Қазақ халық ауыз әдебиеті: эпостағы мотив түрлері: Оқу құралы. Назым Айтбайқызы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 144 б.

ISBN 978-601-224-708-4

Оқу құралында қазақ халық ауыз әдебиеті: эпостағы мотив түрлерінің тарихы, жанрлық, типологиялық ерекшеліктері, қазақ эпосындағы жар іздеу мотив түрлері, оның ұқсастықтары мен ерекшеліктері, поэтикасы, сондай-ақ кейінгі дамуы туралы тиянақты зерттеу жүргізілген.

Кітап фольклортану мәселелерімен айналысатын мамандарға, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдарға, магистранттарға, студенттерге және әдебиет сүйер, ол туралы көбірек білгісі келетін көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122. 0 (574) (075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

ISBN 978-601-224-708-4

© Айтбайқызы Назым, 2015

© «Қыздар университеті» баспасы, 2015

КІРІСПЕ

Қазақ халқының ғасырлар бойы ауыздан ауызға көшіп, бүгінгі күнге жетіп отырған телегей-теңіз мол мұрасы – халық шығармашылығы. Өнер түрінің ішіндегі ең асыл да, көркемдігін бағалаған халықтың туындаған шығармасы. Халқымыздың мұрасын жинақтап, толықтыру ХІХ ғасырдан бастап хатқа түсе бастаған осынау мол қазынаны жан-жақты игеру, тиянақты зерттеу ісі толассыз жүргізіліп келеді. Оған шет елдік зерттеушілермен бірге отандық фольклортанушы ғалымдарымыз да айтарлықтай үлес қосты.

ХІХ ғасыр басында Гегельдің идеалистік философиясының мәдени дамуы өзара тартыста болды, бірақ әр кезде күшті тіл, күшті мәдениеттің ерте туып, өзінің орнын кеш те болса, ғасырлар бойы жасап, сақтаған мәдени мұрасының бірі – қазақ халқының ауыз әдебиеті деуімізге болады.

Фольклор халықаралық термин, ғылымдық атау ретінде қолданылып, күрделі, синкретті өнер ретінде дәлелденген. Яғни, дәл мағынасы – халық білімі, ауызша шығарылған асыл, көркем сөз.

ХІХ ғасырдан бері зерттелген еңбектер аз емес. Әр жанрдың тууының өзі көптеген уақыт пен еңбек қажет еткені белгілі. Қайткенде де әлі де халықтық шығарманың нысаны зерттеуді қажет етеді.

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезін ауқымды түрде ерекшелеген. Алғашқы ұлы демократ ағартушыларымыз ретінде Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтарды атаймыз. Бұл олқылықтың орны толтырылып, зерттеушілердің қатары да, зерттеу нысандарының қамтылуы да әлдеқайда артты.

Фольклортану бөлімін ХІХ ғасырдың басында үлкен үш кезеңге бөліп қарастырған болатын.

1) 1930 – 1940 жылдар, М.О.Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы»

2) С.Сейфуллин жариялаған «Ежелгі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» (1932) қолданыста болған.

3) М.Әуезовтің жетекшілігімен 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. 1-т. Алматы, 1948» ұжымдық монографиясын ерекше атауға болады.

І БӨЛІМ.
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ:
ЭПОСТАҒЫ МОТИВ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ


ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ СХЕМА
МЕН КЕСТЕ ҮЛГІСІНДЕ

Фольклор (ағыл. Folk – халық, lore – даналық) терминін ең алғаш ағылшын ғалымы Вильям Томсен ұсынған (1846 ж).

Фольклор сөзінің баламасын алғаш «халық ауыз әдебиеті» деп қолданған Ахмет Байтұрсынұлы (1926 ж).

Қазақ фольклорының алғашқы жиналуы (XVIII – XIX ғғ.)


Ш.Уалиханов, Ы. Алтынсарин, В. Радлов, Г. Потанин, М. Әуезов, С.Сейфуллин, Ә. Марғұлан, т.б.



1. Ұжымдық шығарма
2. Авторы белгісіз
3. Дәстүрлілік
4. Көп нұсқалылық
5. Ауызша таралуы

1. Автордың болуы
2. Мәтіннің біршама Тұрақтылығы
3. Шығарма мазмұнының нақтылығы, белгілі бір оқиғамен, адаммен байланыстылығы
4. Шығармада автордың өзіндік «мені» болуы
5. Шығарманың импровизациямен айтылуы

6. Жанды байланыс
(орыдалуы), драматизм
7. Көп стадиялылық
8. Синкретті өнер стилінде
(1-сурет) даралық сипатты, көрінуі



(1-сурет.) Б.Абылқасымовтың талдауы

Фольклордың дәуірлеу кезеңдері

I. Ежелгі заманғы еңбек фольклоры

1. Терімшілік пен аңшылыққа қатысты фольклор
2. Мал шаруашылығына байланысты фольклор
3. Егіншілік жөніндегі фольклор


II. Орта ғасырдағы фольклор

1. Түркі жазбаларындағы фольклор
2. Түркі қағанаты кезіндегі фольклор
3. Оғыз – Қыпшақ дәуіріндегі фольклор
4. Алтын Орда тұсындағы фольклор
5. Қазақ хандығы кезіндегі фольклор

III. Жаңа дәуірдегі фольклор

1. ХУІІІ – ХІХ ғасырлардағы фольклор
2. ХХ ғасырдағы фольклор
4. 1916 жылғы көтеріліс туралы фольклор
5. Жұмысшылар фольклоры

Қазақ фольклорының жанрлық
классификациясы



Отбасылық ғұрып фольклоры

Балалар
фольклоры

Үйлену ғұрып
фольклоры

Жерлеу ғұрып
фольклоры

Әлешітеу
поэзиясы

- ☒ Бесік жыры
- ☒ Сәбилік ғұрып жырлары
- ☒ Мәпелеу жырлары
- ☒ Уағу – алдарқату жырлары

Сынсу, Беташар,
Жұбату,
Аушадияр,
Жар – жар,
Тойбастар,
Тойтарқар

Естірту
Жұбату
Көңіл айту
Жоктау
Жаназалау

Ойын фольклоры
Танымалы
Жаңа
Балалар
ойындары

Балалар өлеңдері

- Маусымдық жырлары
- Арнау, гілек
- Тақпақ
- Сұрамақ
- Қызықтама
- Өтірік өлең
- Мазақтама

Ойында
байланыс
жырлар

- Ойынға шақыру
- Қаламақ
- Самамақ
- Драмалық ойындар

Маусымдық гүрлп фольклоры

Наурыз өлеңдері

Жарапазан

**Қымызмұрындық
өлеңдері**

Магиялық фольклор

Бәдік

Жалбарыну

Арбау

Бақсы сарыны

Түс жору

Алғыс (Бата)



Ырым сөздер




Тыйым сөздер

Қарғыс сөздер

Көркем өлеңдер







Қазақ эпосында кездесетін мотив түрлерінің ерекшеліктері

Көптеген халықтардың фольклорында, әсіресе батырлық эпосында кейіпкердің ерекше жағдайда дүниеге келуі, елден ерекше болып өсуі, халқын, елін-жерін жаудан қорғауы, жар іздеуі сынды оқиғалардың ұқсастықтары байқалады. Яғни, белгілі бір эпостағы сюжет, келесі бір эпоста көрініс береді. Мұндай қайталануды не ұқсастықты әдебиетте «мотив» деп атаймыз.

Мотив сөзі (итальян тілінде *motivo* – мелодия (әуен), тақырып) – 1) шағын музыкалық құрылым, үзінді. Өзіндік көркемдік сипатқа ие, бір әуендік тақырып, интонация. 1 – 2 тактіге немесе бірнеше ноталар құрамына сиып кететін мотив негізінен мелодияның болмысын анықтайды. Ауыспалы мағынада мотив әуен яки тақырып деген түсінікте қолданылады. 2) Ал, **Мотив** (латын тілінде *moveo* – қозғаушы, итермелеуші) – адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын ішкі субъективті себеп, оның қажеттіктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет. Пиғыл, ынта, мақсат ұғымдарымен үндес. Мотивті жүзеге асыру тұлғалық әрекетке бағыт береді. Табиғи және қоғамдық ортаның талаптары адамның мотивтерін жүзеге асыру кезінде ерік-жігер жұмылдыруды қажет етеді. Тұлғаның іс-әрекеттеріне, қылықтары мен пиғылдарына баға беру үшін оның мотивтерін айқындау керек. [1] Ал, әдебиетте мотивке былайша анықтама берілген: Әдеби мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әртүрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді. Әдеби термин ретінде 20 – жылдардан бері А.Веселовский, В.Я. Пропп еңбектерінде зерттеле бастады. Бұл зерттеушілер әр халық әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге көшіп жүрген сюжеттік сарындар бар деп қарайды. Алайда ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінен, нақтылы шығармалардағы көркемдік шешімнен, ұлттық әдеби проңестен бөліп алып, жеке қарастыру ұтымды бола бермейді. Ұқсас сарындар көп жағдайда өмірдің өзінен туады, оларды халықтардың өмір-тұрмысындағы ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деуге ылайық. Кейде олар сараланып,

іріктеліп, қалыптасқан дәстүрлі сарындар болады. Немесе шығарманың құрамындағы бір айшық жеке бөлігі сияқты болып келеді, мысалы, халық ауыз әдебиетіндегі сиқырлы айна, ақымақ қатын бейнесі, әкесі мен баласының жекпе-жегі, абжыланның ханшаны ұрлап әкетуі, т.с. Кейбір жанрда тұрақты мотивтер ұшырасады.

Кейде мотив пен тақырып ұғымы бір деп қарайды. Мотивке кейде сұлулық, ізгілік, ар, қорғаныш, махаббат, өлім секілді мәңгі тақырыптарды жатқызады. Поэзиядағы мотивтің мән-жайы әлі зерттей түсуді қажет етеді. Оқиғалы, драмалық туындыларда қайталанып келетін сюжетті мотивтер кездеседі. Олар әр жазушының шығармасында әрқалай қайталанып келеді. Көптеген әдеби мотивтер мифологиямен бірге адамзат мәдениетінің рухани казынасына келіп қосылады.

Батырлық жырдағы қаһармандардың дүниеге келу мотиві

Әдебиеттегі мотив ұғымы жайлы Б.Н. Путилов, қазақ ғалымдары арасынан С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев еңбектерінен кездестіре аламыз. Б.Н.Путилов жырдағы «мотив» жайлы зерттей келіп, мынадай сарындарға бөледі: Мотив-ситуация, мотив-сөз, мотив-әрекет. Бұлар сюжет құрайтын мотивтер ретінде оқиғалар тізбегінің негізгі жүгін арқалайды. Сонымен қатар осы мотивтерді толықтыру, қосымша өрнектеу үшін жұмсалатын мотив-суреттеу, мотив-мінездеме сияқты түрлері бар. Қайталама сарынды шығармаларды көбіне біз халық ауыз әдебиеті үлгілерінен кездестіреміз. Батырлық эпосындағы кейіпкерлердің дүниеге келуінің өзі осыған дәлел. Батырлар ерекше жағдайда дүниеге келіп, елден ерекше болып өседі. Фольклортану ғылымында бұл мотив «ғажайып туу мотиві» деп аталады. Ол негізінен кейіпкерді әсірелеп, әспеттеу үшін қолданылатын көркемдік тәсіл екені белгілі. Ғажайып туу, яғни ерекше жағдайда дүниеге келу мотивінің тамыры тым әріде жатыр. Көптеген зерттеушілердің пікірінше бұл мотивтің бастауын адамзаттың пайда болуы тылсым болып саналған матриархат дәуірінен іздеу керек. Мысалы, В.Я.Пропттың айтуынша: «Ертедегі адамдар баланың дүниеге келуіне ер адамның қатысы жоқ, ру, тайпаны жаратушы тек қана

әйел деп ойлаған. Алғашқы қауым адамдары бұл жердегі ер адамның рөлін білмеген немесе құпия ретінде ұстаған. Алғашқы қауымдағы дүниетаным бойынша әйелдің жүкті болуына жүгірген аң, соққан жел, жұтқан шаң немесе жаңғақтың әсері болады деп түйген. Ер адамның қатысын мүлде атамаған. Әйел баланы белгілі бір тотем-бабаның рухымен, жәрдемімен дүниеге әкеледі деген түсінікке орын берілген» [3] Мәселен «Едіге» жырының бір нұсқасын алып қарайтын болсақ, онда: «Ерте заманда Баба Омар деген әулие болған. Он бес жасында әулиелік қылып, сол уақытта бір қызға көзі тиген екен. Көзі тиген сол қыз буаз болған екен. Буаз болған соң, ұғыл тапты...» [4] делінген. Осы бір оқиғадан да, көп жайды аңғаруға болады.

Кейіннен матриархат дәуірі ыдырап, адамның дүниеге келу сырларына көз жеткеннен соң, ата еркі дәуірі толық үстемдік құрған кезде қаһарманның ендігі жерде ата-анасы кім екені белгілі болады. «Патриархалдық феодализм дәуірінде бұрынғы ғайыптан туу мотиві сол заманғы ата тегі жайындағы түсінікке қайшы келе бастайды. Мәселен, патшаны немесе ел қадірлейтін батырды әкесіз туды деу оның тегіне, сүйегіне өшпес таңба салумен барабар» [5]. Ол – халықтың көптен күткен, ата-анасының әулие-әнбиелерді кезіп жүріп қол жеткізген ұлы. Басқаша айтқанда оның дүниеге келуін ел-жұрт болып асыға күтеді. Осындай көптің тілеуімен дүниеге келетін кейіпкердің туылуы да өзгелерден ерекше болуға тиіс. Осы мотивті қазақ фольклорына байланысты егжей-тегжейлі зерттеген академик С.Қасқабасов былай дейді: «Енді кейіпкер батыр дүниеге келерде, міндетті түрде бір төтенше оқиға болады: болашақ қаһарманның не әкесі, не шешесі қаза болады, я болмаса олар қуғында жүреді. Немесе ол туар кезде елді жау шабады, т.с. [5]. Осыған мысал етіп, «Қобыланды» және «Алпамыс батыр» жырларын қарастырсақ. «Қобыланды» батыр жырының А.Байтабынұлы нұсқасында, батырдың дүниеге келуі былай суреттеледі:

Оң таңбалы Ұрымда,
Қырық таңбалы Қырымда,
Қазақ елінде Қыдырбай деген бай өтті,
Төрт түлік малға сай өтті.
Іні де жоқ, аға да жоқ,
Өзінен туған бала да жоқ,

Бір перзентке зар өтті.
Малы артық болды бай,
Перзенті жоқ сұмырай... [6]

Ал, «Алпамыс батыр» жырының Ж.Шайхысламұлы нұсқасында:

Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Жиделі Байсын жерінде,
Қонырат деген елінде
Байбөрі деген бай бар екен.
Байбөрі малға бай екен,
Бір перзентке зар екен. [7]

Осы іспетті сарынды, «Қарабек» батыр жырынан да байқауға болады:

Ноғайлыны билеген
Қамырдайын илеген.
Нелер жайсаң кеткен жоқ
Мына шолақ дүниеден.
Дұшпаны қорқып тимеген.
Кәдірхан деген хан өткен.
Бірақ кемі осы екен

Перзент көріп сүймеген... Осылайша алпыс жасқа келгенше патша бір перзентке зар болады. Құдайға жалбарынады, молдаларды аралайды, жетім-жесірді тойдырады, халқына байлығын таратып, бата-тілегін алады. Сөйтіп жүргенде бір күні Кәдірхан түс көреді. Сол түсінде аян беріп, хан әйелі жерік болады...[8]

Жоғарыда мысал етіп көрсетілген жырлардың суреттелу жағы бірдей. Кейіпкерлер малға бай, бірақ, сол мал-мүлікке ие болар, артынан қалар тұяғы жоқ. Тағы бір ұқсастық, үшеуі де, ел ішінде баласыздықтан әбден киналып, құдайға жалынып-жалбарынып, әулие-әмбиелерді аралайды. Және түсінде аян беріп, балалы болады. Мұндағы түсінде аян беруін де мотив ретінде қарастыра аламыз. Себебі, түс көру, түсінде аян беру желісін «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қарабек» батыр сынды ауыз әдебиеті үлгілерінен көптеп кезіктіреміз. Осындай оқиғалардан соң, дүниеге жырдың негізгі кейіпкерлері келеді. Тағы да бір ұқсастық ретінде, «Едіге батыр» жырының бір нұсқасын мысал етіп алуға болады. Мұнда:

Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті, кемеңгер, керемет әулие адам екен. Өзінің һешбір перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе іші күйіп: «Менде де осындай перзент болса, арманым болмас еді-ау!», – деп жүреді екен. Күндердің күнінде жер жүзіндегі әулие, әмбиелерден түк қалдырмай әуелі Құдайдан, екінші Пайғамбардан жәрдем, медет сұрап ұйықтап қалса, бір түс көреді. Түсінде: «Әй, балам, тұр, жатпа, Құбыла жаққа қарап жүре бер», – деген әуез естіледі. Міне, осыдан кейін әлгі бай балалы болады... [4]

Шынында да, батыр дүниеге келмес бұрын бір ерекше оқиғаның болары рас. Яғни, бұл халықтың ертедегі наным-сенімінен туатын дүние. Себебі, халық арасында үлкен атақ-абыройға ие болар батырдың өмірі ерекше сипатталады. Сол сияқты туылу жағдайы да елден ерекше болуы керек. Халық арасында батырлардың қалыптасқан өзіндік стилі, ерекшелігі бар. Соған сәйкес, бір жырдағы оқиға, екінші жырда да кездеседі. Нақты баяндалуы жағынан ерекшелік болса да, мазмұны мен оқиға желісінен ұқсастықтар байқалады. Яғни, батырлар жырындағы қаһармандардың дүниеге келуін ұқсас мотивтерге жатқыза аламыз.

Батырға тәя балалық шақ. Батырлық жыры болғандықтан кейіпкерлер алып күш иесі, жаужүрек, мол қайратты болады. Сондықтан да, олар көппен бірдей емес, ерекше ер жетеді. Кішкентай болса да, алып күш иесі болады. Мысалы: «Алпамыс батыр» жырында, жас болса да батырды былай суреттейді: «...он жасқа келгенде алар бүркіт қабақты, алар мойын сабақты Қоңырат деген елге хәкім болды. «Менің әкеме тіл тигізген құл сенбісің?» деп, Ұлтанның құлағын кесіп, табанын тіліп, қойға салды. Сонда Алпамыстың ойнап жүріп жұдырығымен ұрған балалары мойны үзіліп өлетұғын болды... » [7]. Байқағанымыздай, бар-жоғы 10 жасқа жаңа жеткен бала Алпамыс, үлкен ер-азаматтар іспетті ел ісіне араласып, билік құрады, алып күш-қуат иесі болады. Сол сияқты, Қобыланды батырдың есеюі де осы секілді суреттеледі:

«...Бір жасарға келгенде,
Бесіктен бесік қоймады.
Екі жасқа келгенде,
Төр алдына симады.

Үш жасына келгенде,
Асау таймен ойнады.
Төрт жасына келгенде,
Шашылған малын жинады.

...Он жасқа келгенде,
Қайраты мен қызуы
Ықтияр басқа бермеді.
Он бір жасқа келгенде,
Қарағай найза өңгерді.
Он екі жасқа келгенде,
Мың кісімен бір өзін тең көрді.
Он үш жасқа келгенде,
Дұшпанға салды шенгелді.
Он төрт жасқа келгенде,
Азды-көпті тең көрді» [6]

Батырлардың дүниеге келуі не есейіп жар таңдауы тек батырлық жырларда ғана емес сонымен қатар, ауыз әдебиетіміздің тамаша үлгілері болып табылатын ертегілерде де кездеседі. Мәселен «Ертөстік» ертегісінде:

«Төстік өзгеше бала болып өседі: бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды...». Осыдан-ақ, ерекше балалық шақтың ерте кезде көптеген шығармаларға арқау болғанын байқауға болады.

Жар іздеу мотиві.

Тағы да бір батырлар жырларында көптеп кезігетін жәйт, бұл батырлардың жар таңдап, үйленуі. Батырлар есейіп, ел қорғауға шама-шарқы жеткен тұста, үйлену жайы да сөз болады. Және батырлар өз жарларына міндетті түрде үлкен сыннан өтіп, алысып, шабысып, шайқасып барып қана қол жеткізеді. Яғни, жар болар жанның асқан сұлу, ақылына көркі сай екендігі суреттеледі. Ел ішінде ерлігімен аты шыққан ерге сай сұлу, ақылды, қаншама ерді бір ауыз сөзіне қаратқан қыздардан дәмелі жандар біршама болады. Ал, сондай тұста хор қызындай сұлу сылқымдар талай сыннан өткізіп барып қана өздеріне лайық жар таңдайды. Батырлық жырлардағы осынау мәселеге байланысты

Н.Айтбайқызы өзінің «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві» атты еңбегінде былай деген: «Қазақ эпосындағы жар іздеу мотивін ерекше мәселе деп айтсақ та болады. Қазақ эпосындағы жар іздеудің мысалы батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе діни және тарихи эпостарда жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Егер батырлық жырларда батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немесе қыздың әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындауы арқылы үйленсе, лиро-эпостарда батыр қызға шынайы ғашық болуы арқылы қосылады» [8]. Жоғарыда айта кеткендей-ақ, батыр ғашық болатын, өзіне жар етіп таңдайтын қыздар сұлу, ақылды, парасатты және т.б жақсы қасиеттерімен суреттеледі. Мысалы «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс бейнесін былай суреттейді:

Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай,
Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Арпа-бидай ақ ұндай...
Бұрылып белі бүгілген,

Қараған кісі үңілген... Бұл жерде Ақжүністің сондай сұлу екендігі баяндалады. Бұл бір ақиқат сияқты мүлде өзгермейтін, қатып қалған құбылыс сияқты. Яғни, қандай жырды алып қарасақ та, жар болар қыздың ел ішінде батырдан кем емес, ақылдылығымен, сұлулығымен атағы жайылғандығын көреміз. Осынау көріністі сол кездегі ер мен әйел ортасындағы теңдікке балауға болады. Ата-бабаларымыз ежелден «тең теңімен...» деген сөзді айтуында да бір байланыс бар сияқты.

Жаудан елін (не қалыңдықты, туған-туысты) азат ету.

Батырлық жыры деп аты атағандай-ақ, бұндай жырлардағы ең негізгі, басты көрініс – ерлік, батырлық. Яғни, батырдың елін, жерін, халқын, отбасын, қалыңдығын жаудан, дұшпаннан, қара ниеттілерден қорғауы. Бұл батырлық жырдағы басты идея. Батырлық жырдағы ұқсас ерлік іс-әрекеттеріне тоқталар болсақ. Мәселен:

- қалыңдық туралы немесе туған-туыстың тұтқынға түскені не қорлық көргені жөнінде хабар жетуі (түс көру, белгі берілуі);
- хабар алған соң жорыққа аттану;

- дұшпанның, бәсекелестің немесе құлдың кейіпкердің қалыңдығына үйленуді ниет етуі;
- батырлардың белдесуі (кейде жорық сәтсіз болып, батыр тұтқынға түседі);
- жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі;
- жеңіспен елге оралу, сынды оқиғалар дерлік барша жырларда кездеседі.

Шынында да, әр жырдың, өзіндік жанрына, стиліне байланысты ерекшеліктер бар. Бірақ, сол, бір типке жататын дастандардан ұқсастықтар көптеп кездеседі.

Қазақтың Батырлық жырларына негіз болған екі түрлі эпикалық (қаһармандық) дәуір бар:

- 1) жеке рулар (тайпалар) дәуірі. Мәселен, “Алпамыс” жырында – қоңырат, “Қобыланды” эпосында – қыпшақ заманы;
- 2) ноғайлы дәуірі.

Мүмкін осы себепті де ұқсас мотивтер көптеп байқалатын шығар. Яғни, олар пайда болып, халық арасында кеңінен таралып жатқан тұста, бір-біріне әсер етіп, алмасып, толықтырылып отырған болуы әбден ықтимал. Және де, әр дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, діни-сенімдері, салт-дәстүрі, арман-мақсаты, барлығы да, сол кезең туындыларында көрініс береді. Яғни, белгілі бір кезеңдегі шығарма желісі, сол дәуір өміріне, ағымына тікелей байланысты.

Батырлар жыры – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Батырлық жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бірақ түп-түбінде сол дәуір ерекшелігін сипаттап бере алады. Батырлық жырлардың ұқсастықтарын тек бізге авторы белгісіз, ауыздан-ауызға көшу барысында өзгеріп, бір-біріне әсер етіп, бірдей сипатқа ие болған деген оймен ғана баға беру үлкен қателік. Тек ертедегі шығармаларда ғана емес, сонымен қатар, бергін келе жарыққа шыққан, авторы белгілі туындылардың өзінен де ұқсастықтарды байқауға болады. Мысалы: Қазақ хандығы тұсындағы шығармаларда ерлік, батырлық, елді, жерді қорғау

сынды дүниелер өзекті мәселе болып, дерлік барша сол тұста жазылған еңбектерде көрініс тапты. Бұған бірден-бір басты себеп, сол кезеңдегі өмір ағымы, әлеуметтік жағдай. Міне, сол себепті де, батырлық жырлардағы ұқсас мотивтер қайталанушылықты емес, сонау кезеңдегі өмір көрінісін, халықтың арман-қалауын бейнелейді.

Некелесу рәсімдері – жар іздеу мотивінің бастауы

Қазақ халқының үйлену салтымен байланысты ғұрыптық мәселелері шағын зерттеудің көлемімен шектелмек емес, оның сан алуан сипаты халықтық жырдың әртүрлі жанрында өзіндік ерекшелігімен анықталады. Мәселен, негізгі бастауы фольклорда жатқан бұл проблемалық жай ғасырлар бойы жаңаланып, өңделіп, толығып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Осыған орай тақырыбымыздың көне дәуірдегі некелесу рәсімдерінің эпос жанрларының бастауы деп, біз ғалым С.Қасқабасовтың қазақтың ертегі жанрларындағы неке түрлерінің қыр-сырын жан жақты ашып, зерттеген [20] еңбегіне сүйендік. Сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлеріндегі неке түрлерінің аражігін ғұрыптық тұрғыдан Х.Арғынбаевтың [15] еңбегінде осы некелесу рәсімдері туралы бірталай тұжырымдарды негізге алдық.

Фольклор арқылы бүгінге жеткен жырлардағы сүйіспеншілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік мәселелері жазба әдебиеттің де ең басты, ең негізгі мәселелері санатында. Жалпы, тек қана шығарма мен өлең немесе сурет, т.б. қандай да болсын өнер туындысы махаббаттың себебінсіз тумады. Эпостағы ең алғашқы кезеңдердегі «батыр мен қыздың бірін-біріне құмартуы ғашық болу негізінде емес, уақыт аралығында әйелді керек еткендігінде», – деп санайтын зерттеуші Е.Вердиман бұл ойын әрі қарай былайша өрбітеді: «Первобытные охотники вели бродячий образ жизни и зависели от возможности добывать свежее мясо. Жили они почти исключительно в общество мужчин, поглощенный единственным, что его волновало и насыщало, - охотой. Лишь время от времени они начинали искать женщину, незаботясь, однако, о выборе» [21, 11 б.]. Әрине, бұл көнеліктің көзқарасы деуіміздің өзі ойландырады. Қайткенмен де бүгінгі

күннің өзінде де құдай жаратылысының өзі «еркек – әйелсіз, әйел – еркексіз» бола алмайтынына, олардың бір-біріне үлкен тартылыс күш арқылы ынтықтығын дәлелдейді.

Қазақ эпосындағы жар іздеу мотиві ерекше мәселе деп айтсақ та болады. Қазақ эпосындағы жар іздеудің мысалы батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе діни және тарихи эпостарда жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Егер батырлық жырларда батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немесе қыздың, әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындауы арқылы үйленсе, лиро-эпостарда қызға шынайы ғашық болу арқылы қосылады. Көне эпостарда батыр алдымен үйленуді немесе жар іздеуді мақсат тұтпайды, өзі жорыққа шығып ерлік жолында ғашық болып үйленеді. Осы көне эпостың бір ерекшелігі кейде ерді қыздың өзі таңдайды. Ал тарихи жырларда барлық жырлардағы секілді махаббат, сүйіспеншілік, сезімдік сипаттар көп көрініс беруімен бірге ұрпақ қалдыру мақсаты басым келеді деуге болады. Тарихи жырларда баяндалатын басты мазмұн халықтың өмір шындығы, шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Әлбетте, бұл жырларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси жағдайы керемдік тұрғыдан бейнеленеді.

Қазақ эпосындағы әр жанр бір-бірімен тұтастай байланысып жатса, тарихи жырлардан мұндай байланысты көрмейміз. Бірақ мұнда да ерлік жасағанда оның халықтың қамы, отбасының амандығы, әділдіктің басым түсуі жолында жасалатынын көруге болады. Батырлар жырында кейіпкер өз ерлігін жар іздеу, таңдау мақсатында көрсетсе, тарихи жырларда халықтық, мемлекеттік мүдделері басты сипат алады. Тарихи жырлардағы басты кейіпкерлер - тарихта болған адамдар, сондай-ақ, анық тарихи оқиғаларға негізделген деп есептеледі. Бұл жайында С.Сәкенов зерттеуінде былай дейді: «Батырлар жырының классикалық үлгілерінде өмірбаяндық сарындар – батырдың ғажайып болып тууы, ерекше балалық шағы, тым ерте жасаған алғашқы ерлігі, үйлену үшін жорыққа шығуы... негізгі мақсат етіп қойылған тарихи жырларда бұл сарындарға онша мән берілмейді» [22, 126 б.]. Әрине, бұл пікірмен басы бүтін келісуге болмайды. Жырларда қазақ қыздарына ерекше мән беріліп, олардың отбасында өзіндік орындары бар екені көркемдік тұрғыдан шынайы берілген. Сондай-ақ, жырдағы үйлену дәстүрі жан-жақты сипатталады.

Ал, діни эпостардың негізгі ерекшелігі мұнда діни ұстанымдар көбірек (неке қию, некеге дейінгі заңдар, т.б.) суреттеледі. Өкінішке қарай, халқымыз орын алған солақай саясаттың салдарынан халық ауыз әдебиеті мұрасының қомақты саласын құрайтын діни дастандардан ұзақ уақыт бойы көз жазып қалды. Соңғы он-он бес жыл ішінде олардың қайта жарық көріп, көпшіліктің қолына жете бастауы қуанышты жағдай.

Кезінде қазақ халқы арасында ауызша да, жазба түрінде де кең тараған діни мазмұндағы қиссалар көп болған. Діни қиссалар имандылыққа, қанағат-ынсапқа, күншіл болмауға, біреуге зорлық-зомбылық жасамауға, жетім-жесірлерге көмек көрсетуге, қайырымдылыққа, т.б. ізгі қасиеттерге үндейді.

Бұл жырларды тақырыптық жағынан Н.Келімбетов үш түрге бөліп қарастырған: бірінші топқа ислам дініне енгізу жорықтарын баяндайтын дастандар, екінші топқа өсиет, насихат көп орын алатын дастандар, үшінші топқа діни уағыздардан гөрі тұрмыс тіршілікке жақын дастандарды топтастырды. Осы үшінші топтың қатарында «Жүсіп-Зылиха» дастанын атайды. Сондай-ақ, фольклорист-ғалым В.В.Радловтың жазбаларынан да ел арасындағы кітаби өлеңдерді яғни, діни дастандарды мазмұнына қарай бөлгенін аңғаруға болады. Рас, ғалым оларды арнайы атап бөлмеген. Әйтсе де, бірінші топқа – ислам қағидаларын, екінші топқа – өсиет, насихат айтатын өлеңдер, үшінші топқа – ислам қаһармандары туралы өлеңдер деп топтастырғанын топшылауға болады [23]. Діни қисса, дастандарда жырланатын кейбір оқиға желісі көне архаикалық жырларға ұқсас келетінін кереміз. Екеуіне де тылсым күшке, құдайға, пайғамбарларға сену, аян беру, әйел адамының келеңсіз қылықтарын ібіліс ретінде санау, айдаһарлар, барсақелмес сапар шегу, сиқыршылыққа тән. Негізінен діни әдеп, шарифат ұстанымдарын насихаттау басым. Баяндалатын оқиғаның орындалуына байланысты құдайдың бар екеніне көз жеткізіп, сенімді нығайту көзделген. Сол сияқты бұл шығармалардың негізгі идеясы ислам дінін тарату, үгіттеу, насихаттау идеясын жүзеге асыру үшін пайдаланылған. Мұндай құбылыс діни дастандардың жанрлық ерекшеліктерінің бірі.

Тағы бір ерекшелігі діни дастандарда кейіпкердің үйлену сарынына байланысты неке қию, некелесу салтына аса назар аударылады. Расында да қайсібір жырды алсақ та онда тәрбие

мәселесі көрініс табатынын әркез байқаймыз. Аталған діни қиссаларда тазалықты, инабаттылықты жоғары көтеретін, үйлену мен жар іздеу мотиві аса бір көркем, ғажайып суреттеледі.

Ғалым Р.Бердібаев жанрлар арасындағы байланыс пен айырмашылыққа тоқталып, оның мынадай ерекшеліктерін ашып берген: «Егер көне, архаикалық жырларда адам баласының дүниені білуі мен тануының бұлдыр, балаң кездері, сол шақтағы түсінігі мифтік, қиялдық түрде көрініс берсе, классикалық қаһармандық эпоста алғашқы қауым ыдырағаннан кейінгі ру, тайпа мүдделері үшін күрестің тәжірибесі әсіреленіп, биіктетіліп, тұтас бейнеленсе, романдық эпоста ерлік, Отан қорғау емес, адамның жеке бастың мүддесі, махаббат еркіндігі мәселесі алғы кезекке шығады» [13, 61 б.]. Әрине, жанрлық тұрғыдан алғанда осындай ерекшеліктерді байқауға болады.

Бірақ тақырыптық жағынан бір жүйеге келтіріп қарастыратын болсақ, жанр түрлері бір-бірімен байланысып келетінін аңғарамыз. Сондықтан жалпы эпостағы жар іздеу мотивін сөз еткенде некелесу мәселесін айналып өту мүмкін емес. Сондықтан да жалпы некелесу заңдылықтарын, олардың түрлерін арнайы тақырыпшаларға бөліп қарастырған оңтайлы болады деп санаймыз.

Жар іздеу мотивіне қатысты ғылыми әдебиеттерде некелесудің мынадай түрлері келтірілген:

1. Кузендік неке

Қазақ халқы бөлелер арасындағы және жиендер мен нағашы жұрт арасындағы неке десе, этнография ғылымында кузендік (кузенный) неке дейді. Бұл некенің екі түрі болады: 1) кросс-кузендік неке (шешесінің) аға-інілерінің қыздарына не әкесінің апа-қарындастарының қыздарына үйлену, яғни нағашы мен жиен арасындағы неке. 2) ортокузендік неке (әкесінің аға-інілерінің қыздарына үйлену), яғни, немерелер арасындағы неке не шешесінің апа-сіңлілерінің қыздарына үйлену яғни, бөлелер некесі. Мұның алғашқы түрі яғни немерелер арасындағы некелесу құқы қазақ тәртібіне жат, ал екінші түрі яғни, бөлелер арасындағы неке кездесіп тұрады. [15, 131 б.].

2. Экзогамиялық неке

Экзогамный (экзо... және грек. Gamos сөздерінен шыққан - неке) туыстас, жақын ағайындар арасындағы некелесуге тыйым салу шарасы. (24, 956 б.)

3. Эндогамиялық неке

Эндогамный (эндо ... және греч. Gamos сөздерінен шыққан - неке) алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі белгілі бір қоғамдық топтың ішіндегі некелік байланыс.

4. Матрилокальды неке

Матрилокальды неке тұсында үйленетін жас жігіт өз қалыңдығының отбасына бір-екі жыл бойы жұмыс істеп беруі яғни, күйеу баланың қалыңдығы үшін еңбек сіңіруі жалпыға бірдей міндет болып табылған [14].

5. Полигамиялық неке

Полигамия (поли ... және грек. gamos алғанда - неке) (көп-некелік), топтық некені, көп әйел алушылықты білдіретін термин.

6. Полиандриялық неке

Полиандрия (поли... және грек. aner, andros - ер) көп күйеулілік, топты некенің сирек кездесетін сарқыншағы, бір әйелдің бірнеше күйеуі болуы.

7. Ортодоксальдық неке

Ортодоксал дұрыс көзқарасты адам, ортодоксия - алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын.

8. Левират некесі (әмеңгерлік заңы).

Левират (латын сөзі Levir – қайнаға, қайын іні) – жесір әйелді қайтыс болған ерінің інісіне тұрмысқа шығуға міндеттейтін некелік ғұрып.

9. Сорорат некесі

Сорорат – балдыз алып неке құру ғұрыпы.

10. Моногамиялық неке. Моногамия – бір некелі.

Қазақ эпосында осы некелесу түрлерінің барлығы болмаса да, кейбірі кездесетіні анық. Бұлардың бірқатары қазіргі тұрмыс-тіршілігімізде де бар. Енді осы некелесу түрлерінің ғылыми сипатына қысқаша тоқталып, олардың қазақ эпосында көріну белгілеріне талдау жасалық.

Эндогамиялық неке – тиісті рудан қыз алу болып саналған. Әрине, мұндағы «тиісті рудан» деген сөзді қалай түсінуге болады деген сұрақ туады. Бұған галым С.Қасқабасовтың мынадай пікірі бар: «Эндогамиялық салт бойынша рулас ағайындардың барлығы бір рудан немесе бір отбасыдан шыққан әйелдерге үйленетін. ... қаһарманның әкесі бірнеше (3,7,9,30,40) ұлына бір отбасынан шыққан сонша қызды іздейді. Оларды әрқашан табады және оның барлық ұлдары апалы-сінділерге үйленеді» [14, 126].

Ал, Ы.Алтынсариннің мақаласында: «Поскольку расселение происходило по родовым группам, невеста всегда бралась из чужого, часто, из очень далекого аула, «иногда верст за 700 и больше» [25, 23 б.], – деп өрбітеді.

Эндогамиялық неке қазақтың «Ер Төстік» ертегісі мен «Дотан батыр» секілді жырында көрініс береді. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісі мен «Дотан батыр» жырының біреуінде бір отбасында 9 ағайынды болып, ең кенжесі Төстік ағаларын іздеу мақсатында Күнікейге ғашық болып оған үйленіп, ағаларын құтқарғаннан кейін, ғашық болып үйленетін қалыңдығының отбасында да сегіз әпкесінің бар екенін біліп, сегіз ағасына үйлендіреді. Сол сияқты, «Дотан батыр» жырында да бір отбасында 40 ағайынды, оның кенжесі Дотан болып, ағалары жау қолында қамалға түсіп қалғанда кенже бала құтқаруға бару мақсатында да жарын тауып үйленеді. Үйленген отбасындағы жары ең кенжесі оның да үйінде 40 екені белгілі болып, 39 бойжеткенге ағаларын үйлендіреді. Осындай салт-дәстүрлер алғашқы қауымдық құрылыс сатысында көне үнді жырларынан да көрініс табады.

Экзогамиялық неке

Некелесудің бұл түріне қазақ эпосында айрықша назар аударылған. Экзогамия ережесі бойынша қалыңдық күйеу жағының туысқандары қатарына жатпауы тиіс. Біріншіден, неке құратын жақтар міндетті түрде бір рудан болмауы тиіс болған. Екіншіден, нақты туысқандар арасындағы жеті ата күйеу жақтан сақталған.

Осыған орай зерттеуші С.Л.Токарев былай дейді: «Экзогамия мотивировалась идеей, будто все члены рода - единоутробные братья (карындаш)» [26, 25 б.]. Әрине, бір рудың адамдары бір-бірімен кіндіктес, аналас болса (шешесі бір, әкесі басқа адамдар) яғни аналас аға-інілер немесе кіндіктес апалы-сіңілілер деп ғалымның сол кездегі түсіндіруін, қазіргі кезде мамандар барлық рулас ағайындылар яғни, туыс адамдар бола тұрса да, бір-бірімен құдаласу әке жағынан жеті атадан асып немесе басқа рудың қызын алу болмайтынына көз жеткізуге болады.

Әрине, жалпы эпостағы экзогамиялық некелесудің нақты айтылатын жеріне мысал келтіру қиынға соғады. Жеті атаға толу туралы немесе осы рудың қызы қарындасың болып келеді немесе алыс сапарға аттанып, даярланатыны белгілі. Ол туралы зерттеуші

Н.М.Мелетинский ашып айтқан: «Уже давно исследователям стало ясно между фольклорным героическим сватовством к далекой невесте и родовой экзогамией. До последнего времени алтайские роды (сёйки) были экзогамны. Эта форма брака унаследована ими от первобытного строя и вошла в комплекс самых стойких родовых пережитков в быту их сознании. В эпосе брак всегда экзогамен» [27, 259 б.], – деген нақты тұжырым айтқан. Бұны мынадай кестемен көрсетуге болады:

Алпамыс – қоңырат, Гүлбаршын – шекті,

Төлеген – жағалбайлы, Жібек – шекті,

Қамбар – арғын, Назым – ноғайлы,

Ер Тарғын – ноғайлы, Ақжүніс – кара ноғай, жанарыс, т.б.

Жеті атаға толмай қыз алыспау мәселесі өзін-өзі ақтап келе жатқанына уақыт сыны және қазіргі медицина ғылымының нәтижелері дәлел.

Қазақ эпосындағы халықтың көтеретін мәселесі тек қана тайпаны қорғау ғана емес, шешуші трагедиялық тартыстардың соңын қантөгіс болдырмауға негізделген. Әрине, батырдың алдында тек қана өзін күткен қиыншылықтар мен бөгеттерден өтіп, жеңіске жететіні айтылып қана қоймайды, сонымен бірге оның өзіндік нормаларды сақтағаны, оны орындағаны туралы да сөз болады. Осыған орай Г.И.Дзенискевичтің мына сөзінің де жаны бар десек болады: «это жесткая экзогамия, соблюдение матрилокальности брака, родовые табу, поддержание добрососедских отношений между родными жены и родственниками мужа, особый авторитет матери и др. Предупредить о жестоком возмездии за нарушение традиций: этим путем родовая группа сурово охраняет свои обычай. [28, 18 б.]. Мұндағы экзогамиялық некенін қатаң ұстануын (туыстас ағайындар, отбасы арасында некелесуге тыйым салынғандығы) ағайындар арасындағы түсінбеушіліктен қорғап отырған.

Осы некелесу заңдылықтарына тоқталған академик С.Қасқабасов бұл ойын: «Батырлық ертегілерінің басты тақырыбы ерлікпен (қаһармандық) үйлену, неше түрлі құбыжықтармен, адам жегіш жалмауыздармен соғысу, рудың, елдің намысын қорғау. Қаһармандық үйлену болашақ батырдың өзіне қалыңдық іздеп ұзақ жолға сапар шегумен байланысты болып келеді. Бұның арғы түп негізінде өз руластарының ішінен қыз алуға тиым

салатын экзогамия заңы жатыр. Оның үстіне көне заманның эндогамия заңы бойынша болашақ батыр тек тиісті ғана рудан қыз алуға міндетті» [29, 220 б.], – деп тұжырымдайды.

Үнді халықтарының некелесу дәстүрін «Махабхарата» жырынан көреміз. Осы тақырыпты үніле зерттеген Е.Вердиман былай деп жазады: «Наиболее важно было правило экзогамии - невеста не должна была принадлежать к числу родственников жениха. С некоторой условленностью «род» в древней Индии может быть сопоставлен с нашей фамилией, и, таким образом, запрещался брак всеми однофамильцами. Второе ограничение касалось уже только реальных родственников, вплоть до седьмого колена с отцовской и до пятого колена с материнской стороны» [21, 320 б.]. Осынау желілерде қайталанып келетін оқиғалар легі бойынша шығарма кейіпкері әр кезде күресу немесе таңдаудың алдында тұрады, түрлі қақтығыстарға кездесіп отырады. Көздеген мақсатына жету жолындағы кездескен кедергі атаулыны жеңу арқылы қол жеткізеді. Мұның өзі халықтың ең сүйікті кейіпкерлерінің бойынан табандылықты, мақсаттан таймауды көздейтін асыл қасиеттерді көру ниетінен туған құбылыс деп есептеуге болады. Олардың оқырманы мен тыңдарманына берер тағлымы да осында.

Полигамиялық неке

Бұл неке түрі қазақ халқының жырларында ғана емес, барлық жазба әдебиетінде де көптеп кездеседі. Әрине, некелесудің бұл түрін қазақтың қанына сіңісті дәстүрі деуге болмайды. Мұны ислам дінін ұстануға, шаригат қағидаларына байланыстыруға негіз бар. Сонымен бірге көп неке құрудың өзіндік себептері де жеткілікті болған.

Қазақ “Жалғыздық құдайға ғана жарасады” деп санаған. Сөйтіп өзіне жар болар қалыңдықты елден ел, жерден жер кезіп іздеп, түрлі қиындықтар мен кедергілерден сүрінбей өтіп қана мақсатына жету немесе қарсылас батырды жеңу арқылы өзіне жар ету ұғымы негізінен ежелгі түсінікке барып тіреледі. Ал кейіннен жырлар желісінде кездесетін көп әйел алушылық үрдісінің көрінуі ислам түсініктерінің таралуымен байланысты болған. Мысалы, «Дотан батыр» жырында кездесетін байдың 40 баласы оның 9 әйелінен туғаны, «Манас» жырында да батырдың бірнеше әйел алатыны көрініс береді. “Манас” эпосында “Батыр

Манастың Қанікейге үйленуі” тарауында: Манас үш әйел алады, үшеуіне де көңілі толмайды, “енді өзіме тең, ойымдағы қызды аламын”, деп алдына мақсат қояды.

Ойымдағы қызды алам,
Керемет пейілі кеңді алам.

Ақыл-ойы өзіме,
Үйлесетін теңді алам!

Алты жылдық зиянды,
Білетұғын қызды алам.

Ақыл қосып жаныма,
Жүретұғын қызды алам.

Жан жолдасқа жаман сөз,
Айтпайтұғын қызды алам.

Жәдігейдің үйіне,
Кірмейтұғын қызды алам.

Қылтың менен сылтңды,

Білмейтұғын қызды алам, - [30, 79 б.] – дейді Манас батыр.

Қазақ халқының үйлену дәстүрінде көп әйел алушылықтың қай кезден бастап енгені белгісіз. Көптеген зерттеушілер оны ислам дінінің енуімен байланыстырады. Біздіңше, бұл одан бұрын қолданылған секілді. Ислам дінінің келуі халық арасында бұрыннан осы дәстүрді бекіте түскен тәрізді. Олай дейтініміз өмірі жаугершілікпен өткен халықтың арасында баланы жетім, әйелді жесір қалдырмау, тезірек көбейіп отыру мәселесі басты мәселеге айналып отырғаны белгілі. Сондықтан да дала заңы көп әйел алушылыққа оң қараған деп есептеуге негіз бар. Бұл жерде де көп әйел алушылық мақсат емес, өмір қажеттігінен туғанын байқаймыз. Артынан ерер ұрпақ қалдыру мәселесі бірінші орынға шыққан. Сол себепті де бәйбішесі бедеу болса немесе қыз туа берсе, онда тоқал алатын болған. Сондай-ақ, елін, жерін қорғайтын батырды аңсаған қыздар соның жары болсам екен, одан батыр бала тусам екен деген қыздарға екінші- үшінші әйелі болса да ерсі көрінбеген. Ол сол заманның тәрбиесі деп түсінуге болады. Тағы бір жайт ол батырдың жорықтары болғанда бір байдың немесе патшаның сынынан өту немесе халықты жаудан құтқару негізінде олжа ретінде алу деп түсіну қателік, өз отбасының мүддесі ғана емес, халқын ажалдан алып қалған батырға ғашық болған ақылды қыздар менің жарым осы деп өз еріктерімен қосылған.

Архаикалық эпостарда жиі кездесетін бірнеше әйел алушылықты тарихи жырлардан да кездестіреміз. Батырлардың әйелдері кейде қырыққа дейін жететіндігін тарихымыздағы нақты деректер айтады. Мұны жаугершілік заманның шарты деуге де болатын секілді. Жаудан олжаға түскен тұтқын қыздар мен әйелдерді ерлігі асқан батырларға үлестіретін салт болған. Батырлардың әйелінің санының көбеюіне мұның да әсері болғаны сөзсіз.

Шығыс эпостары мен қазақтың лиро-эпосындағы жар іздеу мотивінде ғашықтық, сүйіспеншілік басым болып келсе, қазақтың батырлар жырының ғашықтықтан туған мотив емес, отбасын құру тілегінен туған, дәстүрлік ұғымы басым екені байқалады. Ол келешекте өзіндей, не өзінен де асып түсетін ұрпақ қалдыру тілегіне келіп тіреледі. Оған дәлел ретінде Қобыландыдан Бөгенбай, Киікбай, Алпамыстан Жәдігер, Тарғыннан Әжігерей, Айқожа, т.б. тарайтынын келтіруге болады. Бұлардың кейбіреулері ерлігін әкесінен де асырып жібергені дәлел.

Ал “Айман мен Шолпан” жырында бірқатар ерекшеліктер бар. Қазақ халқының көрнекті лиро-эпикалық (балладалық) жырларының бірі “Айман-Шолпан” эпосында да салт-дәстүрдің қатаң түрінде екі жастың бағын байлаумен басталып, бірақ қыздардың ақылдылығымен қызға үміткер батырдың қателігін түсіндіреді. Егер басқа жырларда батырлар өз елінің қызына қорған болып, ерлігімен танылса, Көтібар оған қиянат жасап, келеңсіз мінезімен танылады. Жырдың алғашқы жолдарында-ақ “болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ” деген сөздерді оқимыз. Осы сөздің ауырлығын көтере алмаған Маманның қорлыққа әкетілуіне оның сөзін сөйлер айбарлы ұлы жоқтығы да себепкер екені аңғарылады. Үлкен дауда батырдың олжалаған Маман байдың екі қызы Айман мен Шолпан ер мінезді қызығарлықтай ақылдылықтарымен танылады.

Айманның Көтібардан алпыс күнге дейін неке кимауға рұқсат сұратып алуы да көне жырларда ұшырасатын тәсілдің бірі. Сондай-ақ, батырдың бірнеше әйел алатындығы туралы айтылады.

Жоғарыда тоқталып кеткендей, батырлардың бірнеше әйел алу мақсаты өзіндік себептерінен туындайтыны туралы қазақ жырларында түрлі үлгіде көрініс береді.

Ортодоксальдық неке

Ортодоксальдық (алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын) некелесу. Бұл некелесу түрі қазақ халқының салт-дәстүрінде кездеседі. Бұған мысал ретінде екі отбасының бір-бірімен құда түсу арқылы ұл-қыздарын үйлендіруін айтуға болады.

Қазақ эпосында жар таңдауға байланысты көптеген салт-дәстүрлердің орындалуы бейнеленіп отыратыны байқалады. Бұл туралы ұлы жазушы, ғалым М.Әуезов: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады» [31, 284 б.], – деп тұжырымдайды.

Болашақ ұрпағының тағдырын ойламайтын жан жоқ. Өмірдің мәні – ұрпақ өрбітуде. Ал зерделі, дені сау ұрпақ өндіруде болашақ жардың шешуші роль атқаратыны даусыз. Мұны қазақ халқы «Алып анадан туады, ат биеден туады» деп тұжырымдайды. Соған орай белгілі бір заңдылықтарды қатаң ұстанған. «Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш», «Есік көргенді емес, бесік көргенді ал», «Анасын көр де, қызын ал», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық» деген мақалдар өмірдің өзінен ойып алынған. Осыны қағида ретінде ұстанған. Сондықтан адам өміріндегі осы бір аса нәзік, аса шетін мәселе қай жырды алмасаңыз да, оның негізгі өзегін құрайды. Олардың мазмұнынан халықтың ұғым түсінігін, танымын, салт-дәстүрін танимыз. Қай жырды алсаңыз да жайсаң жар, аяулы жансерік іздемейтін батыр жоқ. Әр отбасының тілеуі, ер жігіттің арманы осыған саяды. Қазақ ер баланы түтінін түтетіп, шырағын сөндірмейтін, ата жолымен ұрпағын жалғастыратын тұлға санайды. Ал қыз бала жат жұрт үшін жаралған тағдыр иесі. Сол себептен қазақ эпостарында батырдың ерлігі, халқын қорғауы арқылы жерін сақтап қалуы, жар іздеуі, т.б. іс-әрекеттері суреттеле баяндалып, жастарды дәстүрлі тәрбиеге бағыттайды. Атап айтатын болсақ, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «ЕрТарғын», т.б. жырлары осыған айғақ бола алады.

Зерттеуші Е.М.Мелетинскийдің мына сөздерінен қазақ эпосындағы ортодоксалдық некенің кездесетінін көреміз: «Ортодоксальный брак заключался без уплаты выкупа за невесту, и очень часто браку предшествовал сговор родителей в то время, когда дети были малолетними или еще не родились. [27, 266 б.]). Бұл қазақтың «бесік құда» деген салтымен сәйкес келеді.

Бурят эпостарын зерттеген Г.Д.Санжеевтің «Все невесты в бурятском эпосе оказываются predeterminedными для данных героев-жениха свыше волею богов, волею судьбы (заян), который подчинены даже сами могущественные боги и богини; кроме того, оказывается, что родители сговариваются о сватовстве еще задолго до рождения своих детей» [32, 28 б.], - деген пікіріне ден қойсақ, осында айтылғандардың қазақ жырларынан да кездесетіне көз жеткіземіз. Мысалы, Бурят халқының ертегісінде мынадай сөздерге тоқталып кетейік: «Хан-Гужир говорит отцу невесты: «Отец мой сказал мне, что когда вы были молоды, однажды на охоте вы дали обещание породниться (стать зятьями) и, чтобы скрепить этот договор, разменялись мясом, зараженным на рожне и вы оба съели это мясо» [33, 65 б.]. Мұндай сарынды қазақтың дастандарынан да кездестіруге болады. Мәселен, «пешенеге жазылған» (предназначенность) сарыны қазақтың «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Күлше мен Назымбек», «Құлқаныс пен Зеберше», т.б. жырларынан көрінеді. Күлше мен Назымбектің сүйіспеншілігіне Жаныс байдың антын бұзуы, қоныс шалғайлығы себеп болады. Бұл ретте жыр «Қозы Көрпеш» жырымен сабақтас. Алайда соңғы жыр Баян трагедиясымен бітсе, мұндағы оқиға сәтті аяқталады. Сондай-ақ, ғашықтарды өз қолымен қосатын хан баласы «Орақа-Күлше» дастаны мен «Айман-Шолпан» жырындағы Көтібар батырдың екі ғашықтарды қосып, аттандыруы ұқсас келеді.

Балаларының туылмас бұрын серттесін құдаласуын қазақ фольклортануында қазақ эпостарында кездесетін салт-дәстүрлерді алғаш зерттеп ғұрып сөзін бірізділікке түсірген ғалымдардың бірі – А.Байтұрсынов [34, 131 б.]. Ол бұған дәлел боларлық жанрлар түрін тойбастар, жар-жар, беташар, некекіяр, т.б. деп жіктеп берген. Фольклорист ғалым М.Ғабдуллин атастыру дәстүрінің белқұда, бесік құда, қарсы құда деген түрлерін бөліп қарастырған. Осыған орай жыр бойында үйлену салт өлеңдері мен дәстүрлерінің қызметі ерекше. Қазақтың үйлену салтына байланысты туған өлеңдері мен ғұрыптарды жоғарыда атап өттік. Мысалы, белқұда дәстүрі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында, ал «Алпамыс батыр» жырында бесік құда дәстүрі жақсы сақталған.

Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Қарабай мен

Сарыбайдың не ұлы, не қызы болмаған. Күндердің күнінде, екі байдың бәйбішелері жүкті болады. Осы тұста екі бай аң атуға шыққанда, бетпе-бет кездесіп, былай дейді:

...Алдынан буаз марал өрген екен.

Біреуі ұл, біреуі қызды болса,

Құдай қосса, біз қостық деген екен - [35, 182 б.] – деп бір-біріне ант беріпті. Сонымен бірге Майкөт ақынның айтуынан «Алпамыс батыр» киссасында: «Сенен ұл, менен қыз туды, енді екеуіміз құда болалық», – деп уәделеседі. Құдалықтың белгісі деп, беттеріне ұн жағып, құйрық-бауырдан дәм татады.

«Құлқаныс пен Зеберше» жырындағы екі жастың үйлену хикаясы да қызықты өрбитінін көреміз. Мұнда екі жастың ата-аналары балалардың жас кезінен құда түсуі айқын көрініс береді. Сондай-ақ, кейін көрші Жайсаң шаһарында Қауас падишасы Төлен деген мақтаншақ ұлына Құлқанысты көріп баласына әперуді ұйғарады. Содан, Өтенге келіп Аппакшаның ұрлықшы екенін айтып, қызы Құлқаныс Зеберді ұнатпайтынын айта алмай жүр деп әкесін алдайды да, оның көңілі Төленте екенін айтып, жаушы жібереді. Бұл жырда да халықтың үйлену дәстүрінің жаушы жіберу, құдаласу секілді түрлері көрініс табады.

Сол сияқты қыз таңдау сарыны бауырлас қырғыз халқының арасына да кең тараған. «Манас» жырындағы эпизод құда түсуді суреттеген кәдімгі реалистік көріністен басталады. Темір ханның Қаныкей деген тамаша бір қызы бар деп естіген Манас пен оның батырлары Манастың әкесі Жақыпты құда түсуге жібереді. Мәселен, Қараханның қызы Қанікейді айттыра барған Бақай Бұхар қаласының хан сарайына барғанда сөзді былай деп бастайды:

Ырысы тар адамға

Әр күн даушы келмей ме?!

Ырысы тасыған адамға

Күн сайын жаушы келмей ме?!

Құдалықпен келдім мен,

Маңдайым жарық болса екен.

Менің асыл қыраным

Томағасын алмапты,

Дуадаққа топшы салмапты.

Сізде бір сұңқар бар екен

Сар алтындай салмағы.
Қыз біткеннің саңлағы.
Соған «сырға» салсам деп,
Құлдық ұрып, мал беріп,
Келін етіп алсам деп,
Қайырыла келдім еліңе! [30, 33 б.] – дейді.
Ал «Алпамыс батыр» жырындағы жаушының сөзі:
...Екі тектің баласын
Ептемекке келгенмін.
Елдестірмек елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан,
Құсқа салған аңшымын.
Сізде қыз бар, бізде ұл,

Қызыңа келген жаушы мен... [36, 13 б.] – деп өріледі. Қазақ эпостарында құдалардың құдалық сөздері астарлы, жұмбақ, тұспалмен айтылған. Тенеулер көп кездесетін болған, қызды аққуға, жігітті сұңқарға тенеген: екеуі аспанда жалғыз-жалғыз ұшып жүр, реті келсе, қанаттасып, бірігіп, биіктеп ұшса болар еді деген. Немесе: «сізде лашын бар, бізде сұңқар бар. Сол лашынды сұңқарыма ілдірейін деп едім» дегендей тұспал сөздер айтылған. Бұл – ұл ержетті, қыз бойжетті, бозбала бізде бар, хаса сұлу сізде бар, жекжат болайық дегені.

Ғалым Р.Бердібаевтың: «эпос үшін дұшпанның аты емес, «заты» кажет. Сондай-ақ батырлар жырында «пәлен соғыста түген батыр ерекше ерлік көрсеткенін» дәл білу міндет саналмайды. Эпостағы қаһармандар көбінше өмірдегі болған адамдардың емес, ел түсінігі бойынша болуға тиісті жандардың бейнесін елестететіні осыдан» [37] деген пікірі қозғап отырған тақырыбымызға дәлел.

Сонымен қатар, кейбір жырларда қазақ қырғыз халықтарында өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктерін байқауға болады. Қобыланды мен Алпамыстың үйленуі «Манас» эпосындағы Манастың үйлену тарихына жақындығы көрінеді. Алпамыстың әкесі Байбөрі Сарыбаймен құда болса, Манастың әкесі Жақып Бұхар ханы Темірмен құда болып, он екі қыздың кенжесі Қанікей Манасқа күйеуге шығады. Алпамыс сияқты Манас та ұрын бару шарттарын орындайды. Бірақ көзге түсер бір өзгешелік Байбөрінің құдасы Сарыбай Алпамысты жалғыз деп қызы

Гүлбаршынды бергісі келмей, басқа жаққа ауа көшсе, «Манас» эпосында мұндай эпизод жоқ. «Манас» жыры мен «Алпамыс» жырындағыдай құда түсу жайлары «Қобыланды» жырында сөз болмайды. Алпамыс пен Қобыланды батырлық қақтығыстықтары мен әрекеттерге үйлену жолында тап болады. Қобыланды батыр бақан басындағы теңгені атып түсіруі арқылы Көктім ханның шартына орай, Құртқа сұлуға қолы жетеді.

Қазақ жырларындағы үйлену салт-дәстүрлері аса әсерлі бейнеленген. Ұл мен қызға деген құрмет, өмірдің келемежденген оқиғаларына қарамастан дәстүрдің ұстанатыны туралы анық айқындалады.

Полиандриялық неке

ПОЛИАНДРИЯ бұл топтық некелесудің сирек кездесетін түрі. Мұнда әйелдің бірнеше күйеуі болады, әдетте олар туыстас адамдар болып келеді. ХІХ ғасырда бұл некелесу түрі алеуттерде және эскимостарда ұшырасқан. Солтүстік Үндістан мен Тибеттің кейбір тайпаларында кездеседі.

Меланзия, Африка тайпалары, сол сияқты Суматра аралында мұсылмандыққа қарамастан қазіргі кезге дейін өздеріне күйеу таңдау құқы әйелдерге берілген. Сол сияқты, полиандрия қалдықтары (көп ермен некелес болу) Үнді халықтарының кейбір аудандары мен Тибет халықтарында әйелдер бірнеше ағайындылармен некелесуін қазіргі кезде де кездестіруге болады. [21,11 бет]

Осы келтірілген тұжырымдардан эпостарда ана билігі кезеңі мен ата билігі кезеңдерінің кейбір белгілерін, ұшқындарын көруге болатынын байқаймыз.

Әмеңгерлік неке

Неке құрудың ең көне түрі қазақ арасында әмеңгерлік (левират) және балдыз алу (сорорат) әдет-ғұрыптары бойынша үйлену тәртібі эпостарда да көрініс береді. Мұндай дәстүр “Алпамыс батыр” жырында да көрініс береді. Батыр қарсыласымен жауға аттанғанда інісі Гүлбаршынға үйленбек болады.

Осы сюжет бойынша Е.М.Мелетинскийдің пікірлеріне тоқталсақ: “Измена побратима в этом сказании, вероятно, восходит к старому, связанному с левиратом или другими пережитками группового брака. Но в рамках данного сюжета измена трактуется как нарушение законов побратимства, дружбы и

взаимной помощи богатырей и в таком перосмыслении выражает осуждение распада патриархальных связей” [39, 292 б.].

Әрине, бір елдің керемет сұлу бойжеткеніне іштей ғашық болып жүретін жігіттер болады, бірақ сол қасындағы қас жауы өзіне де басқаға да жоқ деген ұстаным ұстауы әрине, жырдың осындай трагедиялық қорытындысына әкеліп соқтырады.

Қазақ халқының ғашықтық жыры «Қыз Жібектің» бұдан соңғы сюжеттерінде Жібектің жанындағы қоршаған қара күштердің әсері суреттелген. Уәде бойынша келер жазда келермін деп кеткен Төлегеннен ешбір хабар болмайды, соған қарамастан, Жібек Төлегенді сегіз жыл төзімділікпен күтеді. Арада өткен уақыт екі ғашықтың отын сөндіре алмайды.

Бірақ, Сансызбайға Жібек қосылды ма, жоқ па дегенге, жыршылар екі түрлі аңыз айтады. Бірі: Қыз Жібек пен Сансызбай қосылған жоқ, тек ұзақ жолдың үстінде бара жатыр десе, ал екінші бір жыршылар «еліне аман келді, қырық күндей той қылып, Сансызбай Жібекті алды» деп, бір-бірімен қиылыспайтын екі сызықты күшпен қоса салуға құштарлық көрсетеді. Қыз Жібек басқалар үшін аспандағы жарық жұлдыз болса да, жердің тартылу күшінен құтылмайды.

Енді ол Сансызбайға, өзінің қайын інісіне қосылудан өзге жол жоқ екенін түсінеді. Әлбетте әмеңгерлік салты қазақ арасында ертеден қалыптасқаны, әйел “ерден кетсе де, елден кетпейді” деген қағиданы ол заманда ешкім ерсі көрмейтіні белгілі...

Мәселен, Х.Аргынбаевтың айтуынша, «Ең көне топты некенің сілемі ретінде ертедегі хундарда бұл әдеттер тұқым үзілуін болдырмай әркімнің үрім-бұтағының әрі қарай созылуын қамтамасыз ету мақсатын көздесе, кейінірек таптық қоғамдағы товарлы ақша айналымының дамуына байланысты оған тек тұқым сақтау мақсаты тұрғысынан емес, экономикалық тұрғыдан да қарайтын болды. Бұған қазақ өмірінде әмеңгерлік және балдыз алу әдеттерінің қалыңмал, жасау және мал-мүлкіне байланысты іске асатындығы анық айғақ болғандай», – дейді. [15, 145б.] Қазақтар құдалықты қыз бен жігіттің қосылуы емес, екі отбасының туыстасуы деп санайды, демек күйеу мен қалыңдықтың біреуі өлген жағдайда да құдалық бұзылмайды. Күйеу өлсе, қалыңдық оның бойдақ бауырына тиеді, ал егер бірге туған бауыры жоқ болса, жақын аталасына тиеді, яки “аға өлсе – жеңге мұра,

ат өлсе – сауыры мұра” деген қағидаға бағынады. Егер күйеу көзі тірісінде қалыңдығына келіп-кетіп жүрген болса, онда қалыңдықты қара жамылдырып жігіт ауылына әкеледі, ол бір жыл жігіттің орнында аза тұтып отырады, сосын жігіттің інісіне немесе өлген күйеудің ата-анасының көңілін аулап “аза” мал әкеледі.

Жар іздеу мотивінің өзегін құрайтын некелік қарым-қатынастар мәселесін сөз еткенде өзге де түрік тектес халықтардың халық ауыз әдебиеті мұраларында кездесетін аталған тақырыптың сөз болу жайын қарастырудың берері көп. Бұл түп-тегі бір халықтың баршасына ортақ сюжеттік желілердің ғасырлар ауысуына, олардың бір-бірінен оқшау өмір сүруіне, құндылықтар жүйесінің және наным-сенімдерінің өзгеруіне орай әрқилы нұсқада жырлануын анықтауға сеп болады. Айталық, түркі халықтары біздің дәуіріміздің сегізінші ғасырынан бастап ислам дініне ден қойып, кейіннен оны тұрақты ұстана бастаса, олардың ішінде кейбір шоғыры көне шамандық наным-сенімдермен шектеліп қалды. Соның салдарынан өзін қоршаған ірі ұлттың мәдени ықпалына түсіп, өздерінің тілі мен дәстүр-салтынан айрылып, өзге ұлтқа жұтылып кеткен халықтар аз емес. Міне, заманалар көшінің әртүрлі кезеңінде орын алған осынау жәйттердің де біз сөз еткелі отырған ортақ әдеби мұраларды салыстыра тексеру барысында айтар жыры мен ашар сыры аз болмайды.

Осыған орай, қазақ эпостарында жар іздеу сарынының тарихи тамыры тереңге бойлайтынына көз жеткіземіз. Қай эпосты алсақ та, батырлардың бойынан да, ол тандаған жардың бойынан да жоғары адамгершілік қасиеттерді, дегдарлықты, сөзге тұратын далалық мәрттікті көреміз. Олар үшін адамгершілік қағидаларынан аттау атымен жат. Бұл жоғары қағидаға жауы да сақ тұрған. Батырлар жырының берер тағлымы, таратар өнегесі осында.

Түйіндей айтқанда, тегі мен тілінің, ділі мен дінінің бір болуы аталған жәйттерде ұқсастықтардың мол болуына жағдай жасайтын факторлар қатарын толықтыруымен бірге тіршілік салтына, шаруашылық қалпына, жер ыңғайларына қарай бірқатар ерекшеліктерінің де бой көрсетіп қалатынын жоққа шығаруға болмайды. Некелік қарым-қатынастарға арқау болар жар іздеу мотивінде кездесетін осынау ұқсастықтар мен ерекшеліктердің көріну сипаттары алдағы тарауда кеңінен тарата баяндалады.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Батырдың жар іздеу мотиві жер жүзі халықтарының барлық ауызекі шығармаларында бар десек қателеспейміз деуге болады. Бұл сарын көркем түрде дамыған ертектерде, көне дәуірдегі батырлық және ғашықтық жырларда да кездеседі. Тіпті, дүниежүзіне жайылған ірі діндерде де жар іздеу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл әлем халықтарының баршасына ортақ фольклорлық сарын болса керек. Біздің бұл ойымызға ғалым Т.Сыдықовтың төмендегі пікірі дәлел. «Батыр жігіттің өзіне тең жар-жолдас іздеуін, бұл ретте жасаған ерлік істерін жырлау қазақ эпосының ғана тақырыбы емес. Ол бүкіл дүниежүзілік эпоста (Одиссей, Манас, Жолбарыс тонды батыр, Гэсэр және т.б.) молынан жырланған тақырып» [42, 99 б.].

Әлем халықтарының эпостарында үйлену салтына байланысты жорықтар басты орын алады. В.М.Жирмунскийдің зерттеулерінде батырдың қалыңдығын іздеп баруы туралы мынадай ойлар айтылады: «Брачная поездка героя в тюркских и монгольских богатырских сказках нередко сохраняет весьма архаические, сказочно-фантастические черты. Сказочная красавица, «суженая» героя - небесная дева, живущая на краю света; на пути к ней герой пересекает непроходимые горы, леса и водные рубежи, сражается со сказочными чудовищами; испытанием его доблести являются трудные и опасные поручения, которые будущий тесть возлагает на соискателей руки его дочери» [43, 226 б.]. Бұдан өзіне лайық жарды жердің шетінен іздеу, «күн мен жердің түйісетін», «барса келмес жерден» іздеу сарыны, әсіресе, түрік-монғол жырларынан көбірек кездесетінін байқаймыз.

В.Я. Пропптың жоғарыда аталған еңбегінде орыс халықтарының үйленуі, яғни құдаласу дәстүрі туралы «Садко», «Михайло Потык», «Иван Годынович», «Дунай», «Козарин», «Соловей Будимирович» жырларында кездесетіні айтылады. Ал «Алеша Попович және Елена Петровишна», «Хотен Блудовия» сияқты жырларда құдаласудың тым көне дәстүрі сипатталады. Орыс халқының «Алеша Попович и Елена Петровишна» жырында екі ағайынды жігіт өз қарындастарын қамап, қамалының есігін темір тордан жасап, оны неміс құлпымен құлтптағаны айтылады.

Бұл ертегілерде жиі кездесетін жеті қабат жер астындағы зынданды елестетеді. Ертегілерде қызды көбінесе мыстандар мен айдаһарлар қамап ұстаса, мұнда мыстан мен айдаһар орнында ағалары болып отыр. Олар қамалдағы қарындасын ешбір батырдың бұза алмайтынын мақтан етеді. Зерттеуші орыс халқының жергілікті тұрғындарының арасындағы орын алған қайшылықтарды, салт – дәстүрін, заңдылықтарын толығымен көрсете білген.

Көне үнді халықтарының архаикалық эпостарында жар іздеу мотивтері жиі жырланған. Мұнда көне эпикалық батыр бірінші орынға қалыңдығын іздеуді қояды. Қалыңдығының басқа өмірмен байланысы, батырдан мықты және қайталанбас болып келеді. Батырдың қалыңдығын ұрлап кетуі (құбыжық, дию, табиғаттың тылсым күш иесі, т.б.) елін талқандап кетуі болып табылады. Батыр құбыжықты жеңіп өз қалыңдығын қайтарып алу мәселесін ғана шешіп қоймайды, сонымен қатар халқының тыныштығын құбыжықтан қорғап қалатын батыр атанады.

“Махабхарата” жыры бастан-аяқ сезім мен махаббатқа құрылған. Жырдағы сюжеттің көркемдігі көз тартады. Өмірдегі қателіктер мен бір-біріне жасалынған қиянаттар, т.б. іс-әрекеттердің босқа кетпейтіні, иесін іздеп табатыны туралы ұғымдар нанымды суреттелген. Бұл жырда көне үнді халқының наным-сенімі, дәстүр-салты жақсы бейнеленген. Оның Еуропа халықтарының жырларында суреттелетін жар іздеу мотивінен басты ерекшелігі қарғысқа ұшыраудың қапы қалдырмайтыны жайлы түсінік. Яғни, қарғыс алған жастардың бұл өмірде бақытқа жете алмайтыны жыр оқиғалары арқылы орайлы көрініс табады. Бұл жерден біз қазақ эпостарында кездесетін түсініктермен етенелікті де байқаймыз.

Енді біз қазақ эпостарындағы жар іздеу мотивтерінің қалайша көрініс табатынына, олардың түрлеріне тоқталайық. Бұл ретте Ш.Ыбыраев қазақ батырлық жырларының сюжеттік инвариантындағы үйленуге байланысты мотивтерді былайша жіктейді.

1-сюжет. Кейіпкердің үйленуі.

а) Қалыңдық туралы хабар /қалыңдығын іздеуі/.

ә) Қалыңдықпен сынға түсу, белдесу, бәсеке.

б) Жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

2-сюжет. Жаудан қалыңдықты азат ету.

а) Қалыңдықтың тұтқынға түсуі, болашақты болжау, батырдың жары, түс көру, белгі берілуі.

ә) Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның, бәсекелесетін немесе күлдың үйленуге ниет етуі.

б) Қалыңдықпен жасырын кездесу /"Қобыланды/ немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейіпінде келу /"Алпамыс/.

в) Күрес /жарыс/ үстінде кейіпкердің танылуы.

г) Қалыңдығын алуы.

3-сюжет. Ғашығын (қалыңдығын) іздеп табуы.

а) танылмай келуі.

ә) қарсыластарын жеңуі (бәйге, күрес, мергендік).

б) әйелмен елге келуі.

д) той [2,247 б.].

Ал академик С.Қасқабасов «Жаназық» деген еңбегінде қазақ эпосы кейіпкерлерінің үйлену үшін әртүрлі сынақтан өтетініне және оның өзі бірнеше кезеңнен тұратынына тоқталады. Ғалымның көрсетуінше, батырлық жырының бас қаһарманы үйленуіне катысты мотивтердің жалпы жүйесі: «кейіпкердің сұлу қыз жайында естіп (кейде түсінде көріп), оған ғашық болуы немесе құрсақта жатқанда атастырған қалыңдығына үйленбек ойы бар қарсыластарымен күш сынасуы, соғысып, қызды жаудан құтқаруы» [29, 462 б.], – деп қарастырған.

Осы жұмыста батырдың жар іздеу мотивіне байланысты ғалымдардың еңбектері мен жалпы жырларды жан-жақты зерделей келіп, қазақ эпосында көрініс тапқан мотив түрлері мен ондағы инициация түрлерін топтастыруды ұйғардык. Қазақ эпосындағы батырдың жар іздеу немесе таңдау мотивіне байланысты мынадай тақырып түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Батырдың тотемдік хайуанға үйленуі;

Түс көру арқылы өзінің жарын табуы;

Қызды жеңген батырға тұрмысқа шығуы;

Батырдың жар іздеп жолға шығуы;

Батырға жар таңдап беру (әкесі, анасы, інісі, қарындасы, т.б)

Қалыңдығын алып қашу, (Батырдың қалыңдығын алып қашу мотиві);

Өз әйелінің тойына келу мотиві;

Сырттай ғашық болу мотиві.

Осыған орай, аталған тақырыптарға негізделе отырып, батырдың іздеген жарына қосылуы мынадай инициация түрлері арқылы іске асады:

батыр қыздың немесе әкесінің сынынан өтеді, ұрын бару, құда түсу, жаушы жіберу, т.б. салттары орындалады.

Енді біз батырдың жар іздеу немесе таңдау мотивтерін аталған тақырыпшаларды қазақ эпосында жанрлық тұрғыдан бөліп таратып көрелік.

АРХАЙКАЛЫҚ ЭПОС ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВІ

Қазақ эпосы неғұрлым көне болса, қаһарманның жар іздеу жолында алуан түрлі қиындықтарды жеңе отырып, ерлік көрсету арқылы жарына қолы жететіні туралы айтылады. Жырдың көнелілігін шығармадағы кейіпкерлердің наным-сенімдеріне, адамдардың түсініктеріне, бір керемет тылсым күшке сенуіне қарай топшылаймыз. Ондағы оқиғалар негізінен мифтік әрекеттерге арбауға, наным-сенімге байланысты өрбіп отырады. Осы күрестің айналасында жалмауыз, пері, дию, т.б. кейіпкерлер төбе көрсетеді. Қалыңдық іздеу, белгісіз қауіп-қатері мол қиын сапарға аттану негізгі желі болып тартылып жатады. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша қаһарманның қандай да болмасын мақсатта сапарға шығуын көрсету, эпикалық аңыздардағы ең ескі сарын болып табылады.

Алғашқы дәуірінде адам санасында жануарлардың арасына шек қоймаған. Көне дәуірдегі адамдар өздерін бұғыдан, бөріден, киттен тарадық деп түсінген. Қырғыз халқы өздерінің тотемі бұғы деп санаса, түркі тайпаларының тағы бір тотемі – бөрі. Осы көне сенімнен туындаған тотемдік мифтер кейінгі дәуірлердегі жан-жануарлар жайлы ертегілердің бастау алар көзі болды.

Ал осыған байланысты батырдың тотем хайуанға үйлену мотивін қарастыратын болсақ, бұл мотивтің қазақ жырларында көптеп кездесетінін аңғарамыз. Ол, «Асан қайғы», «Ер Едіге», «Құламерген, Жоямерген», «Құбығұл», т.б. шығармаларынан көрінеді.

Архайкалық эпосқа жататын жырлар туралы ғалымдарымыздың әртүрлі пікірлері әлі де талас туғызатыны анық.

С.Қасқабасов «Қазақтың халық прозасында» «Құламерген», «Еділ, Жайық», «Таласбай мерген» сияқты жырларын архаикалық батырлық ертегінің негізін қалаған хикаялар деп қарастырады [44, 219 б.]. Сол сияқты, «Жоямерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Мәлік батыр», «Арық мерген» шығармалары жанрлық белгілері бойынша ежелгі эпостарға жатқызылуда. Бұлардың қатарына «Мұңлық-Зарлық» жырын да қосуға болады [2, 296 б.].

Атақты тарихшы-этнограф М.О.Косвен былай деп жазады: «Тотемизм (ағылшын тілінде *totem* «оның тегі») - это убеждение в существовании связи человека с каким-либо животным (это - преимущественно), растением, иногда неодушевленным предметом, либо даже явлением природы». [45, 157 б.]. Ал, орыс ғалымы В.Я.Пропп «Тотемизмом мы называем такую религию, при которой человек обожествляет животное, считает его существом более совершенным, чем он сам» [46, 241 б.], – дейді.

Алайда эпостың қиял-ғажайып ертегілерден елеулі айырмашылығы бар. Мәселен, көне эпостағы кейбір жырларында қыздың немесе жігіттің өзімен күші асқан жігітке, қызға ғана тиемін деп шарт қоюы, батырлардың іздеп, таңдап, үйленген сұлу жарлары су перісі, ешкінің, қасқырдың, жер асты, су асты, жыланның немесе дикудың қыздары да болып келеді. Бұл көне эпоста қиял дүниесінен гөрі өмірде негізі бар мифтік тотемдік көзқарастар деуімізге болады. Оның үстіне қиял-ғажайып ертегілерде бас қаһарман қандай қиыншылықтар болса да соңында жеңіске жетеді. Ал көне эпоста әрқашанда бұлай емес. Қаһарманның өліп-тірілуі, түрлі күштерден жеңілуі, трагедиялық жағдайларға ұшырауы жиі кездеседі. Қазақтың көне жырларының негізгі желісі де батырдың үйлену сюжетінен құрылады. Көне эпос сюжеттерінің ішіндегі ең кен таралғаны батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары және осыған байланысты түрлі сынақтан өтуі. Бұл сюжеттің іштей өрілу жолдары әр жырларда вариант, версияларының өзінде түрліше болып келе береді. Әрине, адам және хайуанаттардың немесе түрлі мифтік кейіпкерлердің қосылуы ерікті түрде емес, көбінесе осылардың бәрінің амалсыз қолға түсіп қалуынан.

Осы қарапайым ғашықтың қалыңдығын іздеу соншалық тартыспен күреске алып келу себебі де түсінікті. Рулық түсінік, діни нанымдар, дәстүрлі ғұрыптар адамның өміріндегі жолы мен

міндетін күн ілгері белгілеп қойған заманда кейіпкердің өз тілегін жеке аңсарын айтудың, сол жолда өзгелердің пікіріне кереғар барудың күрделі кедергілер мен орасан оқиғалар тудыратынын көреміз. Ерте кезде жастардың еркін махаббаты төте күрделі жолды, табиғи түрде шешілместей қиын түйін болған. Сол себептен де жырда олардың өзара мәселесі ғажайыптың, қиялдың, ерекше күштің, «жебеушінің» көмегіңсіз мұратқа жетпейді.

Аталған белгілерді бертіндегі «Ер Едіге» жырынан да ұшыратамыз. «Ер Едіге» жыры былайша баяндалады: баяғы өткен дәуірде Баба-Ғұмар деген әулие болады, бір қызға көзі түседі, көз тигеннен қыз жүкті болады, ұл табады, оның атын Бабай Түкті Шашты Әзіз деп қояды, ол жиырма бес жасқа толғанда, Аған дариясына барады, дария жағасында алтын шашын тарап отырған бір сұлу қызды көреді, қыз жігітті көріп, суға сүңгіп кетеді. Бабай Түкті Шашты Әзіз де бірге сүңгиді, дарияның астында алпыс ақ отау тұр екен, соған кіреді, ай десе аузы, күн десе көзі бар, керемет көркем қызды көреді, екеуі бірін-бірі ұнатып ерлі-зайыпты болады.

Ал «Құламерген, Жоямерген» жырындағы үйдің иесі – ер кісі адал жан, әйелі оның көмекшісі, тілеушісі деген ұғым эпоста жүйелі оқиғалар үстінде жақсы көрініс табады. Жер астының патшасы Жыланбектің қызы Күнсұлуды Жоямерген неше қилы ауыр сындардан өтіп барып қана алады. Ал, «Құбығұл» жырындағы түсінде көрген қызға ғашық болып, сондағы ханның қызы Ақбілектің «кел» деп шақыруы жас жігітті қайрап, тілегін әлденеше рет қайталауы күллі оқиғалық байланыстардың дамуына себепкер болады. Қаһармандардың әрбір әрекеті күн ілгері түс көру арқылы мәлімделіп жатады. Көне дәуірлерде адамға қаскөй күштердің жылан, айдаһар формасында көрінуі мейлінше табиғи еді.

Бурят халқының бұл эпосында қаһармандық жырларға тән нышандар да толық. Бұған тағы да мысалдар келтіруге болады. Өзі аспан әміршісінің ұлы, жер бетінің азаткері Гэсэр жер астындағы су патшасының қызы Алма мергенге үйленеді. Міне, осының өзінен де эпоста адамдардың аспан, жер, су әлемі туралы көне ұғымының көрінісі байқалады.

Архаикалық эпостың түрлі нышандарын кеңірек тануға қажет материал туысқан халықтар фольклор мұрасынан көптеп

табылады. Зерттеушілер башқұрт, татар халықтарында бірдей сақталып келген «Заятөлек пен Сусұлу» (башқұртша Хыуқылыу) аңызының бірнеше нұсқасында архаикалық эпосқа тән белгілер ұшырайтынын яғни, су иесі, су анасы туралы көне сенімдер орын теуіп келгенін айта келіп, эпос батыры Төлектің су патшасының қызына ғашық болып, қаһармандықпен мұратына жеткенін осы ескі ұғымдарға байланыстырады. Эпостың көнелігін көрсететін сипаттар ретінде мұнда жеке отбасылық мақсаттың өріс ала бастағаны, батырдың жас кезінен асқан алып болып танылуы, батырлық үйлену салты, т.б. келтірілген.

Ғалым Л.Я.Штернбергтің нивх (гиляк) халықтарының ертегілері бойынша мысалдарды келтіретін болсақ: «Герой этих сказок – обычно безымянный «одии нивх», т.е. «один человек». Контакт с духом или тотемным животным большей частью происходит во время охоты или рыбной ловли и приносит удачу охотнику – рыболву. Охотник рыболов вступает в любовные или родственные отношения со зверем или антропоморфным духом-хозяином либо оказывает ему услугу и заслуживает его благодарность. Брачные отношения с мифическими существами, благодарность зверей - обычный мотив архоических сказок» [40, 74 -75]» – дейді.

«Ер Төстік» және «Дотан батыр» жырында бірқатар ұқсастықтар кездеседі. Олар ағаларын іздеп, ұзақ жолға шыққанда оған «құралайды көзге ататын мерген», саққұлақ, желаяқ, көзбайлаушы» жолдас болады. Олар көп қиыншылықтан осылардың көмегі арқылы өтеді. В.Я.Пропп пен С.Қасқабасов бұл кейіпкерлерді «рух иелері» («духи-хозяева») деп атаған. Ғалым С.Қасқабасовтың: «Мұндай рух-иелер бейнесі, олар туралы түсінік қазақ мифологиясында да сақталған. Мәселен, «Көл иесі – Қамбар –ау!» «Шөл иесі – Қамбар-ау!» немесе «Су иесі – Сүлеймен, Алладан тілек тілеймін» деген эпоста жиі кездесетін поэзиялық тіркестер қазақ елінің ежелден сақтап келе жатқан мифтік ұғымдар. Осы тектес әр алуан рух-иелерді ертегілерден, хикаялардан да кездестіреміз. Мысалы, әйгілі «Ер Төстік» ертегісіндегі Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар сияқты мифтік кейіпкерлер сол баяғы дәуірдегі рух-иелер. Олардың әрқайсысы – әр нәрсенің иесі: Желаяқ – желдің иесі, Таусоғар – тауға қожа, Көлтауысар – көлдің иесі. Әрқайсысы тек өз

құбылысының қожайыны, басқа әлемге билік жүргізе алмайды, бөтен қожаның жеріне бармайды. «Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ!» – деп, олар Ер Төстікпен қоштасып, қала береді.

Әрине қазақ фольклорындағы бұл бейнелер баяғы рух-иелердің мифологиялық сипатын сақтаған ежелгі кейіпкерлер емес. Олар көп өзгеріске ұшыраған. Дей тұрғанмен, мұнда көне мифтік ұғымдардың ізі бар екені күмәнсіз» [29, 303 б.], – деген пікіріне алып қосарымыз жоқ. «Дотан батыр» Құбанбайдың ұлдары қалыңдық іздеуге бет қойғанда айналада қандай ел бар екенін білмейді. Олар үшін дүние толған жұмбақ, ашылмаған құпия секілді. Кенесші болатын дана қарттар бейнесі түрлі ел эпосында-ақ көрініс беретіні белгілі. Мыстан жас баланы жеті жылдық жолға, Шынтемір ханның қызын алып келуге жұмсайды.

Менен сен соны әпкелсең құтыласың.

Болмаса тағы қайта жұтыласың.

Күнікейдің сұлулығы артық дейді,

Соны әкелсең түседі ықыласым, – [47, 151 б.] деген екен мыстан. Жырда Дотан мыстанның әмірімен Күнекейді алып келуге барғанда ғашық болып, мыстанның тапсырмасын орындамауға бел буады. Бұл жерде Күнекей де батырдан кетері емес. Қызға ғашық болып қалған батыр өзіне әйел тауып қана қоймай, ағаларын да құтқарып әйел алып бергені жырда жақсы суреттелген. Шынтемірдің Дотанға қыз бермеу әрекетіне мұнда да мыстан кемпір кедергі жасайды. Бұлай болуы табиғи, мұның өзі адамдар санасында наным-сенімдік ұғымдар, сиқыр күштер құдіретіне сенушілік ұзақ сақталатынын көрсетеді.

«Дотан батыр» жырында Күнекейдің алыстан жас батыр келе жатқанын күн ілгері түсінде көріп, болашақты болжауы да ескі анимизм түсінігіне, адам ұйықтағанда жаны ұйықтамайды дейтін ұғымға тікелей байланысты.

Сондай-ақ, жырда Дотанның жырақ жолға бет қоюы еркінен тыс, зорлық әмірмен болып тұр. Сол сияқты, басқа жырлардағы оқиғаларда кездесетін қыздың немесе оның ағалары мен әкесінің небір сындарына батыр төтеп беріп күші мен ептілігін көрсетіп жатса, бұл жырда Шынтемір хан қызын Дотанға бергісі келмей, сылтау тауып, түрлі шарттар қойғанда сол жарыстардың бәрінде де Дотанның серіктері озып шығады: жаяу жарыс желаяқ, жамбы атуда мерген алдына жан салмайды.

Қыз әкесі қызын кім көрінгенге бермейді. Есі мен ерлігі тең түсетін, ақылы мен айласы қатар жүретін, батырлығы мен парасаты кем соқпайтын жанды іздейді. Бұл үшін арнайы сынақ белгілейді. Кейде сынақты қыздың өзі өткізеді. Сынақтан аман өткен жігітке ғана қыз тұрмысқа шығады. Қызды жеңген жігітке тұрмысқа шығу мотиві батыр қыздардың өзіне лайық ер іздегенін көрсетеді. «Қорқыт ата» шығармасында қыздың жігітке шарт қоюы, екеуінің сайысы анық көрсетіледі. «Қам Бурабек ұлы Бамсы Бәйрік» жырында жігітке қыз бетіне перде тұтып барып, «Ол саған көріне қояр қыз емес» – деп бірнеше шарт қояды. Ат жарыстан, оқ атыстан, күш сынасудан жеңген соң ғана келісім беріп, қолына жүзік салдырады. [48, 146 б.].

Мұның қыз алу кезіндегі ер жігіттің неше түрлі сынақтан өтуі, оның ішінде қыздың арнайы сынақ ұйымдастыруы матриархат дәуірінен елес береді. Мұны басқа да әлем халықтарының жырларынан да көруге болады. Мысал ретінде Амазонкаларды атасақ та жеткілікті. Ана еркі дәуіріндегі «Амазонка күні» дәстүр бойынша мереке болған. Бұл күні әйелдер демалып немесе қызықты кештер ұйымдастыратын, ал еркектер әйелдердің барлық жұмысын орындауы керек болған, тамақ әзірлеуден бастап балаға қарауға дейін. Аңыз бойынша амазонкалар көрші еркектермен жылына бір рет қана кездесетін болған. Қыз сынақ арқылы өзінің күшіне сай, ақылына лайық келетін жар таңдайды. Ер жігіт осындай талапқа шыдау үшін орасан күшке ие болуы тиіс. Оның өзі ұрпақты жалғастыру мақсатын көздеген.

Сондай-ақ «сваямвара» дәстүрі бойынша, келісім арқылы топтың қызы үйленуге жігітті өзі таңдаған, батырлық сайыста қызды жеңген жігіт күйеуі саналған. Бұл дәстүр Индияның кейбір аймақтарында сақталған. Мұндай үйлену салтында жігіт пен жауынгер-қыздың күш сынасуы қазақтың діни эпос түріне жататын «Дариға қыз» жырының сюжет желісіне ұқсас келеді. Күйеу сынау ғұрпы батыр қыздардың дәуірі асып тұрған заманда болса керек.

Ғалым Р.Липец жауынгер-қыздар туралы: «Девка-богатырка как будто образец независимости. Но фактически-то она достается обычно герою после победы над нею, и дальше вступает как пленница, так же как и побежденный в поединке мужчины. Если она не теряет богатырскую силу, то большей частью как

бы отказывается от ее применения, и активность воительницы утрачивается... т.е. становится мирными женами и матерями» [49, 58 б.], – дейді. Клавдия Элиан сақтардағы бұл дәстүр жайлы: «Подобный обычай был известен у саков: «кто из саков хочет женится на девушке, должен вступить с ней в борьбу. Если верх в борьбе остается за девушкой, побежденный борец становится ее пленником и поступает в ее распоряжение; только поборов девушку, может юноша взять ее в свою власть» [49, 23-24 бб.], – деген пікірі жоғарыдағы жайды жандандыра түседі. Ер жігітке осындай талапқа шыдау үшін орасан күшпен қоса, ақыл-айла да керек. Дегенмен, қыз бейнесі ер жігіт бейнесінен өзгеше. Ер жігіттің дүниеге келуі халықтың тыныштығын сақтайтын жан келуімен өлшенеді. Әйел адамның өмірдегі рөлі басқаша. Сол себептен халық фольклорында нәзік жанның батырларша соғысқа аттануын құптамайды.

Ал, алтайлық «Маадай-Кара» эпосында батыр қиын тапсырмаларды орындағаннан кейін қалыңдығымен үйіне қайтады. Қалыңдықтың әкесі он өрімді алтын қамшыны сыйға тартады. Туындықтар салт-дәстүрі бойынша қамшы әр адамда жалғыз ғана болуы тиіс екен де, оның білдіретін өзіндік ырымы барлығын көрсетеді, яғни, атының сәтті болуы, бақыт пен малының көбеюін білдірген. Егер қамшыны қайтарып алса, оның бақытсыздыққа ұшырауын білдіреді. Қазақ халқының үйленуге қатысты салт-дәстүрінде де қамшының орны ерекше деп атауға болады. Шешен халқы беташар дәстүрінде қыздың бетін пышақпен ашатынын айтады. Ол халықтың мінезінің өжеттігін көрсетеді. Ал, қазақ халқының қайсібір фольклорлық жанрын алмасақ та, онда өнерге деген құштарлық айқын сезіліп тұрады. Беташар бойынша келіннің бетін ашқанда кей жерлерде домбырамен ашса, кей жерлерде қамшымен ашатын дәстүр бар. Ол өнерлі болсын, ібіліс азғырмасын деген терең философиялық тұжырым береді. Сондай-ақ, мифологиялық түсінік бойынша үйдің төрінде ілініп тұратын қамшы ібілістен қорғайды деген сенім бар.

Жар іздеуге қатысты кездесетін мотивтердің келесі бір түрі – батырға жарды әкесі, анасы, інісі, қарындасы, т.б. таңдап бсруі. Әрине, эпостағы батырдың жар іздеу мотивіне байланысты кейбір жағдайлардың міндетті түрде жақын-туыстар арасында

болатын келіспеушіліктер (әке-бала, бала-шеше, күйеуі-әйелі, ағасы-інісі, ағасы-қарындасы) сияқты отбасылық арақатынастар нормаларына, тайпаның әр кезде араласуымен, олардың трансформациялануы (өзгеру, өзгертілу, ауысу) яғни, қарым-қатыста болатыны генетикалық тұрғыда көрінеді.

Көне жырларда батырдың үйленуі кең көлемде, сан-түрлі оқиғалардың басын құрайды. Бурят эпостарында жиі кездесетін инициация қалыңдықты батырдың әпкесі таңдайтыны кездеседі.

Яғни, көбінесе шешесі жақтағы туысқандар (шешесі, әпкесі, кейбір жағдайларда шешесінің бауырлары) болып келсе, ал, ат таңдау, т.б әкесіне немесе батырдың ағасына байланысты болып келеді. Мұнда қазақтың архаикалық эпостарындағы батырдың үйлену сюжеті екі негізгі типтен құралатынын көреміз, яғни қалыңдықты інісі және әкесінің іздеу мотиві немесе батырдың жарын өзі іздеуі мотиві болып табылады.

Тұңғыстардың эпикалық дәстүрінде інісі ағасына әйел әперсе, ненецтердің жырларында ағалары кіші інісіне қалыңдық таңдайды, құда түсіп қызды алып қайтады. Ал “Қорқыт ата кітабында “қалыңдықты жігіттің әкесі іздейді (Қан-Төрәлі туралы жайындағы жыр). Әкесі баласына жар таңдайды. Баласы әкесіне: “Әке, үйлендірер болсаң, маған қандай әйелдің сай келетінін біліп ал. Алған әйелім өзіменен бұрын тұратын, атқа менен бұрын мінетін болсын. Мен тәуірлер еліне аттанар болсам, оған әйелім менен бұрын жететін болсын және жаудың басын алып, алдыма тартатын болсын”, – депті. Әкесі баласының айтқанын орындайды. Бірақ қыздың әкесі үш шартымды орындаса ғана қызымды беремін деген талап қояды. Бала сыннан сүрінбей өтіп, мұратына жетеді.

Орыс эпосындағы жар іздеу мотивінің аясы тар деп айтсақ болады. Орыстардың эпосындағы қаһармандықпен үйлену мотивтері туралы белгілі ғалым В.Я.Пропп өзінің «Морфология сказки», «Русский героический эпос» деген еңбегінде түбегейлі зерттеп, ертегі қаһармандары өздерінің іс-әрекеттері, түр-тұлғасы жағынан біркелкі болып келетіндігін дәлелдеп шыққан болатын. Осы жағдай батырлық эпоста да байқалады. Мұнда батырлардың керемет күш иесі ретінде өз жарларын іздеп жүрін үйленуі эпостардың бірінен біріне көшін жүрген мотив.

В.Я.Пропп орыс эпосының кейіпкерлері – Садко,

Михайло Патык, Иван Гозиневич, Дунай, Казарин, Соловей Будимировичтерге тоқталып, үйленудің ерекшеліктерін талдап көрсеткен. Әр жырдың қайсібірін алмасақ та, олардың көлемді бөлігі батырдың үйленуіне арналғанын көрсетеді. Орыс жырларының бір ерекшелігі батыр өз алдына тапсырманы орындауға кетіп, сол тапсырманы орындау барысында өзіне жар тауып, құдаласып үйленетіні көрінеді. Сонымен бірге қалыңдығы жәдігөй, сиқыршы, арбаушы болып келетіндігі. Сол сияқты кеңінен танымал эпикалық мотив түрі – некеге дейінгі жарыс.

Мәселен, Дунай жырында батырдың келісімі бойынша өз әйелімен жебе ату сайысына түседі. Басына сақина қойып, соны атып түсір дейді. Бұл жердегі мотив батырдың қайтпас мінезімен бірге оның даңғойлығын да көрсетпек болады. Бұл сынды уақыты өтіп, көнерген ғұрып деп қарастыруға болады. Адам санасында мұндағы бәсекелестің бір-біріне қояр талабы не деген заңды сұрақ туындайды. Әлде, бұл үйленуге дейінгі екеуінің қаншалықты неке заңдылығына сәйкестігінің дәлелі ме екен. Ал, аталған жырларда екі қалыңдықтың некеге отырғаннан кейін бір-біріне сыйыспағандықтары айтылады: мысалы, әйел күйеуін өз қарсыласына сатып, қарғысқа ұшырайды. Содан кейін бірнеше сыннан өткеннен кейін ғана қайта үйленуге мүмкіндік алады («Михайло Потык», «Иван Годинович», «Дунай») жырындағы әйелінің болашақ жарымен бәсекелесуін өзінің жарына тең екенін көрсетуден, оның батырлығын елге әйгілеуден туған деп санауға болады. Бұл сюжеттің ерекшелігі – некелесу сынын ұйымдастыру мен қалыңдығын жазалауға негізделуінде. Қазақ эпосында мұндай сатқындық кездеспейді.

Будан байқайтынымыз – ғашықтық, сезім, махаббат жүрген жерде оған ешнәрсенің де кедергі келтіре алмайтындығы. Қазақ эпосында әйелдердің батырларды сыннан өткізуіндегі орыс эпостарынан ерекшелігі олардың ер адамнан артықтығы немесе үстемдігі дәріптелмейді. Мұнда қыздардың батырды сынап, өзіне лайық жар таңдауды мұрат еткені айтылады. Мұның қазақ қыздарының көрінген көк етіктілің артына ере бермейтінін, олардың ақылдылығын, парасаттылығын, тектілігін дәріптеушіліктің басым сипат танытатынын байқаймыз. Сонымен бірге бұған байланысты: «Батырдың да танымайтын қызды өзіне жар болады деп шешуі де бір жағынан ақымақтық па?» және

«Әлде тек ешкімге тең келмес сұлулықты таңдағаны ма?» – деген сұрақтар тууы мүмкін. Егер екі елдің ер жүрек, батыл да қайратты ер жігіті мен ақылды да өжет қызы бір-бірінің сынынан өтіп немесе шынайы ғашық болып үйленіп жатса, оларды құдай қосқан жар десек қателеспейміз.

Ал нивхылық эпостың басты сюжеті қалыңдығы үшін күрес болып табылады. Батыр өз қалыңдығын жаудан алады, жауы құбыжық болып табылады. Құбыжықты жеңіп, қалыңдығын алып қайтады, нивалық эпостардың барлығында негізі осындай оқиғалар құрайды. Сонымен қатар мұнда батырдың өз қалыңдығын ешқашан көрмегені туралы айтылады. Жырларда кездесетін қалыңдықтың ешкімге тең келмес сұлулығы туралы нивхылық эпостарда мүлдем айтылмайды. Тек кейбір жағдайда ғана оның қолданған әшекейлері туралы әңгіме айтылады, оның сұлулығын сипаттау сонымен ғана шектеледі.

Айта келе, архаикалық эпостардағы үйлену немесе жар іздеу мотивінің өзіндік ерекшеліктері бар:

- батыр жолға шығу мақсаты (отбасы мәселесі, жын, пері, жалмауыз, т.б тапсырмасын орындау) арқылы қалыңдығына ғашық болады.

- батыр – күш иесі, тіпті жалғыз өзі жауды қырып тастайды, қарсылас жауы (тылсым күш иесі);

- батырдың үйленетін сұлу жары – су перісі, ешкінің, қасқырдың, жер асты, су асты, жыланның немесе диюдның қыздары, батыр қыздар болып келеді;

- кейде батырға қалыңдықты әкесі, інісі, т.б. таңдайды;

- эпоста қиял дүниесінен гөрі өмірде негізі бар мифтік белгілері басым келеді;

- батыр өз (үйлену) мақсатына ғажайыптың, қиялдың, ерекше күштің, «жебеушінің» көмегіңсіз мұратқа жетпейді. Яғни, рух иелері (таусоғар, саққұлақ, желаяк, т.б.);

- кейіпкер түрлі хайуанаттарға айналып, болмаса, жан-жануарлардан адамға ауысып отыруынан да байқалады;

- қалыңдығы түс көру арқылы батырдың келе жатқанын күні бұрын көретіні туралы көрініс береді;

- бас қаһарман қандай қиыншылықтар болса да соңында жеңіске жетеді.

БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВИ

Эпикалық сюжеттің байланысы көбінесе бас қаһарманның бұрын өзіне белгісіз, бірақ болашақ тағдыры үшін шешуші мәні бар хабарды естуінен басталады. Батырлар жырларының ішіндегі халыққа кеңінен танымал және көп зерттелген шығармалардың бірі «Алпамыс батыр» жыры болып саналады. Бұл жыр барлық түрік халықтарына ортақ мұра болып табылады. Ол қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарында кездеседі және оны әр халық Алпамыс, Алпамыш, Алпамша, Алпамыша и Барсын-Хыллу, Алып-Манаш деп те атайды. Бұл жырдың қай тілдегісін алсақ та, идеясы жағынан айырмасы жоқ.

Жыр тек қана тайпа мәселесі немесе елін, жерін қорғап қана емес, адамның жеке басының мүддесі мен махаббат аясын да да қарастырған. Ал, оның ертерек кезде туғандығын аңғартатын негізгі мотивтің бірі қалыңдығын іздеу жолындағы аттанысы.

Жар іздеу мотивіне байланысты ортақ үйлесімдерін қарастыратын болсақ, мынадай тұжырымдарға тоқталуға болады.

Мысалы, Алпамыс пен Гүлбаршынның бір-біріне үйленуіне септігін тигізгендер. Сарыбай (Байсары) мен Байбөрі достықтарының жалғастығы (барлық варианттарында) деп бір-бірімен құдаласады. «Біреуімізден ұл, біреуімізден қыз туса, екеуіміз құда болсақ», – дейді. Сарыбайдың Гүлбаршын атты қызына бесік құда болады. Алпамыс 10 жасқа келгесін-ақ ел басқарып әкім (бек деп те атаған) болады.

Егер бір версияда Алпамыстың сонынан ерген інісі жоқ, жетім Ұлтанға (әменгерлікпен) қор болар, қызымды бермей, жер ауып көшейін десе, екіншісінде екі байдың көкпарда біреуінің таяқ жеп күлкіге қалдырды деп ренжуінен туады. Менің баласыз екенімді бетіме басты деп назаланады [36, 9 б.] Көп жерде қарақалпаққа көшіп кеткен десе, кейде Қалмақ елінен [5(228 б.)] деп те атайды.

Байсарының ауылдан көшіп бара жатқанда Гүлбаршынның анасы Алтыншаш көшуге қарсы болып, ренішін білдіреді.

Майкөт ақынның «Қисса Алпамыс батыр» вариантының бірінші бөлімі Жиёмұрат вариантының бірінші бөлімімен салыстырғанда ат бәйгесі, күрес, қыздың сөзі, жаушылық, т.б.

жок. Қалмақтың ханы да, батыры да Қараман болады. Қараман Гүлбаршынды зорлап алмақшы боп жатқанда Алпамыс келеді. Қалмаққа қарсы күресте Алпамысқа шектілер де көмектеседі. Қараман мен Алпамыс еш жерде достаспайды, Алпамыс жеңілген қалмақ еліне Сарыбайды хан сайлап қалдырады да Гүлбаршынды алып қайтады. [50, 53 б.].

Жиёмұрат вариантында жоғарыда аталғандардың, яғни Тайша хан мен Қараман Сарыбайдың қызы Гүлбаршынға жаушылық жіберуі кездеседі. Гүлбаршын елінде қалған Алпамысты іздеп келер деген үмітпен ханның да, Қараманның да елшілеріне жауап қайтарады. «Алты ай өткесін бәйгі тігемін, қырық күншілік жерден кімнің аты озып келсе, кім болсын мейлі, соған тиемін» дейді. Мұнда Алпамыс пен Қараман дос болады. Бәйгені жеңіп Гүлбаршынды еліне алып қайтады.

С.Мұқанов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының мазмұн, композиция сюжет желісін жан-жақты талдап, «Алпамыс» эпосымен (Жиёмұрат версиясы) көп жағдайда бірдей келеді деген тұжырымға тоқталған. Ол: «Екі шығарманың екеуінде де Гүлбаршын мен Баян сұлу алыс елге қоныс аударып, көшіп кетеді. Осы жырлардың екеуінің де басты кейіпкерлері өздерінің атастырған адамдарын іздеп, солардың артынан сапар шегеді» [7], – дейді.

Әрине, бұл жырдың көп жағдайда ұқсастықтары бар екенімен келісуге болады. Бірақ тарихтағы түркі тілдес халықтарына ортақ жырлардың шыққан тегі бір болуы мүмкін деген болжаммен түбегейлі келісе алмаймыз. Мұндағы жырдың әр заман кезеңінде туғаны, халықтың психологиялық хал-ахуалы, кейіпкерлердің іс әрекеті, мақсаты бір болғанымен, әңгіменің композициялық, сюжеттік желісі, образдардың өздері әртүрлі орныққаны байқалады. Кейіпкерлердің аттарының өзгеруі ежеқабыл дәстүріне байланысты. Олардың жар іздеу мотиві бір болғанымен, біреуінде жар іздеу мақсатында ерлік істері басым да, біреуінде ғашықтық сезімі басым болуы және оқиға желісі әртүрлі, талаптары мен мақсаттарына жетуі, армандарының мүлдем басқа жолдарымен орындалуы белгілі.

Осы уақытқа дейін «Алпамыс батыр» жыры туралы айтылған пікірлер аз емес. Эпостың жар іздеу мотиві туралы әлі де зерттеуді қажет етеді. Қазақ эпосының қазіргі таңда жаңа жағынан көрініп

жатқан еңбектері де аз емес. Сондықтан осы жырларға сүйене отырып айтылатын да, ашылатын дәлелдер көп және де қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі деп санауға әбден болады.

Эпостарда кездесетін сарынның бірі – негізгі кейіпкердің мақсатына жетуі жолында көмекшілерінің болуы. Бұл батырдың қарапайым адам емес екендігіне бір дәлел болса, екінші жағынан, оның ісінің ақ екендігін көрсетеді. Сонымен бірге батыр қаншама алып күш иесі болса да, жаратқанның жәрдемінсіз мақсатына жете алмайды деген ой жатады.

Қазақтың Біржан, Мұрын, Айса, Мергенбай, Нұрпейіс секілді ақын-жыраулары жырлаған «Қобыланды батыр» жырының да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, Қобыланды Құртқа туралы Естемістен, Бек деген жылқышыдан, әкесі Тоқтарбайдан (Айса жырында) естиді... бұл жырдың әр нұсқасында әртүрлі айтылады. Құртқа бірде Тәуіпханның, Көктім ханның, Дау Маманның қызы болса, Айса жырында Құртқа Көклан деген кемпірдің сұлу қызы болады.

Тағы бір нұсқада батыр кімде-кім қара тасты қақ айырса немесе шойыннан құйылған дінгекті садақтың оғымен қақ айырса, «кім де кімнің өнері асса, қызын соған бермек, – деген жарлықты естиді. Бақан басындағы теңгені атып түсірген адамға сұлу қызын бермек болады. Қобыландының қарсыласы Көкеман жеңілгенін мойындамайды, ат шабысы мен алтын жамбыны атуын сұрайды. Бірақ Қобыланды осы жарыстарда да жеңіске жетеді. Егер кейбір варианттарда Қобыланды Құртқа жайлы біреуден естіп барып үйленсе, Нұрпейіс ақынның вариантында Қобыланды ата-анасының рұқсатын алып, Құртқаны үйіне әкеледі. Құртқаны алмақ болып жатқан қалмақ батырлармен ұрыс ашып, оларды жеңеді. Мұндағы бір ерекшелік, егер басқа жырларда екі жастың қосылуына әйтеуір не жігіт жақтағы ата-анасы немесе қыз жақтың ата-аналары баталарын бермей үйленуіне қарсы болып, алыс жаққа қашып немесе барса келмес жаққа кетсе, мұнда ондай қарсылықтарды кездестірмейміз. Жырда Қобыланды айлакер, тапқыр әрі батыр ретінде суреттелсе, Құртқа ажарына ақылы сай ару ретінде бейнеленген.

Сонымен, «Қобыланды батыр» жырының барлық варианттарында Қобыландының жұрт алдында батыр атануы Құртқаны алуынан басталады. Бұл жерде садақтың оғымен

жамбыны атып түсіру батырлыққа емес, мергендікке жатпай ма? – деген сұрақ туады. Сондықтан жырда батырдың күштілігін көрсету үшін оған жамбыны ғана атқызбай, қара тасты, кейде шойыннан құйылған дінгекті қақ айыртады. Садақтың оғымен қара тасты (я шойын дінгекті) қақ айыру Қобыландыны өте мықты алып батыр етіп көрсеткені. Мұндай сюжеттерді қазақ халқының жырларында ғана емес, әлем халықтарының эпостарынан да байқауға болады. Мәселен, Одиссей өзіне Пенелопаны жар ету үшін бірнеше адаммен жаяу жарысқа түсіп, озып келеді. Армян эпосының кейіпкері Давид Сасунский Хандутхатун аруға үйлену жолында сол қызды алам деп таласқан көп жігіттермен күш сынасады. Гэсэр (Бурят эпосының кейіпкері) Рогмогоаға, Иван Царевич Еленаға, Алпамыс Гүлбаршынға үйлену үшін сол қыздарға қоятын бірнеше шартын (садақ ату, күресу, ат жарыстыру, жаяу жүгіру, темір сындыру, т.б.) орындап барып мақсаттарына жетеді. Кейбір жырларда батыр өз тапсырмасын орындау мақсатында өз қалыңдығына кез болып ғашық болу мақсатында үйленетін жырлар да кездеседі.

Қобыланды Көкләннің алып дәулерін де жарыста жеңіп шығады. Бір көлдің суын бір-ақ ұрттай салатын, қолдарына үлкен-үлкен тауларды ойыншық етіп ұстап жүретін алып дәулерді Қобыландының жеңуі, оның жаратылысы ерекше, бойында асқан күші бар батыр екендігін көрсету үшін асыра гипербола келтіріледі. Мұндай батыр ел шетіне қандай жау шапса да оған қарсы тұруға жарайды, ондай жауларды жеңе алады, сөйтіп, еліне қамқор болады деген негізгі идея көтеріледі. Жыршы ақындар Қобыландының туысын, балалық шағын, Құртқаға үйлену жайын айта отырып, мұның бәрі батырлық іске даярлық дегендей қорытынды жасайды.

Сондай-ақ, Манас өзі үйленгенше талай қақтығыстарды басынан кешіреді. Батырлық әрекеттерге барады. Қарсы келген Алоеке, Саурық, Несқара сияқты жаулары оған төтеп бере алмайды. Қазақ эпостары «Алпамыс» пен «Қобыландыда» мұндай эпизодтар кездеспейді. Алпамыс пен Қобыланды батырлар қақтығыстар мен әрекеттерге үйлену жолында тап болады.

Сол сияқты «Қамбар батыр» жырының да өзіндік ерекшеліктерін айтып өтуге болады. Егер осыған дейінгі жырлар екі ғашықтың әлеуметтік жағдайлары тең, бақуатты боп келсе,

Қамбар мен Назымның жағдайлары екі түрлі – бірі кедей, бірі бай қызы болып келеді. Осыған орай, басқа жырларда батыр мен қыз атастырылып, бір-бірін іздеу жолында кедергілерге тап болса немесе ажары асқан сұлуды аламын деушілер арасында сынақ өткізілетін болса, бұл жырда Назым өзіне үміткер жігіттерді ұнатпағанын әкесіне айтып әлі де сүйген жарын күтетінін сылтау қылады. Сондай-ақ, егер батыр қызды алу мақсатында оның сынынан өту барысында қыздың алдына барып тапсырмаларды орындаса, Қамбар Назым сұлудың алдына бармайды. Сондай-ақ, қазақ халқының қызына құрметпен қарайтын «Қамбар батыр» жырынан көре аламыз. Қыз әкесі де, ағалары оның еркіне қарсы шықпайды, айтқанына құлақ асады.

Ал, «Шынтас ұлы Төрехан» жырында Егізбай мен Сегізбайдың Төреханға қастық жасаудағы басты мақсаты қызды өздері иелену болса, Мұрын жырау нұсқасында Ханбибі ағасының жауын өзіне жар ету мақсатында бірге туған бауыры Төреханды өлтірмек болып әрекеттенеді.

Осы нұсқаларды зерделей келе, «Қарабек батыр» жырымен «Шынтас ұлы Төрехан» жырының Мұрын жырлаған нұсқасында ұқсастықтардың кездесетінін аңғардық. Енді осыларды салыстырып көрелік. Қазақтың өзге жырларынан ерекшелігі, бас кейіпкердің ең қауіпті жауы өзімен бір әке, бір шешеден туған қарындасы болып шығуы.

«Қызын берсе қолынан аламыз...»,

Бермесе еліне ойран саламыз...», [47, 81 б.] – деген «Қарабек батыр» жырындағы қалмақ ханының қазақ қызына ғашық болып, жар ету мақсатында жолға шыққанын суреттейді. Бұл жырда Кәдірханның жалғыз ұлы Қарабектің ерекше батырлығы мен үш қызының керемет сұлулығы көркем суреттелген. Үлкен қызы Ханбибінің сұлулығына тең келер жан жоқтығы тартымды беріледі. Жырда қарындасы мен ағасының арасындағы күйзелісі нанымды суреттеледі. Қарабек өз туған қарындасының абыройын ойлайтын, батыр ретінде бейнеленсе, Ханбибі қара басының қамын ойлайтын опасыз адам болып суреттеледі. Қалмақ ханы Қараман өз мүддесі жолында ешнәрседен тайынбайтын жан ретінде көрінгенімен, дала заңын ұстанған мәрттіктен де кенде емес екендігі байқалады.

Бір күні қалмақ батыры Қараман түс көреді. Түсінде айдай

Сұлу керемет бір қызбен мерекеге батып жүргенін көріп:

«Өлсем де осы қызды іздеймін» – деп жиылып сапарға шығатынын айтады.

Желігіп жау дегенде жөнеледі,

Басына ғашықтық кез келеді енді.

«Өлсем де Ханбибині іздеймін» – деп,

Қараман он мың қалмақ жөнелді енді. [47, 81 б.]

Қарабектің ата-анасы жаудың келе жатқанын біліп баласын жалғыз жібереді. Расында да он мың қолға қарсы жалғыз өзінің шығуы кішігірім ертегілік жағына басымдау десек те батыр қулығын асырып, Қараманға:

Тоқтай тұр, мұнда қалмақ, маған нансаң,

Жүресің соғыс қылып ашулансаң,

Жіберуші құдалыққа отыз кісі,

Болмай ма келер күзге апамды алсаң? – [47, 96 б.] деген сөздерінде Қараман сеніп құдалыққа отыз кісі, жүз жылқысы мен тон кигізіп жібереді. Құдалыққа келген отыз кісіні мас қылып өлтірген соң інісі апасын тау жаққа апарып тығып қояды. Құдалықтың соны осылай аяқталғанына Қараман қайта қол жинап шығады. Мұнда әрине Қарабек қарсы жалғыз шығып, жеңіске жетеді. Бірақ еркіне жібереді. Сондағы апасының жасаған қателігі, өз ісіне қарсы шығып Қарабекті қулықпен қолын байлап береді. Бұл жағдайда да Қараманның сабырлығы көрінеді.

Өлім-ақ бұрынғыдан қалған жора,

Өлтірсем болар едің жалғыз мола,

Баласы Кәдірханның, ер Қарабек,

Сен ерді өлтірмеймін қызға бола, – [47, 123 б.] деп Қараман Қарабектің бетінен үш қайтара сүйіп, қолын босатып жібереді. Мұнда байқалатыны жауды жау деп санау, дегдарлық таныту. Өйткені олардың екеуі де жай қарапайым адамдар емес. Текті атаның ұлдары. Жауласқанда да тектіліктері айнымайды. Қыздың туған бауырына опасыздық жасауы да әрі-сәрі ойға қалдырады. Қыздың бұл әрекеті інісінің өзін еркінен тыс уәдеден тайып, тауға қамауына деген іштей наразылық болса, екінші жағынан Қараманға деген ынтызар сезімінен туып жатқан секілді. Сондай-ақ, әлі де ана билігі дәуірінің көрінетіні байқалады.

«Шынтас ұлы Төрехан» жырында Төрехан өзімен жекпе-жек соғысқан қалмақтың ханы Қодарқұлды жеңіп, оны тірідей

құдыққа салып, құдықтың бетіне тасты қақпақ ретінде қойып кетеді, өзі өзге қалмақтардың жолын тосу үшін аттанады.

Ағасы кеткеннен кейін біраз уақыт өткенде Ханбибі «Әке, менің жалғыз ағам Төрехан келмеді, кешікті. Маған желмая бер. Сол жалғыз ағамды іздейін, құр басым үйде отырып не етем?» - деген соң әкесі: «Бұл қарағым қатарға енген екі ағасын іздеймін дегені қандай жақсы!» - [52, 376 б.] деп ойлап, қызының жол-жабдығын қамдап беріп, аттандырады.

Қыз өзінің ағасы қырып тастаған қалмақтардың өліктеріне тап болып: «Алда, жалғызынан жабысқыр-ай, қоймаған екен, - деген ойда тұрғанда, құдықты байқап, оның қақпағын аударып тастап: «Бұл құдықта кім бар?» - [52, 378 б.] деп сұрайды. Содан кейін қыз бен Қодарқұл былайша тіл қатысады:

«Болайын шешең мен, -

Шығара көрші сен», - дейді.

«Мен шешесіз қалайын», - [52, 379 б.] деп, Қодарқұлды кесекпен ұрады. Қодарқұлдың: «Болайын әке мен», «Болайын ағаң мен», «Болайын інің мен», - деген ұсыныстарына да қыз әуелгідей жауап қайтарады.

Қодарқұл: «Болайын байың мен,

Шығара көр сен», - дегенде ғана Ханбибі:

«Қалай шағарайын мен», - [52, 379 б.] дейді де Қодарқұлдың айтқанын істеп, жауды арқанмен құдықтан тартып шығарып, үйіне арқалап алып келіп, сандыққа салып, бағып-қағып әлдендіріп, жауды өзіне күйеу етіп, ешкімге білдірмей ойнап күлумен болады.

Екі жырдағы қарындасы мен ағасы арасындағы жауыздықты, сондай-ақ «Шынтас ұлы Төрехан» жырында қарындасы мен Қодарқұл айласын асырып Төреханды қолы байлаулы күйінде елсіз жерге тастап кетеді. Сатқын қыздар образының туындауына «қасындағы әйелің мен астыңдағы атыңа сенбе» деген мақал негіздес болса керек. Әйел адамның сатқындыққа бару себебі, көбіне ғашықтық сезім, құмарлық немесе нәпсіқұмарлыққа салыну сияқты қылықтар негізінде жасалады.

Сібір халықтарының архаикалық эпосында кездесетін осындай мотивтерге тоқтала отырып, Е.М.Мелетинский: «К относительно поздним относится также популярный сюжет о жене или сестре, предешей богатыря его врагу. Измена сестры - явное отступление от ортодоксальных брачных норм, т.е. нарушения эндогамии» [39, 290 б.], - дейді.

Қарабек пен Төрехан туралы жырлардың нұсқаларында кейбір кейіпкерлердің аттары да бірдей. Екі жырдың нұсқалары ішінен тек Б.Саримановтың нұсқасында ғана батырдың қарындасы Бибі, ал өзгелерінде Ханбибі деп аталады. «Қарабек батырдың» Шөкемен жырлаған нұсқасында батырдың жауының аты – Қараман. Қараман Н.Байғанин нұсқасында түрікпен елінің батыры, Шөкемен нұсқасында қалмақтың ханы ретінде көрсетіледі. «Қарабек батыр» жырының екі нұсқасы мен Төрехан туралы жырдың Мұрын жыраудан жазып алынған нұсқасында Ханбибі қалмақ елінің адамына ғашық болып, соған қосылу үшін ағасын өлтірмекші болады. Тек Мұрын жырауда қалмақтың ханының аты – Қодар деген кейіпкер «Қарабек Батыр» жырының Бітімбаев Жаңабергеннен жазылып алынған нұсқасында да кездеседі. Бірақ Қодар Қарабектің құлы. Ол Қарабек елде жоқта батырдың жақын-жуықтарына, әке-шешесіне қорлық көрсетіп, қарындасы Қаншаны қорлықпен әйелдікке алмақшы болады.

Жар іздеу ғұрпы бойынша кең тараған сарынның тағы бірі – батырдың қызды алып қашуы. Бұл мотив те әлем халықтары эпосында кең тараған.

Үйленудің тағы бір ерекше түрін грек халықтарының эпостарынан көруге болады. Грек ойшылы Плутарх Спартаның некелесу дәстүрі жайлы: «Женитьба в Спарте происходило таким образом, что каждый юноша должен был похищать свою невесту». Спартада троян халықтары Менелая халқының әйелін ұрлағаны үшін он жыл бойы соғысқан. Некелесу үшін қызды алып қашқаны үшін батырды ресми қолдап, мадақтаған. Спартандықтар қалыңдығына ата-аналары құда түсіп қойса да, өзі ғашық болып және некелесуге келісімін берген күнде де қалыңдығын ұрлауы қажет. Ол батырдың өжеттігін, ерлігін көрсеткені.

Бір қарағанда некелесу кезінде әйел тек меншік орнына жүретін зат секілді көрінуі мүмкін: оны сыйға тартады, ұрлайды, сатып алады, сайыста, т.б. жарыстарда жеңіп ала алады. Бірақ бұдан бір жақты көзқарас тумауы керек. Осыны ескерген қазақ халқы қызды өріс санаған. Ел мен елді туыстыратын дәнекер ретінде қараған. «Қызға қырық үйден тыйым» жасағанымен, оның жасқанбай еркін өсуіне де мүмкіндік берген. Жауға шауып, өжеттігімен көзге түскен қазақ қыздары тарихтан белгілі. Тіпті ел анасы дәрежесіне көтеріліп, есімі ру атына айналған асыл аналарымыз

да жеткілікті. Мұнда да қазақ халқының табиғат заңына қарсы шықпай, әркімнің өз орнына лайық ролін белгілегенін көреміз.

Әрине, қазақ халқы ұл мен қызды талғаусыз қоса бермеген. Кейде қазақ қыздары айттыру арқылы отбасын құруға қарсы болған, оны мақұлдамаған. Бұл «Ер Тарғын» жырында Ақшаханның Ақжүніс деген қызы Тарғынға ғашық болады. Бірақ, Ақжүністі айттырып, көрші хандықтан жаушы (құда) түсуші келеді.

Ақжүніс Тарғынды шақыртып алып: «Мені бір ханның баласына айттыруға жаушы келіп жатыр. Әкем менің, ол ханның баласына бермекші болып, маған рұқсат сұрауға кісі жіберіпті. Маған ондай хан баласы таңсық емес, өзім де хан баласымын, сұлуға таңсық емеспін, өзім де сұлумын. Мен кімнің ақылы, ерлігі озса, соған барамын...» [53, 111 б.], – дейді. Тарғын Ақжүністі алып қашады.

Қайсібір жырды алып оқысаң да мұнда екі ғашықтың бірін-бірі тауып қосылуы әсерлі бейнеленеді. Әлбетте, жырлар ақылы мен көркі сай екі ғашықтың қосылуына халықтың септігі тиіп жататыны қуантады.

Жырларда ел қамқоры батырдың ең жақын досы, әрі жары тамаша сұлу, ақылды, опалы әйелдер бейнесі жасалған. Батырлар жырында көркемдігі кемел әйел бейнелері халықтың эпикалық санасы әйелдің отбасындағы, қоғамдағы орнын лайықты бағалай білген, батырлардың сүйген жарларын өздеріне тең, айрықша парасат иесі, ел мүддесін кең ойлауға кабілетті, алдағыны болжай білетін, қиын-қыстау кездерде айнымайтын, сүйгені, қосағы жолында басын өлімге де киюға әзір жандар етіп сипаттайды. Бұлар рудың, елдің бүтіндігіне септесетін дана аналар болып та елес береді.

Жалпы халықтық жырдың басты тақырыбының өзі ұрыс, жекпе-жек, сондай-ақ көшпелі ауылдың өмір салты, дәстүрі, тыныс тіршілігі болса керек.

Түркі тектес халықтардың әуел баста тілдерінің, салт-дәстүрлері мен жар тандауларының бір-біріне ұқсас болатындығын байқаймыз. Бұған халық ауыз әдебиеттеріндегі ортақ сюжеттер мен оқиғалардың қатар өріліп жүруі, көркемдік шешімдерінің бірдейлігі, дүниетанымдық көзқарастарының ортақтығы дәлел бола алады.

Эпостық жырларда көп кездесетін сарынның бірі – батырдың елден жырақ кеткен сапарында оның әйеліне әлдекімдердің көзі түсіп оған еркінен тыс үйленуге әрекет жасауы. Алайда бұл мақсат орындалмай, дәл үйленгелі жатқан күні батыр тағдырдың қалауымен тойдың үстінен түседі. Қазақтың «Алпамыс батыр» жырын терең зерттеген орыс ғалымы В.М.Жирмунскийдің: «Рассказ о возвращение героя из долголетнего безвестного отсутствия о приходе его неожиданным и неизвестным на свадьбу своей жены с соперником - самозванцем («муж на свадьбе своей жены») сохранился и двух разных версиях-новеллистическая или романической (западной) и героической (восточной). Новеллистическая (романическая) версия имеет чрезвычайно широкое распространение в фольклоре и средневековой литературе европейских народов, но в форме в значительной мере модернизированной, утратившей черты богатырской сказки, столь очевидны» [43, 220 б.], – деген пікірі сөзімізге ұштық болады.

Көбінесе, қыздың ауылына жау келіп, сұлуды берсе қолынан, бермесе жолынан алып, әйел етпекші болып отырған хан мен қалың қол жатады. Міне, осындай батырдың үйлену кезі ғана емес, өз халқының алдындағы борышы, ерлігі, сынағы болып есептеледі. Рас, жырларда мұндай сынақ тек соғысу емес күш пен тапқырлық немесе мергендік сайысы түрінде боп келеді. Қыз жақтан немесе жау қолынан әр түрі инициация түрлері орындалатынын көреміз. Айталық, Қозы Көрпеш қайын атасының еліне тазша кейпінде келіп, бақташы болуы, сөйтіп Қодармен, тоқсан серімен сайысқа түсуі де, бір жағынан осындай кәметтік сынақ, ал, екінші жағынан, оның өзінің сынағы болып есептеледі.

Ғалым А.С.Орлов «Казахский героический эпос» деп аталатын кітабында «Алпамыс» жайында жазылған арнайы тарауда қазақтың батырлық жырларындағы сондай тақырыптар мен мотивтердің Еуропа халықтарының эпостарынан да кездесетінін айта келіп, «поездка героя за увезенной невесте обстоятельства освобождения героя из темницы случайной связью его с прохожим, привлечение внимания освободительницы-девушки флейтой; принуждение к замужеству его жены; переодетый герой на свадебном пиру» [54, 95 бет], – дейді.

Сол сияқты, орыс кейіпкері Добрыня Никитычтың да әйелінің

тойына келуі мен Алеша Поповичтің сайқымазақ кейпінде келуі де осы сарынның көрінісі. Осы тектес сюжеттік ұқсастықтарды «Алпамыс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.б. жырлардан көруге болады. Егер, Алпамыс өз әйелінің басқаға үйлену тойында келсе, Көрпештің ғашығының үйіне жалшы болып келуі айтылады.

Сонымен бірге, ел билеушісінің өз қарауындағы қарашасының бірінің сұлу әйеліне кездейсоқ көзі түседі де, оның әйелін өзіне жар ету мақсатында күйеуін қиын тапсырмалармен алыс сапарға жұмсау секілді сарындар да кездеседі. Алайда ханның қалауы бола қоймайды. Қандай қиын сынақтар болса да жігіт сынақтан сүрінбей өтіп, ханның дымын құртады. Айласы бітіп, амалы құрыған хан жігіттің дегеніне көнеді. Оларды еркіне жібереді. Бұл жерде адал махаббатқа ешнәрсе де бөгет бола алмайды деген идея көрініс береді.

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВИ

Осы кезге дейін қазақтың лиро-эпосы ретінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді санаулы жырлар ғана ауызға алынып келді. Қазақтың лиро-эпосы туралы әңгіме туса, әрине, алдымен әлемге әйгілі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры еске түседі. Бұл жырдың мың жарым жылдық түркі халықтарына ортақ көне жыр екені мәлім. Сонымен бірге, лиро-эпостық шығармалардың ішіндегі ең көп зерттелген шығармалардың бірі болып саналады.

Бұл жыр туралы орыс ғалымы Г.Н.Потанин: «Қазақ эпосының шоқтығы биік туындысы, оның сюжеті көп кездеседі, бірақ бірде-бір халық оны дәл қазақтардай ғажайып жырға айналдыра алған жоқ» [55,298 б.], – деп жоғары бағалаған.

Ел арасында «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Шөже, Жанақ, Сақау, Шал ақын жырлаған нұсқаларымен қатар Қытайда тұратын қазақтар арасында тараған Дәуіт нұсқасы да бар. Жырдың алғашқы жазбаларын хатқа түсірген В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов, Ғ.Дербісәлин, Е.А.Кастанье және Н.И.Ильминский болса, XX ғасырдың басында қазақ ғалымдары Ә.Бөкейханов, Ә.Марғұлан, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев зерттеп, өз тұжырымдарын айтқан.

Зерттеуші Ы.Дүйсенбаев мынадай тоқтамға келген: «Бізге

келіп жеткен версиялары түптеп келгенде 5-6 негізгі нұсқадан аспайды, қалғандарының қайсысын алсаңыз да солардың бірін болмаса бірін қайталап отырады» [56, 22 б]. Дегенмен көне жыр әлі күнге өз мазмұнын жоя қойған жоқ. Әр ақын заман өзгерісіне қарай әртүрлі версияларына халықтың көзқарасы мен әлеуметтік, отбасылық жағдайының белгілерін сіңірген.

Аталмыш жырдың қайсібір вариантын алсақ та негізгі мотив жар іздеу болып табылады, ал оның сюжеттік желісінде ғана кейбір өзгешеліктер мен өзгерістер кездеседі.

Қыз бен жігіттің бірін-бірі «іздеп тауып» бір-біріне «ынтық» болып, талай бөгеттерден, талай қиындықтан өтіп, қосылып, айрылып және қайта қосылып мұратына жете алмай кеткен жастардың ғана емес, ата-аналардың кателіктері, достықтың соңы байлық екені анық байқалады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының варианттарының сюжеттік желісі әртүрлі болғанымен, негізгі мотиві бір болып келеді. Мысалы, барлық варианттарында бір-бірімен достық пейілдегі екі бай әйелінің қайсысы ұл, не қыз туса бір-біріне құдаласатынына серт береді. Жыр бірнеше ғасырдың жемісі болғандықтан, айтушылардың өз дәуіріне қарай икемденуіне байланысты жыр нұсқасындағы адам есімдері өзгерін отырады. Қозы Көрпеш алғашқы кезде Баянды біреулердің айтуымен ғана біледі. Бір вариантта тазшадан, екінші вариантта кемпір үшіншісінде Айбастан естиді. Сондай-ақ, Баянға қас әйелдің ісі, торғайды аңдып, ұстап алуы, Шоктеректе жатқан Қозыға жасалған зиянкестік – бәрі жыр сюжетінің бір түбірден шыққанын көрсетеді.

«Қозы Көрпеш» деп аталатын барабин татарларының шағын ертегісін қазақтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен салыстырғанда екі шығарманың мазмұн жақындығы бірден көзге түседі. Татар нұсқасында жыр Ақ хан мен Қара ханның анда жүріп кездесіп, танысуынан басталады. Осы екі нұсқа тығыз жанастыратын екінші жәйт: тайпа арасындағы қарым қатынасты нығайту үшін екі халықтың құда түсіп, туысқан жаңа одақ құруы. Сондықтан да Ақ хан мен Қара хан екеуі достықтан гөрі бала алып, бала беріскенді жөн көрді. Қозының әкесі Ақ хан кенеттен каза тауып, сәби жетім қалған шақта Қара хан бұрынғы сертін бұзып, бір түнде басқа жаққа көшіп кетеді [35, 519 б.].

Жырда көне заманның түсінігі молынан көрініс беретінін зерттеушілер атап өткен. Солардың ішінде шығарманың түпнұсқаларын салыстыра тексеріп, ондағы архаикалық нышанда анықтауға көңіл бөлген Р.Бердібаев болды. Ол «Дастанға тән архаикалық сарынның бірі қаһарманның ғажайып туысы болса, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуда» бұл да тиісті орын алған Қозының «алтын айдарлы» деп суреттелуі оның басқалардан өзгеше болмысы. Аты шулы жаулаушыларды «қан уыстап туған» деушілік тәрізді Қозыны «алтын айдарлы» деп дәріптеуі де тағдыр *артық жаратқанды* рәмзі есептелген» [57, 3 б.], – деп тұжырым жасайды. Жырдың негізгі мотиві Қозының жар іздеуі, махаббат сезімі. Ғашықтық жолында ешқандай кедергінің бөгет бола алмайтыны. Жырдың соңы қандай оқиғамен біткен күнде де, екі ғашық екі дүниеде де бірін-бірі тауып қосылды деуімізге болады. Бұған адамның, табиғат жаратылысының немесе тылсым күштің қаншалықты қарсы болғанымен, құдайдың қосқанын ешкім ажырата алмайтындығы тағы да дәлелденеді.

Өлгеннен кейін ғашықтардың ажырамау культі және олардың моласына өсімдіктің өсуі «махаббат өлімнен күшті» идеясының символы десе болады. Және оны славяндық ғашықтардың зиратында шырмауықтың шырмап өсуі немесе иван-дамария гүлінің өсуі көрініс табады. Мұндай жағдайды қазақ халқының әлемге әйгілі эпосы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан да ұшыратамыз. Олардың зиратына екі түп раушан гүлінің өскенін ел аңыз ғып айтады.

О.Қоңыратбаев «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына тоқталғанда, негізінен қазақ қыздарының осы жырдағы әлеуметтік проблемасы, неке заңы, екі жастың некелесуіне тигізетін қақтығыстары жағына көбірек назар аударған. Бұл ойын: «Қозы Көрпеш» жырының бас тақырыбы, ол қазақ арасындағы жұбайлы некенің негізгі қағидалары болған қалың мал, көп әйел алу, неке, әменгерлік, белқұда, бесікқұда сияқты әдет-ғұрып заңының қайшылығын тыю, ислам заңы құптаған жұбайлы некенің жолсыздықтарын әшкерелеу сияқты. Басқаша айтқанда, «Қозы Көрпеш» жыры феодалдық қоғамдағы қазақ әйелінің күндік ауыр халі, олардың мұн-зары, арманы жайындағы эпос. Негізгі идеясы – әйелдің, жастардың бас бостандығын, еркіндігін аңсау. «Қозы Көрпеш» әңгімесі (сюжеті қазақ халқының әйел

теңдігі, олардың бас бостандығы), Энгельс сөзімен айтқанда, оның «эмансипациялануы» жайындағы ұлы әлеуметтік мәселеге ауыз әдебиетінде көп. «Қозы Көрпеш» - сол жырлардың ішіндегі ең ерте заманнан бері келе жатқан, идеясы терең, рухы мейлінше халықтық, *мазмұны* шыншыл, ең көркем үлгісінің бірі» [58, 185 б], – деп сабақтайды.

Ал, “Қыз Жібек” жырындағы Базарбайдың баласы Төлеген Қара теңіз жағасындағы елді мекендерді аралап, елден асқан қыз тандайды. Әрбір қыз көрсеткендер Төлегеннен бір-бір жорғадан алып қайтады... Базарбайдың ауылына келген саудагер Наурызбай: «Біздің елдің қыздары сұлу келеді, соған жүр [60, 93 б.] деп ұсыныс айтады. Базарбай бұған қарсы болмайды. Төлеген қыз іздеп, Ақжайықтың бойына аттанады.

Қаршығаның Төлегенді ертіп, Жібекті көрсетпек болып, он бір көшті қарап өтуі, сол көш басындағы қыздардың сұлулығы бірінен-бірі асып түсуі қазақ фольклорындағы ең әсем, әсерлі суреттеудің бірі. Бұл үдемелі суреттер әлі де көзге түспеген Жібектің асқан сұлулығын дәріптеудің ұтымды тәсілі.

Жырда қазақтың құдалық салты, ескі ауылдың әдет-ғұрпы шебер көрсетілген. Төлегеннің мінезі, қызды таныстыруға ел еркесі Қаршығаның жүруі, көш суреті, Сырлыбайдың Төлегеннің көркіне риза болып, қызын беруге келісуі, Жібекті Төлеген жолықтырмақ болған жеңгелердің бір-бір жамбыдан сыйлық алуы, Төлеген мен Жібектің бір-бірін сөзбен, мінезбен сынауы секілді толып жатқан тұрмыстық-салттық көріністер өмір шындығына, жағдайға және қаһармандар келбетіне орайлас берілген.

Ерке қыздың қылығы әсіресе жыршы Шапай Қалмағанбетовтың жазып алған қолжазбасындағы Төлеген мен Жібектің диалогы ерекше көрінеді.

Болдым ерке жасымнан,
Көлденең келген жел сөзді
Асырмаймын басымнан!
Көлеңкеме қол жетпей,
Көлденеңдеп сөз айтпай,
Талайдың көңілі басылған.
Кесірім тиіп, оңалмай,
Аурудың емін таба алмай,

Көңілі жездей жасыған.
Аулақ жүргін онан да,
Бас сауға қыл аманда.
Елінді таппай жүрерсің,
Кесірім тисе осыдан! – [60, 110 б.] деп Жібек Төлегеннің
намысына тиетін сөздер айтады. Оған Төлеген:

Жақсыға мысқыл өтер ме,
Сенің айтқан кесірің,
Маған әсер етер ме?!
Көбелектей көлбеңдеп,
Өртенбеніз бекерге.
Осы бір айтқан сөздерің
Күндердің күні туғанда,
Көңілімнен кетер ме?!

«Ойнап айтсаң – ойлап айт»

Деген нақыл бекер ме?! – [60, 111 бет] деп жауап береді.

Мұндай көңіл күй ұзаққа созылмайды, екі жас бір-біріне
тен екендігін жүрекпен сезеді. Осылай бірін-бірі танудың,
ұнатудың барысында жастардың арасында шынайы махаббат
пен сүйіспеншіліктің достық белгісі басталады.

Қыз әкесі Сырлыбай – елдің беделді адамы, Жібекті үкідей
әлпештеп өсірген қамқор әке, жастардың бас бостандығын
мойындаушы және кісінің кісілік бағасын білетін, көпті көрген
адам ретінде суреттеледі. Ол Төлеген мен Жібектің қосылуына
қарсы болмайды. «Теңі келсе – тегін бер» деген халықтық салтты
сақтауға тырысады.

Қазақ халқының жан сұлулығын көрсететін, лиро-эпостық
шығармалардың інжу-маржаны аталған «Қыз Жібек» жырының
екінші бөлімі Жібек қыздың айналасындағы дос күштер мен қас
күштердің арасындағы тартысты, әділеттілік пен әділетсіздікті,
жақсылық пен жамандықты, қайырымдылық пен қаталдықты
бейнелеуге арналған. Мәселен, жырдың алғашқы беташар
бөлімінде, екі жастың арасындағы іңкәрлік, ынтызарлық,
жақсылыққа құштарлық, өмірге ризалық, сүйіспеншілік сезімдері
пәк, тазалықтық белгісі ретінде суреттелсе, ал екінші бөлімде
қол жеткен бақыттың мұнарланып алыстап кетуі, жалғыздықтың
жәбір көруі, сыртқы жау мен ішкі жаудың зұлымдық айла-
амалдары, адамгершілік пен табандылықтың мақсат-мұратқа
жету жолындағы дербес іс-қимылдары жан-жақты көрсетілген.

«Қисса Қыз Жібек» және қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың айтуымен Қырғызстанның Нарын облысына тараған «Қыз Жібек» жырында «әлқисса, Төлеген үш ай қалыңдық ойнап, бір күні еліне қайтады».

Бұдан кейін Төлеген
Екі ай жатып қайнында,
Өткен күнді білмеген.
«Жібекті алып кетем», – деп
Дәмеленіп жүр еді,

Кездесті пәле көлденең, – [60, 122 б.] деп баяндалады. Яғни, Төлеген өз еліне жете алмай, жарым жолда махаббаттың жауларынан қазаға ұшырайды. Мырза Төлеген Алашабай (Сырлыбай) ауылында 17 күн болуы және өз еліне жете алмай, Жайықтың жағасында Бекежанның қолынан о дүниеге аттанады.

Төлеген ақылды қызды іздейді, махаббаттағы теңдікті қалайды, сонда ғана екі жас шын бақытты бола алады деп біледі. Дұшпандықтың, қызғаншақтықтың заңы қандай қатал да тұрпайы: ол ізгілікті жек көреді, өмірдің көлеңке іргесін жағалап жүрін қастандық істейді, шаттық пен еркіндіктің құтты қадамдарының ізіне түседі, тұнық сезімнің отын өшіріп, күлкі мен қуаныш тұншықтырады.

Әсіресе, ананың образы өте әсерлі суреттелген. Төлегеннің ата-ана тілін алмай, жырақ жолға жалғыз кетуі елдің ежелгі салтын бұзғандық болып саналады. Мәселен, қыз тандау жолында Төлеген бейтаныс елге аттанбақ болып, анасынан рұқсат сұрап келгенде, бала мен ананың арасындағы қоштасу әрі қайғылы, әрі мұңлы. Бет алған бағытынан қайтпаған Төлеген жазмышқа озмыш жоқ деген пікірде қалады. Көшпелі дәуірде мал-жанға бас-көз болатын мұрагердің болуы, болмауы сол шаңырақтың моральдық-психологиялық және әлеуметтік жағдайын анықтайтын негізгі себептің бірі болған. Бұдан байқалатыны бірден-бір эндогамиялық некелесудің көрініс беруі. Дәл қартайғанда көрген баласы Төлегеннің алыстан қыз іздеймін деп тосын мінез көрсеткеніне анасы Қамқа қатты қайғырып, қапаланады:

Өлгенде көрген қарағым,
Ата-анаңды зарлатып,
Қай жаққа кетіп барасың?
Анаң келді зарланып.

Әкең отыр сандалып.

Көре алмаған көп дұшпан

Сыртынан келер қамданып.

Сансызбай болса жас еді,

Жүреміз кімге алданып? – [60, 89-90 бб.]

Бірақ Төлегеннің өмірмен бетпе-бет араласуы енді ғана басталғандықтан, соңында қалған ата-анасының қандай халде болатынына көзі жетпейді.

Егер, батырлық жырларының мазмұны жар іздеу мотиві болып, бірақ ондағы батыр болашақ жарын іздеп барса, таңдау жағы қыз жағына беріледі. Сондай-ақ, батырлар жырындағы қыздардың таңдауы батырдың ерлігіне, өжеттігіне, әділеттілігіне назар аударуымен ерекшеленеді. Ал, лиро-эпос жырларында жігіт өзіне жар іздейді, бірақ бір жағынан қызға үміткер батырлар шетте қалып отырады. Қыздың таңдауы, басқаға ғашық болып қосылуы айтылады. Жырда кейіпкерлердің ерліктері мен батырлықтары, көбінесе сезім, махаббат басым келеді. Екінші жағынан мұндағы қыздың таңдауы ел қорғаған батыр немесе өзінің, әлде батырдың қандай жағдайда да ер мінезін өзіне ылайық, ертеңгі болашақ күнін ойлайтын қыз жоқтығын көреміз. Мәселен, Баян мен Қозының бір ерекшеленетіні жырда екеуінің бала кезінен атастырылуы мен бір-бірін сүйетіні ғана көрініс береді. Оның жанында Қодардың іс-әрекеті қомақты. Ол жырда дөрекі жан ретінде суреттелгенімен, Баян үшін 90 құдық қазады. Нақты іс-әрекетімен көрінеді. Ал «Қыз Жібек» жырындағы Төлеген кім? Бекежан кім? деп танимыз. Әрине, Бекежан қыпшақ елінің батыры, елін жаудан қорғаған, елінің намысын, арын таптатпаған өжет, халқының мақтан ететін батыры. Жібекке ғашық болып, ерлігін көрсетіп, қызға үміт артады. Бірақ, әрине мұнда сезімге жол беріледі. Ал, Төлеген кім? Әке малы балаға мал болмайды демекші, Төлегеннің Шекті елінде әр көрген қызына бір жорғадан беруі де – кәмелеттік, әрі азаматтық сынақтың бір түрі. Әрине, мұнда Төлеген өзінің қазақ халқының жомарт халық екендігін көрсетеді. Бұдан көретініміз, екі жастың бір-біріне ғашық болуы, теңін іздеуі алға шығады. Жырда қазақ халқының салт-дәстүрі, дүниетанымы, ұстанымы анық көрінген.

Жырлардағы түс көру мотиві бас кейіпкердің іс-әрекетінің негізі. Сол түсінде көргенді іске асыру үшін қиын сапар жол

шегіп, небір қиындықты басынан кешіреді. Өйткені, «Түс көру мотиві бүкіл әлем халықтарына тән және оның атқарар қызметі әрқилы, алдағыны болжау кейіпкерді сақтандыру, кейіпкерге көмек беру, адамдарды белгілі іс-әрекетке шақыру» [15,16 б.].

Сонымен қатар, түс көруді мифті зерттеушілер, психоаналитикалық бағыттың өкілдері мифологиямен ұштастырады. Осылайша түс көру “Алпамыс батыр” жырының оқиғасында маңызды орын алады. Түс көру “Қобыланды батыр”, “Жібек” жырларынан да ұшырасады. Эпостық жырлардағы түс болар оқиғаны бұлжытпай көрсететін маңызды процесс. Бұдан халық сенімінде түс көру үлкен орын алатыны белгілі. Алдағы оқиғаны, адам тағдырын көрген түс арқылы болжап білуге болады деген сенім мифтік танымнан туындаған. Мифологиялық ойлау бойынша, адам мен табиғат бір, адамның күллі жаратылысы табиғат тылсымдарымен байланысты. Ендеше, түс көру табиғат тылсымының бір сыры деп ұғындырылған.

Зерттеуші Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) атты докторлық диссертациясында қазақ эпосының түс көру, аян беру мәселелері жайлы: «Белгілі бір қауіп-қатерден хабар беретін аруақты бабалардың Аян беру түстері мен одан кейінгі кейіпкер көңілін нілдей бұзатын психологиялық жағдайы, болашақтағы қалыңдығына қолы жетер жетпесі туралы хабар береді», – деген пікір айтады [61, 76 б.]. Мысалы, Қозының шешесі түсіне кірін айтқан сөзіне тоқталатын болсақ:

Ай, балам, қайт үйіңе, жол көрінбес,

Сарыбай барғанменен қызын бермес.

Ана тілін тыңдамай кеткен бала,

Жолынан аман қайтып, үйін көрмес... - [35, 92 б.] дейді.

Мұндағы анасы баласын бір қауіп-қатерден қорғап, оның басынан кешер қиыншылық, азабы туралы хабар береді. Бұл жырдың барлық ұлттық нұсқаларында екі ғашықтың бақытына істелетін әрекеттер өте ұқсас. Ең әуелі қыздың әкесі қарсы, одан кейін қыздан үміткер жігіт қарсы. Жігіт қарсы болу себебі, әрине, қалыңдығы туралы естіген жігітке ата-анасынан бастап барлығы қарсы болады. Яғни, жігіт өз махаббатына жету мақсатында барлық бөгеттерге төзіп, әке-шешесінің де сөздеріне қарсы шығады. Достық жолындағы серт, алдын-ала бал ашып болашақты

болжау және теріс батаның әсері екі жастың қосылуына кедергі болатыны жырда жақсы баяндалған. Бұл сөздердің барлығы әрине, жігітке кері әсерін тигізгендігі көрінеді. Осыдан халықтың «айтылған сөз – оқ» немесе «ойланбай сөйлеген ауырмай өледі» деген мақалдары бекер айтылмаған. «Сейфүлмәлікте», «Жүсіп-Зылихада» да осындай ситуация қайталанады. Соның бірі ғашықтардың түсінде танысуы. Қарашашты түсінде көріп тілдеседі. Демек, бұл тәсіл ғашықтық жырлардың тұрақты композициялық кестесінің бірі деуге келеді.

Әсіресе, «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.б. туындыларындағы түс көру сарынының алатын орны ерекше. Демек, «Қыз Жібек» жырында Төлегеннің Ақ Жайықтан еліне қайтар мезгілінде Жібектің жайсыз түс көріп шошынуынан, түбінде сол түстің расқа айналуын баяндаған тұстар да әсем, ажарлы. Ауылынан ата-анасының айтқан уақытында, қасына нөкер ертіп кетпей, Жібекке берген уәдесінен кешікпеу үшін асығып, жалғыз, жасырын аттанған Төлегеннің інісі Сансызбаймен қоштасуынан осындай қауіптің сарыны сезіледі. Қособаның түбінде Бекежан бастаған алпыс қарақшының қолынан мерт болу әлгі түстің “құдіретін” дәлелдегендей ұғым береді.

Қорыта келе, ғашықтық жырлардағы негізгі сюжеті батырдың қалыңдық іздеу сарынынан туындайды. Жырлардағы өзіпдік сюжетімен ерекшеленетін махаббат пен таза сезімінің құрбаны болатын екі жастың жолындағы трагедиялық сюжетте өрбиді.

ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ (БАЛЛАДАЛЫҚ) ЖЫРЛАРДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ САРЫНЫ

Бұл жанрды классикалық эпостан да, ғашықтық және тарихи жырлардан да өзгешеліктерін айтып, бөлек жанр ретінде аражігін ажыратып қарастырған ғалым С.Қасқабасовтың пікіріне тоқталатын болсақ: «Батырлық жырынан эпикалық баяндауды, ғашықтық жырдан лирикалық сарынды, ал, тарихи жырдан өмірде болған адамдарды бейнелеуді алған. Соған қарамастан оларға ұқсамайды. Батырлық эпостан айырмасы – елді шапқыншылардан қорғау мен ерлік іс-әрекет жоқ, ғашықтық жырдан айырмашылығы – жалындаған махаббат көрінбейді, тарихи жырдан өзгешелігі – нақты бір тарихи оқиға бейнеленбейді. Яғни бұл шығармаларда

эпикалық пафос бар да, эпикалық батыр жоқ, екі жастың қосылуы бар да, бір-біріне іңкәр болған ғашықтар жоқ, тарихи адамдар бар да, тарихи факт жоқ. Мұндай жырлардың тағы бір ерекшелігі – ежелгі мифтік ұғымдарды тегілік қиял-ғажайыптың жоқтығы және оқиғаның кәдімгі жағдайда өрбуі», – [65, 661 б.] деген пікірі «Айман-Шолпан», «Наурызбай-Қаншайым», т.б. шығармаларды жанр үлгісі болуға лайық екендігін айтады.

Ғашықтық жырларға жатқызылып келген «Айман-Шолпан» жыры махаббат, сүйіспеншілік мәселесі мүлде болмайтынына карамастан, қазақ жырларындағы кейіпкерлердің мінез-құлықтары, күш-қуатын алдына салған батырлардың үйлену түрін айтуға болады.

Батырлық жырларының көпшілігінде негізгі кейіпкер ер адам, батыр болып келсе, бұл жырда керісінше басты кейіпкерлер – қыздар Айман мен Шолпан. Жырда батырдың өзі ғашық болып жар іздеу сарыны көрінбейді. Бірақ қыздардың өз ақылдылығымен өз теңі мен сүйіктісіне қосылу мүмкіндігі бар екеніне дәлел болады. Жырда бұл жағдай былайша суреттеледі. Бай мен батырдың арасындағы егес оны “кедей” деп қорлаудан басталады. Бұған намыстанған батыр үш жүз шектімен келіп, Маманның малы мен екі қызын олжалайды. Егер басқа жыр да батырлар өз елінің қызына қорған болып, ерлігімен танылса, Көтібар оған қиянат жасап, келеңсіз мінезімен танылады. Әйел тұрмақ Көтібардың үш әйелі бар бола тұра, Айманды тартып аламын деуі – оның намысқа шапқанын көрсетеді.

Мұндағы Айманның Көтібарға қарсы шыққан әрекеті, әлі де өз бақытынан мойынсымай күресетіндігі туралы айтылады. Көтібар батырдың ашу-ызасын ақылмен шешіп, өз дегеніне жетеді. Мысалы,

Әлібекке сәлем де,
Аты болса, байласын.
Азаматын сайласын.
Өткір қылып қайрасын.
Алпыс күн тамам біткенше,
Кешігіп тағы қалмасын.
Шектіге келіп ойран қып,
Айырып алсын Әлібек,
Біздей пақыр пендесін...[37, 1536]

Айманды көргенде қыздың адалдығын сынамақ боп берген сауалы мен оған Айманның жауабы Алпамыстың ауыр жолдан оралып, Гүлбаршынмен дидарласқандағы сөздеріне орайлас келеді. Әлібектің Көтібар ауылын бірден шаппай, жекпе-жек ұрысқа шақырған ерлерінің салтына сәйкес.

Айман қазақ эпосында сирек кездесетін, ақылды қыздың үлгісі. Шіркін, ұл болып туса тама ғана емес, бүкіл елдің қамын ойлайтын тұлға болар еді-ау деп қаласың.

Айманның тағы бір ғажап мінезі Әлібек 1400 әскерімен келгенде көрінеді. Қыз оның алдынан Көтібардың атын сауыт-сайманын асынып жалғыз шығады, оған батыр ауылын шаптырмайды. Көтібарға аты мен қару-жарағын беріп: «Атыссаң жау, бітиссең дос» деген қалау тастайды. Бұл «сенің істегеніңді кімде болса істей алады» дейтін әжуа болса керек. Айман батырмын, – деп халық дәстүріне лайық іс істейді.

Мұның бәрі Айманның халықтық-қоғамдық тұлғасына жатады. Өз басының мүддесіне келгенде, ол бас бостандығын іздеген, үлкен махаббат геройы болған образ. Рас, Айманның махаббаты романтикалық-трагедиялық сарында емес, прозалық-реалистік арнада әңгімеленген. Шолпанды елге қайтарған жерде ол:

Мен кеттім ғаріп басым болып пенде

Айтыңыз алпыс күнді уәде қылып.

Әлібек мені десе келсін мұнда,

Тездікпен келген жерде көріспесең,

Ер еді іші қатты көңілі қалар, - [37, 158 б.] деп, Әлібекке сәлем жолдайды. Бұл махаббат көрінісі болатын Әлібек бар істі Айманның айтуы бойынша істейді. Алпыс күнде төрт атқа бірдей тоқым салсын дейді. Сол төрт атты Әлібек кейін жауға мініп, жолай Айман жолына атайды. Әйел жолына ердің мінген атын атауы эпоста кездесе бермейді. Сөйтіп Әлібек те елмен өз басының мүддесін ұштастырған образ болып шығады.

«Наурызбай-Қаншайым» жырында қазақ халқының салт-дәстүрі аса ажарлы бейнеленгені көрініс береді. Мұндағы Қаншайым батыр қыз. Тарихта өзіндік орны бар Наурызбай батырдың алдын кесіп Қаншайым өз арманын ұластырады. Сөзі мен ісіне мойын бұрған Наурызбай батыр Батыр қыздың сөзіне құлақ салады. Жырдағы диалогтың соңы үлкен махаббатқа келтіреді. Мысалы,

Қаншайым:

Сен бе едің даңқы шыққан Науан батыр?

Табарсыз айтпасам да жылқыны ақыр.

Қол беріп жолдасым деп, қолыңды әкел,

Бетпақтың ар жағында жылкым жатыр, –

Наурызбай:

Сұлу қыз қараңғыда сені көрдім.

Мінекей жолдасым деп қолым бердім.

Есімнен шығармаймын өле-өлгенше,

Өткелі қайсы тұста хабар бергін, – дейді.

Әрине, жырда батырдың жар іздеу мотивінен көрініс берілмесе де, үйлену ғұрпы орындалатыны белгілі. Айман мен Қаншайым сияқты ақылды, өжет, батыр қыздарының өз мүддесі ғана емес халық, тайпа арасындағы қақтығысты жарастырғаны қазақ халқының біртуар қыздары болып есептеледі.

Қазақ фольклорында кездесетін әдебиет үлгілерінің үлкен бір шоғырын шығыстық желілерге құрылған дастандар құрайды. Алайда қазақ дастандарының негізінен шығыстық желілерге құрылып, онда діни сипаттың басымдық танытуына байланысты бұған ұзақ уақыт бойы жөнді назар аударылмай келді.

XX ғасырдың 60-жылдарындағы ұлттық әдебиеттанудағы қазақ әдебиетінің көркемдік дамуындағы көне түркі дәуірімен тарихи сабақтастығын айқындау бағытындағы рухани байланыс арналарын жіті қарастыру қолға алынды. Халқымыздың рухани өрлеуі, мәдени кемелденуінде айрықша орын алатын Шығыс классикалық әдебиетінің діни мазмұндағы қуаты айқындалып, бір ғана орыс әдебиетінің ықпалы ғана болмағаны анықталды. Оның алғашқы қадамы 1960 – 1967 жылдар аралығында жарық көрген көп томдық қазақ әдебиеті тарихының II том, бірінші кітабында М.Бөжеев, З.Ахметов жазған «Қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы» тарауында қазақ әдебиетіне қытай, монғол, үнді, араб, парсы елдерінің ертегі-аңыз, әңгімелерінің таралу жолдары, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазан, Уфа, Омбы қалаларында басылып шыққан қисса, хикаялар кітаптарына қатысты құнды деректер берілді. «Қазақ әдебиетіне осы кезде Шығыстан келген шығармалар әдеттегі дағдылы аударма емес, белгілі, бір сюжеттерді өлең ғып, жыр ғып айту дәстүріне байланысты туған, әр ақын өңдеп, өзінше

айтқан шығармалар. Кітаби қиссашыл ақындар осы сюжеттерді өлең қылып айтып, ел арасына таратып жүрген. Ел ішінде жайылған нұскаларды ақындар өңдеп, жаңғыртып, жаңалап айтқан. Шығыс әдебиетінде үлкен орын алған белгілі сюжетті поэма, дастан ету, жаңадан өлеңмен айтып шығу дәстүрі қазақ ақындары арасында да әдетке айналды» деп Ақылбек, Жүнісбек, Мәулекей сынды қиссашыл ақындар шығармашылығының маңызына тоқталады. Кітаби ақындар Назира дәстүрін дұрыс байыптаған ғалымдар қисса, хикаяларды тақырыптық тұрғыдан үш топқа бөліп қарастырады. 1. Дінді уағыздайтын (“Жұм-Жұма”, “Салсал”, “Зарқұм”, “Сейтбаттал”) 2. «Мың бір түн», «Тотынама» классикалық Шығыс әдебиеті үлгісінде жазылған дастандар (Шаһмаран, Сейфүлмәлік, Бозжігіт, Қасым Жомарт, Баһрам, Ілияс, Абулхарис, Шәкір-Шәкірат) 3. Шығыс сюжетіне құрылған бірақ қазақ фольклорының дәстүрімен ұштасып, төл шығарма сипаттас болып кеткен шығармалар (Бозжігіт, Мұңлық-Зарлық).

Ө.Күмісбаев тақырып, мазмұн, идеялық көркемдік ерекшелігіне орай қазақ топырағына Шығыстан келген қисса дастандарды төрт топқа жүйелеп қарастырады: 1. Махаббатты, ізгілікті, достықты, жақсылықты жырлайтын дидактикалық лирикалық қисса-дастандар (Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиха, Мұңлық-Зарлық, Таһир-Зуһра, Бозжігіт). 2. Діни бағыттағы дастандар (Сал-сал, Сейтбаттал, Жұм-жұма, Зарқұм). 3. Қиял-ғажайып фантастикалық сипаттағы дастандар (Шаһмаран, Абулқасым Абушаһма, Шәкір-Шәкірат). 4. Батырлық пен ерлікті, ақ-қараның күресін жырлайтын романтикалық сарындағы қисса-дастандар (Рүстем-Дастан, Ескендір, Қисса-Баһрам) [68].

Шығыс әдебиеті мен қазақ руханиятының тоғысқан келелі мәселелерін байыптап қарастыру барынша жанданып, нәзира дәстүрі, қисса табиғатын зерттеу, Шығыс хикаяларының желісіне құрылған дастандарды жинақтау Ү.Сүбханбердинаның «Шығыс сюжеттері», «Шығыс зерттеуші ғалымдары және қазақ әдебиеті», Н.Келімбетовтің «Шығыс әдебиетіндегі оянушылық» Б.Кенжебаевтың «Шыңырау түскен абзал», Р.Бердібаевтың «Гүлстанның бұлбұлдары», М.Бөжеевтің «Абайдың ақындық айнасы» (Қыңыр-хикаялар тарауы) Н.Келімбетовтің «Шәлі ақын», Ө.Күмісбаевтың «Т.Ізтілеуов және оның Рүстем-Дастаны», «Шың перне», А.Қыраубаеваның «Қазақ әдебиетіндегі қисса

жанры», Ә.Дербісалиннің «Шыңырау бұлақтары» еңбектерінен бастау алып, арналана түседі.

Бұл ретте ғалым Б.Әзібаеваның «Қазақтың дастандық эпосы» монографиялық зерттеуінің жазылуы да тақырыптың түбегейлі қарастырылуына жол ашқанын атап айтқаны ләзім. Ол қазақ дастандарын төртке бөліп қарастырған. Олар: Ғашықтық дастан, хикаялық дастан, діни дастан, қаһармандық дастан деп жіктейді [69, 20 б.].

Ә.Дербісалиннің «Шыңырау бұлақтары» зерттеуінде араб, парсы әдебиеттері мен түркі әдебиеттерінің дәстүрлі көне әдеби байланысы қазақ әдебиеті негізінде қарастырылған.

Сондай-ақ проблемалық мақалаларда діни-ағартушы ақындар, кітаби шайырлар мұрасын бағалауда орын алған қате танымнан арылтуға батыл бетбұрыс жасалып, олардың шығармашылығын барынша ғылыми негізді дұрыс бағалау мәселелері де байыпты талқылау өзегіне алынды. Б.Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы әдебиет өкілдері: Шәді, Мәшһүр, Мақыш, Әбубәкір, Ақмолла, Нұржан дүниетанмындағы діни көзқарастарды айта келіп, олардың шығармашылығын әдебиет тарихына толық енгізу мақсатында ағартушы бағыттағы ақындар қатарында қарастырылуы керектігін байыптады.

Ә.Қоңыратбаевтың «Қисса туралы бірер сөз» мақаласында қазақ қиссаларының алдыңғы, кейінгі тарихымен дәстүрлік байланысы талданып, кезінде замана проблемасын толғап, адам бостандығын жырлаған қисса-дастандардың қуатты ізгілік, адамгершілік идеяларының мән-мағынасын терең қарастырады.

ХІХ ғасырда Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент, Орынбор калаларында тілді баспалар жандануына байланысты, кітаби ақындардың дүниетаным жайлы, ерлік пен ездiк, адамшылық, махаббат сезiм теңдiгi сияқты тақырыптарда қисса-дастандар өндiрiлiп жатты. Олар үндi, араб, парсы, түркі халықтары әдебиетiндегi аңыз, ертегi, хикая, қисса желiсiне сай еркiн аударма жасау, нәзирагәйлiк дәстүрмен жазу, сарын қосу, ақындық шабыт жарыстыру жолдары арқылы қазақ топырағында туындай бастаған қисса-дастандар үлгiсiмен рухани қазыналар қорын молықтыра түстi.

ӘСКЕРИ ДАСТАНДАРДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ САРЫНЫ

Қаһармандық жыр-дастандар әсерлі оқылатын жанрдың бірі. Әсіресе, жар іздеу мотивінің барлық дастан-жырларда романтикалық образдың кейпінде кездесетіні хақ. Әдетте болашақ батырға қалыңдығын алу үшін, жаулармен соғыс жүргізуге, түрлі сындардан өтуге, палуандық, мергендік жарысында озып шығуға келеді. Бұнда терең өмір шындығы бар. Қаһарманның алғашқы күрделі қайраты, тегеурінділігі жар үшін күрестен басталуында символдық мағына жатыр. Елдің, рудың басшысы болып табылатын жас батырдың өмірлік серігі қандай болу керек деген сұраққа эпос өзгеше мән береді.

Өзге де эпикалық шығармаларымыз тәрізді, қаһармандық дастандар да тұтас бір дәуірдің тарихын, соның ішінде халықтың ой арман, қиялын білдіре алатын қымбатты қазынамыз.

Біздің тақырыбымыз қазақ эпосындағы жар іздеу мотивіне арналғандықтан, алдымен зерттеудің жолын, оның зерттеу принциптері мен жанрлық және спецификалық ерекшеліктеріне кеңірек көңіл бөлдік.

Б.Әзібаеваның [69] еңбегінде қаһармандық дастандары іштей мынандай жанрлық түрлерді қарастырған: а) Сказочные дастаны героического содержания, б) Сказочные дастаны романического содержания, в) Сказочные дастаны волшебного новеллистического содержания [156-171 бб.]. Бұл тарауда зерттеуші тақырыптық тұрғыдан жанрлық белгілері мен элементтерін анықтай келе, дастандарды топтастырып, жан-жақты қарастыра мән-мағынасын тереңінен талдаулар жасаған. Осы еңбекке сүйене келе біз қаһармандық дастанда кездесетін жар іздеу мотивін қарастырамыз.

1885 жылы Қазан қаласында «Әуез хан қиссасы» деген атпен Хасан бин Мирбабаұғлының нұсқасы жарияланған. Бірінші бөлімінде Көрұғлыдан туған Әуездің аң аулаған сапар мен қыз таңдаған серіктері суреттеледі.

Патшалар мен хандардың бойындағы өзімшілдік, мендік мінездерін көрсететін «Көрұғлы» жыры мынадай сөздермен басталады: «Шаадат (Иранның ханы) әсемпаздықты, сұлулық сезімнен өткізбеймін деп асыл тас, гауһарды мұрнына тізіп, оның сәулесінде отырып» күн өткізеді. Ол күллі халықты алып, мынадай сұрақ қояды:

– Дүниежүзінде менен көркем, менен сұлу адам бар ма, болса, тартынбай айтындар, – дейді. Жиналған жұрттың артынан біреу шығып, «Түрікмен деген ат төбеліндей ел бар, сол басшысы Толыбайдың Раушанбек атты асқан сұлу ұлы бар» 166 б.] деп хабарлайды.

– Жер бетінде екі сұлулық қатар тұра алмайды. Раушанбекті байлап әкеліндер, басын кесем, – деп Шаадат нөкерлеріне жарлық береді. Көл жағасында құс салып отырған Раушанбекті тауып алып, ханның алдына әкеледі. «Күллі Иран халқының мазағы болсын, құл сататын базарға апарыңдар» деп бұйрық береді хан. Раушанбекті Иранда жүрген Түрікменнің бір саудагері ділдаға сатып алады. Саудагердің аты Кәжденбек, әйелі Кұлайым, қызы Ақалай. Ақалай мен Раушанбек бір-біріне:

Жазираны жар қылдың.

Гүлжазира сондықтан,

Хан болсаң да сүймеді.


Жыртқыш деп, сенен шошынып,

Адам деп сені білмеді. [70, 89 б.]

Мұндағы «Көрұғлы» жырындағы хан арасындағы сұлулық пен ғашық болу тек қана бір адамға ғана мәншікті деп, түсі карапайым халықты қатты күйзелтеді. Құлдың немесе карапайым халықтың ғашық болу, сүю, үйленулеріне хан қарсы тұрып олардың жанын ғана күйзелтіп қоймай, мүгедек патшаның каншалықты опасыздығын көрсетеді.

Тұжырымдап айтсақ, қазақ эпостарында жар іздеу мотиві ұлттық дәстүрлі дүниетанымға сай бейнеленген. Әйелде көпшілігі “ай десе – аузы, күн десе – көзі” бар, шетінен сұлу болып келеді. Қазақтар тұрмыстағы, адамзаттағы сұлулықты жоғары бағалаумен бірге, әрі бізден де сұлу елдер болуы мүмкін деп топшылаған. Жырда тән сұлулығы ғана емес, жан сұлулығы, сүйіспеншілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік мәселелері ең басты, ең негізгі болып керсетіледі.

Сонымен, қаһармандық дастан мен батырлық жырлар қызметінен мынадай мәселелерді айрықша атап, қорытынды жасауға болатындай:



1.11 Романдық дастандағы жар іздеу мотиві

Дастандардағы кейіпкерлердің сипаттамасы басқа аспектілерімен де астасып жатады. Әсіресе, бұл жайлар кейіпкерлердің бейтаныс құпия елдерге сапарлары қиын, эпикалық кейіпкерлерді күрделі некелесу сәтінде анық аңғарылады. Романтикалық кейіпкерлерді эпикалық қаһармандар сияқты емес, кедергілерді сыйқырлау, дүлей күштердің көмегімен жеңеді. Бұған мысал ретінде Сейфүлмәліктің, Сүлейменнің сақинасын, Данданның – қызметі ағаштың бұтақтарынан, т.б. пайдаланылатын келтіруге болады. Айталық, Дандан жын-перілер мен сиқыршыларды, Сейфүлмәлік – жыланды, диюды, жолбарысты және арыстанды қолданды. Осылайша тағдырдың қараулығына карамастан, дастандардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері негізінен ұқсас болып келеді.

Қазақ халқына кең тараған, төл туындысындай етене айқын болып кеткен, сүйікті мұраның ендігі бір шоғы – фабулалық төркіні шығыстан келген ғашықтық, романдық «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархат-Шырын», «Сейфүлмәлік-Жамал», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт-Ануаз», «Баһрам-Күләнда» сынды іңкәрлік жырларын қазақ эпосының дәстүрі мен тарихынан айырып қарауға болмайды. Ақындарымыздың жырлап жүрген «жеті ғашығы» түгелдей түрік халықтарына ортақ. Бұлардың даңқы мен тәсірі халықтың бай ешбір жырынан кем түспеген.

Халыққа ертеден жақсы таныс «Бозжігіт» жырының жалпы желісі «Таһир-Зухраға» орайлас. Мұнда да патша баласы Бозжігіт түсінде көрген сұлу – Қарашашты іздеп барып, кедергілерге душар болып, мұратына жете алмай өліп кетеді. Бозжігіт пен Қарашаштың өз бақыты үшін күресінде өмірдің ақиқаты мол, фольклор және жазба әдебиеттің айшықтары қатар өрілген тұстар көп.

Мұндағы қазақ архаикалық эпосы мен ғашықтық дастандардағы түс көру сарынының өзіндік айырмашылықтарын байқаймыз. Белгісіз бағытқа, қауіпті сапарға шыққан жас жігіттердің сенімді достары болады. Мәселен, «Сейфүлмәлік» пен «Бозжігітте» достар көмегі елеулі орын алады. Ежелгі эпостың, ертегі дәстүрінен ауысқан қиял-ғажайып элементтер де шығарманың ширақ өрістеуіне дәнекерлік жасайды.

«Патшаның ұлы Әбдімәлік» атты ғашықтық дастаны патшаның перзентке зар болуынан басталады. Бұл – дәстүрге айналған сюжеттік желі. Жырдың ерекшелігі мұнда діни түсінік мен дәстүрлі дүниетанымнан туған ұғымдар астасып жатады.

Бата сөздері, тілектер, табиғаттың қатыгездігі туралы айқын суреттемелер бұған айқын дәлел болады. Мысалы,

Бір бала берді дейді, – сізге Алла

Өмірі қысқа үш күнде алады тез» - [72,56 б.] Мұса патшаға. Патша құдай берген баланы бермесің деген үмітпен, халқын жинап той қылады. Содан патшаның әйелі жүкті болып, бүкіл халық болып тоғыз ай, тоғыз күн дегенде бала дүниеге келеді. Дүниенің төрт бұрышына хабар жіберіп кереметтей той жасайды. Күннен-күнге өсіп, бала жеті жасқа келгенде, күндердің күнінде Мұса патшаға келіп, баланы көріп аң таң болады. Сөйтіп Аллаға кезінде бала үш күн өмір сүреді деген едіңіз ғой, мұның себебі неде дегенде, Алла:

Шығарды садақамен патша көп пұл.

Әр адам ұғылының өмірін тілеуші еді

Көп тілеуімен өмірі ұзарғаны сол, – [72, 88 б.] деп аян береді. Содан бала ер жеткен соң молдамен базар аралап жүргенде бір қыздың суретін көрін тіл қатып сөйлемей қалады. Сонда әкесі баласының бұл ахуалына қатты қайғырып, суретте көрген қызды іздеуге кіріседі. Ақыр соңында қызды табады.

Бірақ оның өмірбақи үйленбеймін деген серті барын біліп, оны да патша карамағындағы баланың қасында жүрген молда шешіп екеуін қосады. Дастанда көптеген жырларда кездесетін қақтығыстар үміткер жігіттер немесе жолда кездесетін келеңсіз уақиғалар, сол сияқты әке-шешенің қарсылығын көрмейсің. Қайта баланың бакытына бүкіл халық тілеулес болады, қызды табуға қол ұштарын береді.

Әлеуметтік-сүйіспеншілік дастандардағы жар іздеу сарыны

Өзімізге белгілі осы жанрға жататын «Мақпал қыз», «ұл мен қыз», («Талайлы мен Айым»), «Күлше қыз Назымбек», «Есім сері - Зылиқа» сияқты шығармалар мол және өзіндік әсерлі де, көркемдік жағынан ұтымды жырлар деп айтуға болады. Ы.Т.Дүйсенбаев лиро-эпос жанрына жататын шығармаларды үш топқа бөледі, соның бірі «халыққа ауызша жетсе де, жарық көре алмай келген шығармалар» («Күлше қыз», «Есім-Зылиха», «Кұл мен қыз», «Мақпал қыз») [2, 5-6 бб.]. Расында ғалымның бұл дастан-жырларының ішінара байланыспай тұрғанын көрсете білген. Әрине, халық мұрасы толыққан сайын өзіндік орнын тауып, жаңалығын туғызып отыратыны белгілі. Осыған орай А.Тойшанұлының ойымызды толықтырғандай: «Қалай десек те, бұл дастандардан тарихи жаңа кезеңнің ықпалы дәстүрлі сюжеттердің жаңаша кепте, өзгеше өрнекте қайта жырланып, фольклорлық арғы тамырдан алшақтап, жазба әдебиетке тоғыса бастағанын зерттеушілер байқаған» [65, 654 б.], – дейді.

Романдық эпоста архаикалық, қаһармандық жырларда ертегінің элементтері кездесетіні туралы көптеп айтылады. Әрине, мұндай араласу оның негізгі сипаты мен бағытына нұқсан келтірмейді.

«Мақпал қыз» жырында түс көру, оны жору салты да бар. Жабы

бір кесе су алып, жолға тастап кеткен құрдасы Бұлдырыққа қайтып келе жатып түс көреді. Оны құрдасы Бұлдырыққа жорытады:

Бүгін жатсам түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Ақсұңқар Мақпал болыпты,
Оң жағына қоныпты.

Алғыр кара бүркіттей
Қасында және құс көрдім. [58, 364 б.]

Бұлдырық Жабының түсін жорып, ақ отауда Сегіз бен Мақпалдың еру қосылғанын айтады. Ашуға булыққан Жабы екеуінің басын шауып тастамаққа аттанады. Сонда Бұлдырық оның түсін екінші қайтара жорып, Жабының ашуын басады.

«Күлше қыз бен Назымбек» жырының сюжеті аса сирек кездеседі. Мұнда сәуегей қария Назымбекке Күлше қызды іздеп шықпақ болғанда, төрт жолдас, бес тұлпар таңдап береді. Сәуегейлік, көпті көрген қарияға табынушылық ежелгі шамандық наным-сенімдерінен хабар береді. Назымбекке қосқан серіктері – елден озған көсем, білікті палуан, үлкен жырау, айыр көмей шешендер болады. Сондай-ақ, қария бес жігіттің мінетін атына дейін сайлап береді. Мұндағы сюжет көне батырлар жырында батырлардың қалыңдығын іздеу жолында кездесетін жолдастарына ұқсас. Олардың бұл жырдан ерекшелігі халықтың қиял-ғажайыптан туындағаны. Сонымен бірге, батырдың қалыңдығын жаудан алу мақсатында көмек керсететін адал серігі бірден-бір ат алып келетіні анық.

Қазақ жырларында жиі кездесетін мотивтің бірі қыздың немесе жігіттің өзімен күші асқан жігітке, қызға ғана тиемін деп шарт қоюы. Мысалы, «Мақпал қыз» жырындағы бай қызына тиетін болған жалшы бейнесі «Құл мен қыз», «Есім сері Зылиха» хикаяларына жақын келеді. Мұндағы ғашықтық сезім қыз жағынан басталады. Жабы батыр Мақпал қызды алуға келгенде, оның сүйген жігіті Сегіз Арқада жылқы бағып жүреді. Қыз Сегізге хабар жібереді.

Қоймады жүз жиырма берген залым,
Айырылдым ақылымнан кетіп халім.
Кез келіп, алмасаңда жолығып қал,
Кеудеңде болса егер шыбын жаның.
(ал Сегіз, батырсынып жүруші едің,

Ерлігің осы жерде болар мәлім...- [58, 361 б.]

Деп сәлем жолдайды.

Ал, «Құл мен қыз» жырында кішкене өзгешелігі, Балпан байдың Гүлжан атты жалғыз қызы жасынан еркек-шора болып өседі. Бір күні әкесі қызына: «Шырағым, қыз деген жат жұрттық, сүйгеніңе қосыл» деп ақыл-кеңес айтады. Ертеңіне үстіндегі ер киімдерін тастап, қыз киімін киеді. Әсем ақ отау тіктіреді. Осы жерлері Назымның Қамбар батырды тосып ақ отау тіккеніне ұқсас келеді. Бірақ айым сұлу жалғыз батырды көздемей жиналған көпшіліктің ішіндегі үміткерлерді сынап, өзіне жақсы жар таңдауды арман етеді.

Қыз жүйрік, сенеді ол тіл-жағына,

Көз салар теңін көкsep аймағына.

Өз теңі көздегені ақылды Тайлас,

Ешкімнің қызықпайды мал-бағына. [73, 94 б.]

Айымға тән бір ерекшелік – ол адамның қасиетін оның ата-тегінен, дәулетінен іздемей, серілік, ақылдылық сипатынан тануы. Айым сезімінің оянуына Балпан байдың тойында Талайлының сегіз палуанды бірдей жығып, аты Нарқұланның бүкіл әлім-шөмен елінен озып келуі себеп болады.

Таңдаған елден жігіт қыз Айымның

Ықыласы кетті ауып, босап буын, [73, 103 б.]

– дейді. Бұрын балғын өскен, уайым-қайғыны білмеген енді түн ұйқысынан қалып, махаббат дертіне шалдығады.

Жырдың аяғы Айымның дұшпандары Талайлыны өлтір Талайлы Балпан байдың еншілес қылып алған құлы еді. Осыған орай, Назым қарапайым кедей отбасынан шыққан Қамбар батырды сүйіп, оған жар боламын дегенде, қыздың әкесі қарсылық білдіреді. Бірақ соңында екі ғашық бір-біріне қосылса, ал мұнда Талай мен Айым сұлу екеуі қосыла алмай өледі.

«Мақпал қыз», «Құл мен қыз», «Күлше қыз-Назымбек» жырларында кездесетін ақ отаудағы еркін махаббат арманы туралы ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Жырдың түпкі идеясы қоғам қайшылығынан туындайтын екі некенің тартысы: бірі ескі салт негізделген неке (құда түсу), енді бірі еркін махаббат арманы. Еру қосылған үш күн, ақ отау – неке салтына қарсы тұрған еркін махаббат символы. Сонымен қатар қыз сертінің орындалу олардың ғашықтық сезімдерінің жарқын көрінісі» [58, 165 б.], – деген шешімге келеді.

«Құлқаныс пен Зеберше» жырында Құлқаныс тек қана сұлулығымен емес, сонымен бірге ақылдылығымен де көзге түседі. Қысқаша мазмұны мынадай. Бұрыннан Зеберді естіп жүрген Құлқаныс Төленге көңілі толмай, қасындағы қырық қыз көмекшілеріне еркектің киімін кигізіп Зебердің ауылына барады. Құлқаныс Зебермен аң аулап жүрген жерінде кездесіп тілдеседі. Құлқаныс ашып ешнәрсе айтпайды, қыздың астарлы сөздері Зеберді наздандырады. Мысалы,

Арада бар болса да бір терең сыр.
Мәрт адам сүйгені үшін отқа түсер.
Сөзімде қата болса кешірім қыл.
Дүниеде жақсы да көп, жаман да көп,
Не десем көз көргенше бұл қызыл тіл.
Кісіге шайнап берген ас болмайды,

Шаһзада, ендігісін бір өзің біл, – [73, 205 б.] деп жұмбақтап қыз атының басын тартып ауылына қайтады. Бала қыз сөзінің мәнісін түсінгісі келіп көкесі Кәмілден сұрайды. Құлқаныстың сөздері Зеберді қатты толғандырады. Уайымға түсіп егер сүйгеніме жете алмасам бұл байлықтың керегі не деп Құлқанысқа қарай Кәмілмен бірге жолға шығады. Құлқаныстың ауылына түсіп бір кемпірдің үйіне құдай қонақпыз деп келеді. Содан кемпірге Құлқанысқа барып үйіңізге саудагер келді деп шақырып келіңіз деп алтын береді. Кемпір келісіп Құлқанысқа үш мәрте барады, үшеуінде де Құлқаныс қырық қыз уәзірлеріне кемпірді қуып ұстап алып ұрып, өлтіріңдер деп бұйрық береді. Қайткенде де кемпір ұстатпай хабарды айтып келеді.

Айтқан түні Зебер Құлқаныс үйінің алдына барып түні бойы күтеді, бірақ шыдай алмай ұйықтап қалады. Құлқаныс ренжіп, бірақ сүйгені осы екенін біле тұра оятпайды. Үшінші күні Зебер Құлқаныспен Кәмілдің қасында ұйықтатпай отырғаннан кейін кездеседі. Қыз үш күн ұйықтамай әбден ғашықтық сезімге елтіп, өзінің сезімін ұстай алмай екеуі махаббат күйіне бөленеді. Үш күн ұйықтамаған Құлқаныс пен Зебер ұйықтап жатқанда Төлен екеуін қамауға алып, зынданға тастайды. Болған жай туралы ертеңіне халыққа айтамыз деп жатқанда Кәміл көкесі қызды құтқарып, Төлен ұятқа қалып қашып кетеді.

Қорыта келе, мұндағы жырлардағы халықты ғана басқарып, тек қана әйел емес, тайпа моралін де игеруін көрсетеді.

ДІНИ ДАСТАНДАРДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ САРЫНЫ

Жұмыстың арқауына айналып отырған жар іздеу сарыны, әсіресе, дастандардың ішінде діни желідегі қисса-дастандарда жиірек көзге түседі. Бұл тақырыптық желі дастандардың ішінде басым сипат иеленеді. Өйткені шығыстық дастандардың өзі елімізге ислам дінін таратумен бірге келген жанр десек те болады. Сондықтан да ислам дінінің қағидаларын құрғақ уағызбен емес, әсерлі хикаялар арқылы өлеңдете жеткізу әлдеқайда сіңімді болатын еді. Ежелден өлең өнерін жоғары бағалаған халық үшін бұл таптырмайтын тәсіл болды. Әрине, бұдан жар іздеу сарыны тек діни дастандар да ғана орын алған деген ұғым тұмауға тиіс. Ретіне қарай дастанның басқа түрлерінде де бұл мотив жырланып отырады. Бұған зерттеу барысында тоқталатын боламыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, жар іздеу сарыны дастандарда кездеседі. Бірақ онда бұл жағдай эпостық жырлар мен тарихи жырларда кездесетін оқиғалардан өзгешелеу өріледі. Қисса, дастандар бұл арада ақиқат өмірде орын тепкен оқиғаларды өз тарапынан куәләндырып қана отырғаны кәміл. Діни қисса, дастандардың құрылыстық ерекшелігі ғаламды жаратушы мен пайғамбарларды мадақ етіп таныстырумен, оларды үлгі етіп, ұсынумен басталып отыратындығында. Бұл ретте дүниеден «тірі кеткен» төрт пайғамбар: Исаның, Мұсаның, Қызыр Илиястың, Имам Мәдидің аттары аталады, тақ Сүлейменнің желге мініп ұшқаны, Даниялдың ғылым тауып, суда жүзгені, Смағұлдың Намруд жаққан отқа күймегені, Дәуіттің темір соғып, дүкен құрғаны, т.б. еске алынады.

Осы дәстүр «Наушарбан сұлудың баянында» да орын алған. Мұхаммед пайғамбар отыз үш мың саһаба, төрт шадияр шақырып өсиет аманат айтыпты. Жасы он сегізге толған Бати деген қызын құранды ең жетік оқыған Ғалиға ұзатады. Жұрт жиылып келіп: «Халифалықты кімге қалдырамыз» дегенде пайғамбар алдымен Әбубәкір, онан кейін Омар, Оспан, Ғалиды айтады. Бұл хабарлар қисса оқиғасына тікелей қатысты болмаса да, қосымша мағлұмат береді, иісі мұсылман қауымы білуге тиісті деректерді пысықтайды.

Пайғамбардың тапсырғаны еді деп Омар Халифа он екі

мың әскерін Нашрауын шаһарына аттандырады. Кәпірлермен соғыста Ғали айрықша көзге түсіп, жаудың екі қыз, бір ұлын қолға түсіреді. Үлкен қыз – Діләпразды өзіне береді. Сұлу қыз Наушарбан «саһабалар алдымнан өтсін» деп талап қояды.

Сөздерін жетімдердін қабыл етсін,

Ініме алпыс түйе малын берсін

Біріміз еркімізбен ерге тидік,

Ғаламнан он сегіз мың таңдау берсін. [74, 56 б.]

Қисса дастанның бір көрікті жері – кезектесіп өткен батырларға сипаттама берген тұсы.

Әуелі біреу өтті ақбоз атты,

Нәсілі қызықтырып адамзатты.

Нұрлы жүз, сұлу келген мүшелері,

Ақылы көзінде екен ибадатты. [74, 89 б.]

Ақырында Наушарбан қыз Құсайынды таңдайды, имамшылық үшін ризалық батасын оқиды. Омар бата беріп, Оспан неке суын ішкізеді.

Бұл дастанда да өте ескі замандардың ұғым, түсінігі елес береді. Наушарбанның жігіт таңдауы тасасында көне дәуірлердегі үйленетін жігіттердің қайрат, қабілетін сынайтын салтының көрінісі айқын танылады.

Діни эпосындағы жар іздеу мотиві аса бір ерекшелікпен суреттелгенін көреміз. Басқа жанрларда екі ғашықтың сүйіспеншіліктерін екеуінің бір-біріне деген іс-әрекеттерінен, бір көргенмен ғашық болу сезімдерінен, махаббаттарына беріктігінен, тіпті ол үшін өлімге де баратынын көрсек, ал, діни дастандардағы жар іздеу мотивінде махаббат пен ғашықтық сезім біркелкі басқаша суреттеледі. Мұнда азғыру, кәпірлердің ісін шайтандар билейді деген ұғымдар жиі кездеседі. Сол кәпірлердің алдауына, арбауына түскендер ислам жолында өліммен де жазалау жолына түседі. Оларға бұл дүниеде орын жоқтығын көрсетеді. Кәпір мен мұсылманның кім екенін «Қисса Әбушахма» дастанынан көреміз. Мұсылман баласына қастық қылайын деп кәпір ауырған балаға шарап ішкізеді. Мас болған жас балаға кәпір жалғыз қызын әкеліп қосады.

Ішінде оның жігіт бар,

Нұр сипатын көр, – дейді,

Әдейі іздеп әкелдім

Күйеулікке мен, – дейді
Көңіліне оның ұнаса
Қалағанын бер, – дейді,
Үйір қылып көр, – дейді.
Өмірің өтіп барады,

Азырақ ойнап, күл, – [75,266 б.] дейді әкесі жалғыз қызына. Мұнда кәпірдің өз қызын осындайлық лас іске итеруі арқылы оны шайтан билеп тұрғанын, кәпір елінің қаншалықты жаман жолға түсуге даяр екенін көрсетеді. Сонымен бірге, мұсылман халқына да мұндай істі жай кешіре салуға болмайтынын көрсетеді. Бала бұл істі әкесі біліп қойған жағдайда не болатынын, мұндай үлкен күнәні әкесі кешірмейтінін біледі. Әкесі қамшымен соққының астына алып баланы өлтіреді. Мұнда мұсылмандардың күнәһарды қатаң жазаға тартатынын көреміз. Бұл жерде туысқандық сезімге орын жоқ. Егер сезімге бой алдырып, мұндай күнәлі істерге кешіріммен қараса, ел ішінде жағымсыз жағдайлардың етек алып кетуі анық еді. Сондықтан да осындай жырлар арқылы елді азғындықтан сақтандырады, оған қандай жағдайда да жол беруге болмайтынын насихаттайды. Діни дастандардың басты құндылығының өзі де осында. Бұған ұзаққа бармай-ақ Құнанбай заманында да өмірде орын алған «Қодар мен Қамқа» оқиғасын алсақ та жеткілікті. Қауым басшысы Құнанбай атасы мен келінінің арасындағы жағымсыз оқиғаға шарифат арқылы үкім шығартып, қатал да әділ шара қолданады. Бұның басқа адамдарға сабақ болатыны түсінікті.

Пайғамбар туралы қазақ дастандары да осынау әлемдік тұлғаны айшықтайтын көл-көсір көркем дүниелердің ажырамас бөлігі – «Мұхаммед пайғамбар» дастаны. Мұнда тарихи тұлғаның өміріндегі негізгі оқиғалар мен нақты деректердің ізі сақталған. Сондай-ақ пайғамбар образының белгілі бір дәрежеде көркемдеу мен мифтендіруге ұмтылғаны көзге шалынады. Мысалы, шығармада болашақ пайғамбардың он екі жаста-ақ әділдік үшін күресіп, жеңіске жеткені баяндалады, т.б. Шығармадағы кейіпкерелердің көпшілігі тарихта болған адамдар. Мәселен, Әбу Жаһилдің дастандағы жексұрын бейнесі де шындықтан туындаған. Ол жөнінде құраннан (96, 10; 68,10-14) хадистерде қасиетті «сира мен араб» тарихшыларының зерттеу еңбектерінен оқуға болады.

Мұхаммедтің жары Хадишаның Расул Аллаға деген сүйіспеншілігі, оған деген адал көңілі көмегі, қазақ эпостарындағы Құртқа, Қарлыға, Гүлбаршын, Жібек, Назым, т.б. сынды кейіпкерлерді еске салады.

Адам баласының белгілі бір ереже, заңдарға бағынып, ақиқатты мойындап, Аллаға құлшылық етіп отыруының қажет болғанынан іздеу керек. Сенім жоқ жерде имандылық жоқ. Діни қиссалардың да ең қымбат жері адамдарды сенімге, имандылыққа тәрбиелейтіндігінде. Барлық жұрттың мойындайтын, тоқтайтын, аттап өтуіне болмайтын шарттарға көну, асылық жасаушы пенденің парызы саналғанда ғана өмір орнықты, дәстүр тұрақты болмақ.

Зерттеуші ғалым А.Жақсылықов діни дастандардағы жар іздеу мотивінің көтеретін жүгін: «Мотив идеальной любви философски ослабляет и углубляет содержание дастанов «Сейфүлмәлік», «Хамра» намечает внутренний семантический план, сближает с такими мировыми сюжетами как «Лейли и Мәжнун», «Фархад и Ширин», «Юсуф и Зулейха» [76], – деп табылды.

Діни дастандардағы тағы бір ерекшелік бас кейіпкеріне Қызыр бабаның көмекке келуі. Сол сияқты «Ғазауат Сұлтан», «Дарига кыз» – т.б. жырларда Қызыр баба жәрдем береді. Мысалы:

Дұғасын хақ тағала қабыл қылды,

Сол халде Қызыр алхейссалам жетіп келді.

Сейітке сәлем беріп, көріс қылды,

Мейірбан, шапағат, илян хал сұрасты. [75, 26 б.]

Сол сияқты, діни дастандарда суға салсаң батпайтын, отқа салсаң күймейтіні (гипербола) жиі кездеседі. Оған мына жыр сарыны соның дәлелі:

Һәр адамдарға Сейіт жүріп, жұмырып ұрды.

Һеш адамдар мұқабил бола алмады,

Һеш қасына бір адам да бара алмады.

Патшасы «Оқ атыңыз» - шық деп бұйырды.

Сейітке жаңбыр кебі оқ жаудырды. [75, 38 б.]

Қарсылыстары дию ма, пері ме деп сенеді. Батыр тауды пана, тасты жастық қылып ұйықтайды.

Жар іздеу мотивінің дастандарда бейнелену жайына келсек, мұнда да дәстүрлі үлгілерден тыс амалдарға бармай, қалыпты өлшемдерге арқа сүйеуді көреміз.

«Қисса-Фершіл қыз һәм хикая Гүлжәмила» атты дастанында да көне жырлардағыдай әкесі қызына күйеу таңдайды. Таңдау себебі де бар. Мұнда қыз сопылық жолында жүріп, ешбір адам жүзіне қарамағаны туралы айтылады. Дегенмен Гүлжәмиләні айттырып келмеген жан жоқ, келген, көрген жан таңырқап, асудан қалады. Бірақ қыз әкесіне:

Бұрын да өткен неше падиша, хан,
Айтайын мен бір сөзді, ата, саған.
Мал үшін патшаларға мені берме,
Қызыққан бұ жалғанға болар жаман.
Сізге лайық теңімді тауып бермек,
Надан кісі сайтанның тіліне ермек.
Ізгі пақыр, шапағатты ер табылса,

Маған уәжіп ол ердің халін білмек, – [77, 111 б.]. дейді қыз. Жырдағы қыздың байлыққа қызықпай лайықты жар іздеуі Аюкүніс пен Назым образына ұқсас келеді. Бірақ мұндағы ерекшелік қыздың жарын әкесі таңдауы және қыздың сопы жолында болуы. Және де мұнда қыз бен жігіттің арасында махаббат суреттелмейді. Қыз жігіттің кемшілігін бетіне басады: «Бір жегеннен артық қып нанды жедің» [77, 117 б.]– деп барға шүкір, жоққа сабыр қылу керектігін айтады. Сонда жігіт қызға былай жауап қайтарады:

Сен әйел, патша қызы, не білесің,
Артық нан қойғанымның біл мағынасын.
Болжаусызда бір мейман келіп қалса,
Жоқ болса дастарханда не бересің. ...
Болмаса керек емес дүние маған,
Насихат қып айтайын, жаным, саған.
Ризықты өлшеулі деген сөз бар,

Пендесін өзі асырар Алла Тағалам – [77, 119 б.] дейді жігіт. Жігіттің де сопылық жолға адал екеніне көзі жеткен қыз жігітке сонда барып көріседі.

«Қисса Шеризат-Күлшат» дастанының «Алпамыс» пен «Қозы Көрпеш» жырына да жақындығы бар. Егер Алпамыс пен Қозыда салт-дәстүр басым болса, мұнда патшаның аманат сөзінде тұру бұлжымас қағида ретінде сипатталады.

Пархизат өз орныма болсын патша.
Балама алтын тақты қайтып берсін,
Әйелім мен өлген соң ұғыл тапса.

Уакытынша отырсын патша болып,
Толғанша туған балам он бір жасқа.
Қыз туса Пархизаттың әйелі де,
Балама бермекші еді менің баста.
Қыз туса, балама алып беріңіздер,
Қалыстық етіңіздер сөзден қашса.

«Мақұл» деп барлық халық тақ тұрады,

Қағазды бұған мөрлеп бастырады, [78, 44 б.] – деп патша соңғы аманатын айтып дүниеден өтеді. Бірақ «Алтын көрсе періште жолдан тайыпты» демекші, Пархизат патшаның әйелі ұл туса менен тақты алып алады деп, әйелді өлтіріндер деп уәзіріне бұйрық береді. Уәзір патшаның бұйрығын орындап, Ханымды өлтіреді. Сол уақытта әйел ұл босанады. Бірақ уәзір баланың өмір тарихын қағазға жазып білегіне байлап кетеді. Жырдың екінші бөлімінде баланы Қожа Әсеттің бауырына басып ұлындай бағатыны сипатталады. Бұдан ары жырдың желісі Шеризат пен Күлшат қыздың оқиғасына арналады. Шеризат қыз туралы үйлеріне келген мейман қонақтардың аузынан естіп ғашық болады.

Шеризат ғашық болды қызға қатты,
Түн болса жастық қойып ұйықтамапты.
Дертіне ғашықтықтың күйіп-жанып,
Бір күні атасына бір сөз айтты.

...Шаһармен шаһар жүріп сейіл еткізіп,

Таныстыр көзіңіздің тірісінде. [78, 58 б.] – деп назын айтады. Әкесі баласына барлық сырын айтып өзі нөкерлерін ертіп жолға аттанады. Бала мен қыз бір-біріне бір көргеннен-ақ ғашық болады. Пархизаттың кінәсіп бала мойындаттырып, әкесінің орнына (тағына) отырып, Гүлшатты жар етеді. Мұндағы көрінетін сарын сырттай ғашық болу және қыз бен жігіттің арасындағы еркін махаббатты байқаймыз, сондай-ақ «әке аманатынын» орындалуы. Махаббат пен кек алу үстінде ер жігіттің батырлық қасиеттері суреттеледі, бірақ басқа жырлардағыдай қыздың немесе әкесінің сынынан өту мақсатында емес, әділдік жолын қуу мақсатында болады.

Дәстүр бойынша баласына қалыңдықты әкесі іздейді. Ұзақ жол жүріп барып ол ақыры іздеген қаласын табады. Қалыңдықты көріп, көңілі толып, құда болыспақ болады. Екі жақ өздерінің шарттарын айтысады.

Құда болып баралық,
Артық туған Қанышқа,
Барып сөзді салалық, – [30, 44 б.]

дейді Бақай қарт. Құдайы қонақты немесе құдалыққа келген жаушыны құдайдай күту қазақ қырғыз халықтарында жақсы сақталғаны көрінеді.

Діни тақырыпқа жататын «Дариға қыз» дастаны ерекше. «Тәңірінің досы пайғамбар төрт шадияры Мәдинада кенес құрып отырғанда алыстағы Қатыран қаласы бір палуан қыз бар дегенді естиді. Қыздың «мені бұл жалғанда күресіп жығатын жан бар ма екен» [79, 38 б.], – деп асыл сөйлегені Ғали арыстанның (Әлішердің) құлағына тиген соң, күш сынасуға бекініп, пайғамбардан рұқсат сұрайды; дүлдүл атын мініп, қызды іздеп барғысы, «тәуекел дариясына түскісі» келетінін айтады. Пайғамбардың батасын алып, Әлішер тоқсан күн жол жүріп, қасына ерткен жолдасы Қанбар бабамен бір шаһарға келіп, қарауылдан жөн сұрайды. Хазірет Ғали (Әзірет Әлі) бұл қаланың Қатыран екенін, мұнда патшаның Дариға атты қызы барын, оның «еркектен артық туғанын» айтып берген соң, сонымен күрескісі келетінін айтады, өзін таныстырады...

Ғали мен Дариғаның тілдесуі, майдан жерге елдің жиналуы, Шаһмардан (жігіттің падишасы) Арыстан Ғалидың (Әлішердің) күреске әзірленуі, қызбен бірге қырық палуан келді, «бір миллион жөйт» жиналды делінуі эпикалық тұрақты көріністерді еске салады. «Дүние жүзін топырақ пен шаңдақ басып екеуі күресіпті он төрт күндей» деген тіркестер классикалық эпосты елестетеді. Сол он төрт күнде Әзірет Әлі қаза болған намазын оқуға бір-ақ рет тыныс алады, аллаға мінәжат қылады, «қызды жыға алмасам, Омар, Оспан не деймін шаһариарға, Мен енді Мәдинеге бара қалсам, не деймін отыз мыңдай сахабаға» [79, 45 б.], – деп күңіренеді. «Алла оның дуасын қабыл қылады, аспаннан жәбірейілді жібереді. Керемет қуат алған Әзірет Әлі қызды жығады, жөйттер қорыққанынан дінге кіреді. Әзірет Әлі Дариғаны әйел етіп алады.

Хазірет Ғали Дариғаны жығып алды,
Тамам жұрт тамаша қып көзін салды.

Саны жоқ жөйттер дінге кірді,

Мешіт пен медресе және салды. [79,47 б.].

Дастанның негізгі идеясы исламды дәріптеу, оның

имандылығын үгіттеу екені осы жолдардан айқын аңғарылады.

«Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырында Қозы Баянның жай-күйін бөгде адамдардан еститін еді. Демек, «Дариға қызда» да ерекше сарын орын алған. Діни дастандар қазақтың дәстүрлі жырларымен әр тараптан үндесіп жататындығын көреміз. Мәди анасынан «шыныңды айт» деп сұраған соң, Дариға мән-жайды түсіндіреді, балаға жөн айтып, жолға салады. Әзірет Әлі ғана емес, Әбубәкір, Омар, Оспан шадиярларды, «ұлы анаң» деп Фатиманы, ағаларың деп Қасен мен Құсайынды, пайғамбарлардың зайыбы Бибі Қадишаны зор ілтисиппен атап, сырттай таныстырады... Сондай-ақ, діни дастандардағы қыздың зор күші туралы көне жырларда да әйелдің күш сынасуын көруге болады. Егер архаикалық жырларда қыздар тек қана күш сынасып қана қоймай басшылық жүргізгілері келсе және де азғыру, қулық бірге жүрсе, діни дастандарда мұндай сюжет кездеспейді. Керісінше, өзін жеңген батырды қолпаштап Алланың бар екеніне, бұл жолы Алланың кімге жақ болғанына сенім арттырып, өмірлік жар болады.

«Һамра» дастаны ертегілік, діни сипатта айтылған. Негізінде шығарманың өн бойында түске ерекше мән беріліп, әрбір жаңа оқиға түске енген аяңға байланысты өрбиді. Дастанда діни ұғымдар - шарифатқа қайшы келу, күнә жайлары, пайғамбарларды құрметтеу орын алған.

Жалпы дастандағы оқиғалардың өрбуін үш сатымен қарастыруға болады. Алдымен, баласыздық зарына қайғырған Мысыр патшасы Құсыраудың оқиғасы.

Оқиғаның келесі дамуы Құсырау патшаның түсінде керемет құсты көруінен басталады.

Түсінде бір шарбаққа келеді енді,

Ішінде сөйіл құрып жүреді енді.

Шарбаққа қапса деген үй бар екен,

Ішінде бұлбұл құсты көрді енді.

Ол шарбақ алтын, күміс, гауһар екен

Еш жан жоқ бұлбұл құстан бөтен

Алтын күміс қақпасында жинайды енді,

Бұлбұлдың қызықтығы солай екен. [79, 59 б.]

Кітап аштырып қараса, перінің жерінде тұратын құс екен. Құсыраудың екі ұлы «әкемізге жасаған қызметіміз болсын» деп құсты іздеп кетеді. Һамра да әкесінен әрең сұранып жолға шығады. Алдарынан жазуы бар тас кездеседі. Содан бұл барса келмес жолын тандайды. Үшеуі жол айырығына қылыштар

шаншып кетеді. Сонда һамра күмбезге кезігеді. Ішінде ешкім жоқ. Ұйықтап жатқан кезде Әзірет Әлі сұлтандарымен келе Олар һамраны танып, «бұған Шеруіш шебел патшаның қызы Қорлық лайық», – деп шешеді. Ертегінің дәуірлеріндей сиқырлы күшке ие сұлтандар Қорлықты һамраның қасына алдыртады. Мұндағы оқиға желісі орыстың «Тоты құс» ертегісіне ұқсас. Онда да үш ағайынды жігіт әкелеріне керемет тоты құсты із сапарында жолда кездесетін тастағы жазулары ұқсас келеді. Бірақ ертегіден бір ерекшелігі, патша қызы мен екеуінің некесі сол жерде қиылады:

Һамра Қорлықпенен бірге отырады,
Екеуінің көңілі бек шат болды.

Екеуін бір жерге әкеп отырғызып,
Омар кітап неке қиды. [79, 67 б.]

Өң мен түстің арасында отырған екеуі біріміз қашып, біріміз қуайық түсіміз болса оянармыз деп ақылдасады. Сол сәтте һамра оянып жүрегіне ғашықтық шоғы түседі.

Енді һамра зарланып жылайды енді,
Көл қылып көзінің жасын бұлайды енді.

Дертінен қорлықтың диуана боп,
Һамра бұлбұл зарлайды енді. [79, 71 б.]

Әйтсе де, һамра Қорлығын табады. Шарбаққа тығылып жатып кептер болып ұшып келіп, сілкініп Қорлықты танып табысады. Біраз уақыттан соң әкесінің түсін айтады. Сөйтсе, Шамун бағы Қорлықтың әкесі билейтін жер екен. Ол Аштар деген дәуін шақырып, һамраны жібереді. Бұдан кейін һамраға ғашық болған Қорлықтың апасы Қорзапыран араласады. Екі пері қызы һамраға таласады. Ортақ шешімге келе алмағасын, екеуі Қазыға жүгінеді. Апасының арам ісін байқаған Қорлықтың ертеңіне Қазыға айтқаны:

Қош келдің, қазы, бізге бұ араға,
Есті болсаң жүрме еш параға
Шариғатты дұрыс айтпай жалған айтсаң,
Құныңыз дәрі болар бір жараға.
Кітап сөзін айт, қазым, молдасың ғой,
Шариғатты бек жақсы білесің ғой
Қазым-ау, пара үшін жалған айтсаң,
Қазаң жетсе бір күні өлесің ғой.
Ер жігіт ақылынан саса ма екен?
Рас айт, қазым, неке қоса ма екен?
Апа мен сіңлінің арасында

Рас айт, қазым, неке қоса ма екен?
Қазым-ау, тында, маһшар болар, – дейді,
Мызан деген таразы құрар, – дейді.

Жалған айтсан, жазасын сонда, қазым,
Бұл айтқан сөзіңізден сұрар, – дейді. [79, 89 б.]

Осы сөзден соң, Қазы істің төрелігін айтып, Қорлықты жақтайды. Бірақ, біраз уақыттан кейін һамра елін, әке-шешесін сағынады. Қорлықпен қоштасып, құсын алып қайтады.

Пері мен адамзат арасында берік сезім болғанымен, перілер адам қоғамында өмір сүре алмайды. Сондықтан һамра еліне жалғыз қайтады. Жолай аспазшыға құлдықта жүрген екі ағасын табады. Бірақ ағалары һамраны күндеп, екі көзін ойып құдыққа тастайды. Сонда құс көздерді қанатының астына жасырады. Үйіне жетіп әке-шешесіне де бар шындықты осы құс айтады. Дастан Құсырау патшаның қазасымен, шешесінің жоқтауымен бітеді. һамраның құдыққа тасталуы Жүсін пайғамбардың оқиғасымен үндес.

Келтірілген мысалдардан дастандарда түс көру арқылы жар іздеу сарынының бір-біріне көшіп жүргенін, жалпы шығыс елдерінде түске айрықша мән берілгенін аңғарамыз.

Жоғарыда айтылғандарды қорытатын болсақ, жар іздеу сарыны әлем халықтарының эпостарында кездесетін негізгі сарындардың бірі. Аталмыш сарын кездеспейтін бірде-бір халық эпосын кездестіру мүмкін емес. Жар іздеу сарынының формаларына, түрлеріне, тәртіптеріне қарап отырып, белгілі бір халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымдық көзқарастарын, мақсат мұраты мен аңсарларын аңдауға болады.

Жар іздеу сарыны көрініс беретін мифтер, аңыз-әңгімелер әртүрлі сюжеттер мен мотивтер, эпосқа тән элементтер халықтарының фольклор үлгілерімен салыстырылу барысында тарихи-типологиялық байланыстың ең бірінші кезекте туысқандыққа негізделген тарихи-генетикалық, ал онан соң ғаламдық дамудың ортақтастығы және көршілестік қарым-қатынастар барысында пайда болғандығы пайымдалады. Әсіресе мифтер мен аңыздардан түркі-монғол халықтарының түп негізі түркі қағанаты мен ғұндар дәуіріне апаратыны аңғарылады өлең-жырлар шаруашылық пен қоғамдық дамудың ортақтығын, эпостық элементтер мәдени қарым-қатынастар мен көлестіктің нәтижесі екендігін байқатады.

Қазақ эпостарында жар іздеу сарынының тарихи тамыры тереңге бойлайды. Онда тәңірлік таным белгілері де, сол ислам

діні шарттары да кездесіп, бір-бірімен астасып кеткен. Қай эпосты алсақ та, батырлардың бойынан да, ол таңдаған жардың бойынан да жоғары адамгершілік қасиеттерді, дегдарлықты, сөзге тұратын далалық мәрттікті көреміз. Олар үшін адамгершілік қағидаларынан аттау атымен жат.

Түркі халықтары әдебиеттерінің ортақ даму арналары толғанмен әрқайсысының дербестену, даралану кезеңдері болған тарихи-мәдени өзгерістерге орай эпикалық шығармаларында да идеялық-композициялық, сюжеттік, стильдік-көркемдік тұрғыда жанрлық жаңалықтар, жаңғырулар қалыптасты.

Жар іздеу сарыны әлем халықтарының эпостарында кездесетін негізгі сарындардың бірі. Аталмыш сарын кездеспейтін бірде-бір халық эпосын кездестіру мүмкін емес. Жар іздеу сарынының формаларына, түрлеріне, тәртіптеріне қарап отырып, белгілі бір халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымдық көзқарастарын, мақсат мұраты мен аңсарларын аңдауға болады.

II БӨЛІМ.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВІН БЕЙНЕЛЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЛШЕМДЕР

ЖАР ІЗДЕУ МОТИВІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жар іздеу мотивінің көркемдік қырларын, ондағы сюжеттік желілер мен композициялық құрылымдардың табиғатын ашуда, тілдік, стильдік бояулар мен қолданыстарды анықтауда, жіктеп таратуда негіз етіп аларлық әдістемені анықтап алудың маңызы зор. Себебі әдістемені дұрыс таңдап алмай тұрып, тиісті нәтижеге қол жеткізу қиын. Ғылымда мұндай әдіс-тәсілдердің түрі көп. Жіктелуі де сан-алуан. Аталған әдістерді белгілі бір шығарманы талдап-таразылауға теориялық негіз етуге келгенде ғалымдардың ойлары бір жерден шыға бермейді. Сондықтан да оларды көздеген мақсатқа сай іріктеп, дәл қолдана білу біршама білік пен білімді талап етеді.

Эпостарды зерттеуде тірек боларлық әдістеме мәселесі күрделі дүние. Бұл орайда эпос табиғатын барынша толық ашуға мүмкіндік беретін, бағыттан тайдырмайтын әдісті айқындау маңызды. Біздіңше, эпос – көненің көзі болғандықтан, тарихилық қағидатына сүйенбеу мүмкін емес. Халық тарихының көне дәуірлеріне бойлайтын, ғасырдан ғасырларға ауысып келе жатқан құнды әдеби мұраларын талдауда зерттеушілер тарихи-әдістемелік әдісті жиі қолданып жүр. Зерттеу тақырыбымызға орай біз де қалыптасқан бұл үрдістен аттап кете алмаймыз.

Қазақ фольклоры туындыларындағы белгілі бір ұқсас құбылыстарды салыстыра қарастыру ғылымда кеңінен қолданылып келе жатқан тәсіл. Мұның біздің зерттеу нысанымызға да тікелей қатысы бар. Фольклортану тарихындағы мифологиялық, тарихи, антропологиялық, этнографиялық мектептер, ауысып алу теориясы, т.б. ағымдар мен әдістердің негізгі сүйенетіні салыстыра зерттеу тәсілі. Орыстың белгілі фольклорист ғалымы В.М.Жирмунский салыстырмалы әдісті былайша бөлген: салыстыру, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық және бір-бірімен ауысып алуды анықтайтын әдістер [3].

Әрине, аталған әдіс-тәсілдердің шығарма табиғатын, олардың ұқсас белгілері мен айырым сипаттарын ажыратуға септігі тиетіні сөзсіз. Дегенмен, Б.Н. Путилов салыстыру әдісін жеке бөліп қарастыруды қолдамайды. Оның тұжырымдауына, бұған барлық ұқсастықтарды тізе беруге болады. Сондықтан фольклордың өзін методикалық тәсіл ретінде айтуға болғанымен, арнайы жүйеленген методологиялық зерттеу әдісі түрінде қарастыруға негіз жоқ. Салыстыра зерттеу тәсілі түрлі теориялық ағымдарға, ғылыми мектептерге ұдайы қызмет етін келеді. Сол себепті де барлық дәуірлерге, барлық теориялық ағымдар мен мектептерге ортақ тарихи-салыстырмалы әдіс туралы сөз қозғау мүмкін емес [80, 5-6 б.].

Бұл ретте фольклортануда табысты қолданылып жүрген типологиялық әдіске иек артпау мүмкін емес. Бұл оның поэтика мәселелерімен астасып жатуына да байланысты. Өйткені типологиялық әдістің қарастыру аясы барынша ауқымды. Осыған орай Б.Н.Путиловтың: «Типология как определенная закономерность, можно сказать, буквально пронизывает фольклор на всех его уровнях; система закономерно возникающих и внутренне обусловленных историко-типологических отношений характеризует фольклор в целом (как специфический тип творчества и как совокупность реальных результатов этого творчества) и в его отдельных элементах. Мы вправе говорить, например, о типологии образов, мотивов, сюжетов, художественных средств, о типологии жанров и жанровых разновидностей, о типологии фольклорных процессов и типологии принципов отношения фольклора к действительности (например, о типологии фольклорного историзма), шире - о типологии фольклорного сознания» [81,9 б.], – деген пікірі орынды айтылған деп есептейміз.

Типологияны фольклорға қатысты қолданылуындағы бір артықшылығы оның фольклорлық туындының табиғатына сай келуінде, динамикалық қимыл-қозғалысын, үнемі өзгеріс үстіндегі сипатын ескере алуында. Себебі фольклор халықпен бірге жасасып келе жатқан, үнемі толығып молығып отыратын, ғасырдан-ғасырға өткен сайын қырланып, екшелін отыратын сөз өнерінің ерекше бір түрі. Оған әр дәуір, әр заман өз ықпалын тигізбей отырмайды. Халық өміріне, оның мәдениеті мен

дүниетанымына әсер еткен құбылыстар белгілі бір дәрежеде фольклорлық туындыларға да өз ізін қалдырып отырған. Бұның үлгілерінің мазмұндық мәнін былай қойғанда, көркемдеуіш бейнелеуіш құралдарына да әсері тимей қоймаған. Осы жағынан алғанда диссертациялық жұмысқа арқау болған тақырыпты жан жақты ашып көрсетуде типологиялық әдістің тарихи типология, құрылымдық типология, т.б. түрлеріне жүгінген тиімді болмақ.

Типологияның зерттеу мақсатына қарай тарихи-диахрондық және құрылымдық-синхрондық болып бөлінетіні белгілі. Ал былайша жіктеу поэтикаға да тән.

Поэтиканың өзі де түптеп келгенде фольклор мен әдебиеттің құрылымдық жүйесі, шығарманың текке, жанрға, жанрлы түрге лайық күрделі өзгеріске түскен көрінісі. Оны зерттейтін ғылым да шығарманың көркемдік формалары мен құрылымы туралы болып шығады. Алайда көркемдік формалар ешқашан да дәуір тудырған мазмұннан, дәстүр табиғатынан бөлек өмір сүре алмайды. Сондықтан да поэтиканың осындай синхрондық аспектісі айналып келгенде диахрондық зерттеумен толысады.

Сөйтіп, зерттеу барысында диахрондық және синхрондық, тарихи типология мен құрылымдық типология бір-бірің толықтырып, ойлаған межеден шығуға мүмкіндік береді. Өйткені тарихи поэтика дегеніміздің өзі «генетикалық поэтика» [82].

Типологиялық зерттеу фольклордағы ұқсастықтарды жай ғана салыстырып қарастыруды мақсат етпейді, ол тарихи-поэтикалық процестің нәтижесінде өмірге келген заңдылықтар мен құбылыстардың пайда болу, даму, қайталану себептерін анықтауға жол ашады.

Б.Н. Путилов тарихи поэтика мен тарихи типологияның бір-бірімен байланысып, өзара тірек болатын бес белгісін атап көрсеткен:

Біріншіден, олар фольклорды халық мәдениетінің төлтума саласы, өнердің айрықша түрі деп тануға көмектеседі.

Екіншіден, тарихи поэтиканың жаңа аспектілері мен тың міндеттерін пайымдауға жетелейді.

Үшіншіден, тарихи поэтикаға тарихи типология идеясы жалпыға ортақ қайталаудың заңдылықтарын, типологиялық кезеңдердің ауысуын, типологиялық жалғастық пен байланыстардың сыр-сипатын анықтауды жүктейді.

Төртіншіден, поэтиканың тарихи типологиясымен тамырлас болуы тарихи типологиялық және бірыңғай құрылымдық талдаудың қажеттігін айғақтайды.

Бесіншіден, фольклордың поэтикасын жалаң форма ретінде немесе мазмұнды берудің құралы ретінде ғана қарастыруға тарихи типология жол бермейді [82, 21 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, поэтика мен типология типтік құбылыстарды анықтап қана қоймайды, солардың пайда болу себептерін, өмір сүру заңдылықтарын да қадағалайды екен.

Бұл ретте зерттеуші Ш.Ыбыраевтың фольклорлық туындыны талдауда оны мынадай екі деңгейге бөліп қарастыруды ұсынады:

«I. Поэтикалық тіл.

1. Көркем сөз (ажарлау, құбылту, айшықтау, машықтар,
2. Өлең өрнегі (ырғақ, ұйқас, өлшемдер, т.б.).
3. Стилль.

II. Жанр поэтикасы.

1. Көркем уақыт пен кеңістік.
2. Сюжет пен мотив.
3. Композиция.
4. Көркем образ (жинақтау, даралау, тартыс, т.б. [2, 58 б.].

Қысқаша қайырғанда, «поэтика көркем шығарманың болмыс-бітімін айқындайтын категориялардың жиынтығы ғана емес, ол зерттеудің де құралы мен тәсілі, объектінің өзі ғана емес, сол объектінің белгілерін даралайтын өлшем-пішіндері, шындықты бейнелеудің діндегі ғана емес, сол шындықтың көркем шығармадағы «заттанған» көрінісі» екендігін ескерсек, аталған тәсілдің жар іздеу мотивінің көркемдік қырларын танып білуде тигізетін көмегі зор болмақ.

Әдетте, эпикалық туындылардың қай-қайсысын алсаңыз да олардың белгілі бір сюжетке құрылатынын байқайсыз. Бұл қасиет осы тектес фольклорлық шығармалардың басты ерекшелігі деуге де болады. Аталмыш сюжеттік желілер болса ғасырлар сүзгісінен өтіп, әбден тұрақтанған. Көбінесе, бұл фольклордың эпос, ертегі секілді жанрларына тән. Оларда оқиғаның басталуы, шиеленісі, шарықтау шегі және сәтті шешілуі секілді өрбу барысы белгілі бір жүйеге бағынған. Соған сай көркемдеу тәсілдері мен өлшем-пішіндері де орнығып, дәстүрге айналған. Бұл ретте эпикалық баяндаудың ұлттық ерекшеліктері бой көрсетеді. Демек, барша

халықтарға ортақ сюжеттік желілер болғанымен, оның оқиғасын құру, өрбіту және көркемдеу тұрғысынан келгенде, әрбір халықтың тек өзіне ғана тән баяндау ерекшеліктері мен машықты тәсілдері дәстүр болып қалыптасқанын көреміз. Сондықтан да эпос жанрын зерттеушілер шығарма табиғатын тексеру барысында осында сөз болған дәстүрлі тұрақты белгілеріне сүйене отырып, эпостық туындыны талдап таразылап жүр. Эпос оқиғасын мотивтерге жіктеп қарастырушылар қатарына А.Н.Веселовский мен Б.Н.Путиловты жатқызуға болады. Осы айтылған жәйттерден шығатын қорытынды, эпикалық туындыларды қарастыру кезінде олардың сюжеттік желісіне соқпай өте алмаймыз. Ал эпикалық сюжет тұтас құбылыс болғандықтан, оның ерекшеліктерін, тарихи қалыптасу жолын, сюжет ішіндегі ауыс-түйістерді, оқиғалардың даму ретіне енгізілетін өзгерістерге негіз боларлық тұрақтанған қағидаларды анықтауда мотивтерге сүйену жемісті болады. Бұл орайда мотивтердің өзінің жанра атқаратын рөлі қандай деген сұрақ туындайды.

Осыған қатысты ғалым Шәкір Ыбыраевтың мотивтерге қатысты *«біріншіден*, семантикалық мағынасы жағынан ұқсас мотивтер (кейіпкердің ғажайып тууы, тездеп өсуі, қалыңдық үшін жолға шығуы, т.б.) дәуірі және жанры жағынан бір-біріне сәйкес емес шығармаларда (миф, ертегі, көне эпос, батырлық жыр, лиро-эпос, т.б.) кездесе береді. Бұл жерде мотив көп жанрларға ортақ әлеуметтік астар (фон), сюжетті оқиғалармен, іс-әрекеттермен толтырудың дәстүрлі машығы болып табылады.

Екіншіден, мотивтердің мағыналық ұқсастықтары сырттай ғана, ал олардың сюжетке қарап көркемделуі, нақтылы өрнектелуі әр жанрада, әр шығармада бірдей емес. Ендеше, мотив кез келген сюжеттің, тақырып пен идеяның, кеңірек алсақ жанрдың өлшем-пішініне, мақсатына икемдеп қолдануға таптырмайтын даяр шағын типтік оқиға. Ол үнемі түлеп отырады.

Үшіншіден, бір-біріне мағынасы жағынан ұқсамайтын мотивтер де тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған. Олардың қызметі көбінесе тың деректерді, тіршіліктегі жана көріністерді игеру мақсатымен қарайлас. Жалпы типтік сюжеттен ауытқыған жырларда бірегей мотивтер молырақ кездеседі.

Төртіншіден, мотивтердің қызметі екі жақты: әрі дәстүрлі, жаңашылдық сипатта. Анығырақ айтқанда тарихи жаңа мазмұнды

дәстүрлі машықтармен игеруде мотив айрықша қызмет атқарады. Мотивтің мағынасы тың деректермен толысып, әлеуметтік ортаға икемделгенімен, оның сюжеттегі семантикалық қызметі сол қалпында қала береді» [2, 244 б.] - деген пікірі мотивтің табиғатын біршама ашып тұр деуге болады. Осында тізбектелген белгілерді негізге ала отырып, қазақ эпостарындағы жар іздеу мотивінің даму барысы мен динамикасын, дәстүрлі және жаңашылдық белгілерін, оның бойындағы дәуір бейнесін, дүниетаным сілемдерін анықтау қиындық тудырмайды.

Сонымен мотивтер табиғатын тереңдеп зерттеген Б.Путиловтың сөзімен айтсақ, «мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы» [83, 143 б.].

Жинақтай келгенде, мотивтің сюжет құраудағы рөлі ерекше. Оның нақты қызметтерін Б. Путилов жақсы жіктеп көрсеткен. Ғалымның «Мотив выполняет одновременно по крайней мере три постоянные функции: конструктивную, динамическую и семантическую; он входит в составляющие сюжета, он выступает как организованный момент сюжетного движения и несет свои значения, определяющие содержание сюжета. Но у мотива есть еще одна очень важная функция, обусловленная заложенными в нем способности к изменениям, варьированию, трансформациями, к взаимным замещениям: эту функцию можно было бы называть продуцирующей» [84, 140 б.], – деген пікірі мотивтің табиғатын едәуір аша алған деп санаймыз. Мотивтің осында тізбектелген сипаттарын жар іздеу мотивіне қатысты да қолдануға және табуға болады.

Аталған мәселеге орай көңіл аударуды қажет ететін теориялық жәйттердің біріне әрбір халыққа тән ортақ сарындар мен сюжеттік желілер жайы. Әлемдік фольклор тарихында кездесіп жүрген бұл құбылыс туралы да пікірлер әр алуан. Ұқсас мотивтердің түп бастауы бір-бірімен немесе кездейсоқтық па деген мәселеге келгенде, ғалымдардың ойы бір жерден шыға бермейді.

Жұмыстың бірінші бөлімінде қарастырғанымыздай, жар іздеу мотиві әлем халықтары фольклорының барлығында дерлік кездеседі. Осындағы бір-бірімен ұқсас, тектес сарындарды халықтар арасындағы мәдени-әдеби ауыс-түйіске жатқызу,

біздіңше, біржақтылық болады. Ал түбі бір тектес, туыстас халықтардың әдеби мұрасы туралы сөз басқа. «Алпамыс», «Қобыланды» жырларында бұл айқын көрінеді.

Өткен тарихқа зер салсақ, қай халықтың болмасын ауызша әдебиетінің өлең, жыр ретінде пайда болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқанын байқаймыз. Әріге бармай-ақ, әлем халықтарының поэтикалық мәдениетін алсақ, олардың түп-тамыры тереңге бойлап, көне замандарға тірелетініне куә боламыз. Айталық, шумерлердің сына әрпімен жазылған «Гильгамеш» туралы эпосы, сурет таңбасымен бедерленген мысыр папирустары, үнділердің Митраға жалбарынған ведалары, Зәрдеш (Заратуштра) пайгамбардың сырлы сарындары, Алланың адамзатқа жіберген қасиетті кітабы – Құранның өзі де өлең түрінде болуы кездейсоқтық емес. Айтылатын ойдың поэтикалық қалыпта болуының өзіндік мәні бар. Ырғақ пен екпіні, буын мен өлшемі бар ой еске тұтқанға жеңіл, ұмытылмай, санада ұзақтан ұзақ уақыт сақталады. Айтылатын ой неғұрлым жүйелі, әлеуметтік маңызы салмақты болса, оған қойылатын поэтикалық талғам да жоғары болуы шарт. Бұл бізді философия мен поэзияның тегінде еншілестік бар, егіз құбылыстар деген ойға жетелейді. Жалпы адам баласының тегі, тұрқы, көңіл күйлері мен сезім сырлары ортақ болғандықтан, бір-бірімен араласып-құраласып, ауыс-түйіс жасамай-ақ бірдей түйінге, тектес ойға дербес жетуі танданыс тудырмайды. Сондықтан әртүрлі халықтар фольклорында кездесетін ұқсас мотивтерді бір-бірінен ауысқан деп біржақты тұжырым жасауға болмайды.

Енді мотивтерді бейнелеу тәсілдеріне келетін болсақ, бұл мәселе әлі күнге жан-жақты талданып, басы бүтін ашыла қойған жоқ. Бұл жерде біз қазақ фольклористикасы туралы сөз етіп отырмыз. Белгілі фольклорист ғалым Ш.Ыбыраевтың сөзімен айтатын болсақ, «өкінішке орай, мотивтің сюжет деңгейінен төмен қарай жіктелуі әлі күнге дейін фольклортану ғылымында сөз болған емес. Біздіңше, мотивтің сюжетке дейінгі қызметі эпостың тілдік, стильдік, көркемдік бейнелеу құралдарының деңгейімен тікелей байланысты. Оның өз құрылымдық жүйесі бар және ол сөйлем, көркемдік бейнелеу құралдары, баяндау тәсілдерімен қарайлас.

Мағынасы жағынан мотив сюжет аясында жинақталады да,

құрылымы бойынша поэтикалық тіл деңгейінде сипатталады. Оның бұл ерекшелігін поэтиканың екі деңгейі – сюжеттік және тілдік деңгейді бір-бірімен жалғастырып жатқан аралық компонент болуынан деп түсінеміз» [2].

Жар іздеу мотивінің көркемдік ерекшеліктерін тануда жалпы мотивтерді бейнелеу құралдарының түрлерімен, қызметімен танысқан орынды. Әдетте, шығарма шырайын кіргізіп, сарынның барынша жанды да жинақы, отты да ойнақы, шымыр да ширақ, жеңіл де жүрдек болуы үшін жыршы әртүрлі әдіс-тәсілдерге жүгінеді. Осылардың ішінде табысты қолданылып жүрген тәсілдер қатарына қарама-қарсы қойып суреттеу, бас қаһарманды даралау, ұлғайту (гипербола), қайталау, теңеу, портрет, әсірелеу (гротеск), метафора, көркемдік айқындауыш, астарлау (символ), эпитет, құбылту, мегзеу, метонимия, кішірейту (литота), т.б. қолданылады. Бұлардың барлығы белгілі бір жырда тұтастай қолданыла бермеуі мүмкін. Жырдағы оқиғаның өрбу барысына қарай олар ретімен пайдаланылады. Айталық, сюжеттің өрбу кезеңдерін, кейіпкердің белсенді әрекетін сипаттайтын кезде көркемдік бейнелеу құралдары түйдек-түйдегімен шоғырлана қолданылады. Өтіп жатқан оқиғалардың жанды суретін алдына тосып, тыңдарманын еліктіре, ілестіре отырады.

Жар іздеу мотиві эпостар мен тарихи жырларда, төл және сырттан келген хисса-дастандарда қатар қолданылғанымен, онда пайдаланылатын көркемдеу құралдары біркелкі емес. Көтеріңкі леппен желдірте жырланатын эпостарда қолданылатын көркемдік тәсілдер тарихи жырларда кездескенімен, соншалықты өнімді пайдаланылмайды.

Қазақтың қай жырын алсаңыз да олар көркемдік құндылығымен ерекшеленеді. Композициялық құрылымының беріктігі мен сюжеттік желісінің тартымдылығы, суреттеу, бейнелеу құралдарының орнымен қолданылуы, тілінің бай да құнарлылығы, оқиғаның динамикасы тыңдарманын бәр сәт те бейтарап қалдырмай, ынтықтырып, алға жетелеп отырады. Және жыр көпшіліктің бағасын да сол сәтінде алады. Жырдың мұндай қасиеттерге ие болуын оның тікелей көпшіліктің алдында орындалуымен және ауыздан ауызға көшіп, ғасырлар теңінен өтуімен байланыстыруға болады. Егер де жыр тартымсыз болса, оқиғалары нанымды болмаса, көпшілік оның ары қарай

жырлануына ықыласты болмас та еді. Қазақ эпосының жоғары көркемдік қасиетке ие болуын ел тарапынан қойылатын талаптарға жауап беруге ұмтылуымен сабақтас қараған орынды.

Бір қызығы, тарихта болған осынау оқиғалар қазақ эпикалық жырларының дәстүрлі сюжет құрылымымен сәйкес келеді. Мәселен, «Алпамыс» батыр жырындағы Алпамыстың іс-әрекеті: жедел ер жетуі; алғаш ерлік көрсетуі; Гүлбаршын сұлуға үйленуі; осыдан соң ғана қалмақпен соғысы баяндалатындығын еске алайық. Әсіресе, Алпамыстың он жасында алып батыр болып, жұдырығы тиген балалар мерт болуы ерекше жаратылысты ерліктің белгісі ретінде қабылданған. Мұнда Алпамыс қолынан жазатайым қаза болған балаларға аяушылықтан гөрі, Алпамыстың қуат-күшіне ерекше назар аударылған. Бұл оқиға қаза болған баланың анасы тарапынан жазғырылғаны болмаса, жалпы халықтық кінәлауға ұласпайды.

«Алпамыс батыр» жырында екі тақырып желі тартқан: үйлену және отан қорғау. Ерлік пафосының негізгі бастауы отбасылық-рулық қарым-қатынаста жатыр.

«Алпамыста» алғашқы сюжеттік желі алғашқы қауымдық құрылыстан жіктеліп шығып, отбасы құру жөніндегі күресті бейнелейді. Ал келесі сюжеттік желі кейінгі кезең көріністерін сипаттайды, атап айтқанда, қоғамдағы мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктер, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес мотиві байқалады.

Елден асқан батыр баланың дүниеге келу мотиві қазақ жырындағы тұрақты тәсілдің бірі. Ол байланыс қызметін атқарып, негізгі бөлімнің кіріспе рөлін атқарады. Бас кейіпкер идеалдандыру да осы мотивті суреттеуден басталады.

Негізгі бөлім; әдетте кейіпкердің туған үйін тастап, жыраққа сапар шегуінен басталады. «Алпамыс» жырында бұл сапар қалыңдық іздеумен немесе жер көрумен байланысты.

Алғашқы сюжеттік желінің шарықтау шегі кейіпкерді болашақ қалыңдығымен кездесу сәтіне сәйкес келеді. Той алдындағы сынақ қалыңдықтың күйеу жігітпен күресі – эндогамдық некелік дәстүр. Күрес жүргізу салтының мақсаты – күйеу жігіттің шамашарқын байқау, оның отбасылық тәлім-тәрбиесі мен шыққан тегін сынап көру.

Жекпе-жек күш сынасып байқау біз қарастырған шығар-

малардың басым бөлігінде кездеседі. Бұл мотив әлем халықтарының фольклорында кең таралған десек, қателесе қоймаймыз. Әсіресе, Кавказ бен Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетінде жиі ұшырасады.

А.Н.Киреев бұл мотивті матриархат пен патриархаттың күресін бейнелейді деп таниды [80]. Бұл пікірдің дұрыстығы талас тудыратындығына қарамастан, белгілі бір деңгейде ақиқаттан алыс кетпейтінін де мойындаған жөн. Бірде ана еркі, енді бірде әке еркі үстемдік еткен кезеңдер ерекшелігінің сілемдерін біз көне ғасырлардан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан бағзы дәуір жырларынан анық байқаймыз.

Сюжет желілері тарихи шындықтың ізімен өрбіп отырады. Бұл да тындарманды қызықтырып, еліктіріп отыру мақсатында қолданылған көркемдік тәсілдің бірі.

Түс көрудің көбінесе эпикалық шығармаларға тән екендігін ескерсек, оның қажеттілігі алда болар оқиғаны алдын ала сездіруімен маңызды. Ғалым Р.Бердібаев «Ер Көкше» жыры жөнінде айтқан пікірінде: «Белгілі бір оқиғаларды түс көріп «болжау», қиын-қыстау кезеңдерде атқа «тіл бітіп» сөйлейтін ойы, өлген батырдың қайта «тірілуі», жай тасының құдіреті мол жауын «жаудыру» секілділер ескі дәуірдегі анимистік, магиялық, тотемистік дүниетанымдар қалдығы» [13, 11 б.], – дейді. Рас, түс көру, оны жорудың көнелігінің арғы дәуірлерде жатқандығын «Оғызнаме» дастанындағы Ұлығ Түріктің немесе Қорқыт ата кітабындағы» Салор Қазанның: «-Түсімде не көргенімді білермісің, туысым, Қара Көне? Қайғылы бір оқиға көрдім. Жұдырығымда талпынған қаршыға құсымның өлгелі жатқанын, ақ отауымның үстіне көктен жарылып жай түскенін көрдім. Ел жұртымның аспанын қара тұман басқанын көрдім...» [101, 33 б.], – дейтін сөздерінен байқауға болады.

Қазақ ертегілерінде түс көру көп жағдайда қара сөз түрінде әңгімеленетін болса, батырлық жырларда өрнекті, ойнақы жыр жолдарымен жеткізіледі.

Жалпы қазақ эпосының поэтикалық құрылымында қара сөз бен өлең аралас келеді. Ал, суреттеу тәсілі - баяндау, сипаттау, монолог, диалог, арнау түрінде аралас қолданылған.

Көркем теңеу мен күрделі эпитет, дыбыс қайталаулар -жанды сурет, айшықты образ жасап қана қоймай, жырлардың эмоциалық-экспрессивтік қуатын да арттыра түскен.

Жар іздеу сарынын бейнелеуде қолданылған көркемдік құралдар жайын сөз еткенде «Қазақ эпостарында ұшырайтын сөз қайталаулары, эпикалық аңыздауларға ортақ өрнек болып табылатын формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер болып табылады... Өйткені мұндай теңеулер халық құлағына ежелден қанықты, жатық естілетін, ешкімнің «жеке меншігі» емес, кімде-кім қисынын тауып, іске жаратуға да хақылы, үйреншікті сөздер болып есептелген» [68, 126 б.], – деген пікірдің маңызы зор. Бұған мысалды біз жоғарыда сөз еткен жырлардың қай-қайсысынан болса да, киналмай таба аламыз.

Жырлардың композициялық құрылымы, сюжеттік желісі көне түркі дәуірінен жалғасқан әдеби қалыпқа, жүйеге, дәстүрге негізделгенін аңғартады. Өйткені «Дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен іс-әрекеттердің рухани негізі екені мәлім. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады» [94, 3 б.].

Зерттеушінің осы пікіріне ден қойсақ, жыршылар көркемдік дәстүрдің өзіндік болмысын сақтай отырып, жаңғырып, жаңарып отыратындығын байқаймыз. Осы талаптар үдесін келгенде біз қарастырып отырған жар іздеу сарыны қарастырылатын жырлардың бірқатары композициялық құрылымы жағынан мазмұнын ашатындай әртүрлі тақырып қойылған бөлімдерге жіктелген. Осылай жүйелеу «Оғызнаме», «Махаббатнаме» дастандарында да қолданылған. Демек, шығарманы тармақ, бөлімдер арқылы бір желіге байланыстыру - белгілі бір дәстүрдің ықпалы деп ойлаймыз.

Әрине, көркемдік жетістіктер тарихи шындықты ажарландырып, құбылтып, құлпыртса да, ондағы дәуір тынысы, заман ағымы көлеңкеде қалмаған.

Әдемілікті, сұлулықты бейнелеу барысында аспан әлем қолдану, яғни, айға, күнге, жұлдызға теңеу қазақ фольклорын көне дәуірде қалыптасып, дәстүрге айналған құбылыс.

Сүйгенін іздеп, ұзақ сапарға аттану, жолдағы кездескен керемет қиыншылықтарды бұзып-жарып өту, сөйтіп ғашығына жолығу халық ауыз әдебиетінде, атап айтқанда, ертегілерде, батырлар жырында, ғашықтық дастандарда жиі кезігетін желі. Бұл желіге дәйек болар деректерді жоғарыда келтірдік. Бұны да дәстүрлік көркемдік үлгі деп тануға болады.

Әр эпикалық шығарманың ішінде өзінің эпикалық уақыты, өзінің эпикалық кеңістігі болады. Орындаушы-жыршы шығарманың мазмұнын баяндап отырып, өзі де сол құпиялы, тіпті сиқырлы эпос әлеміне кіріп, артынан тындармандарды ала жүреді. Тындаушы эпосты тындап отырып жыр ішіндегі желдің көтерілісін сезініп, аттың шабысын естіп, тіпті кейіпкерге болысқандай айғай салып, кейде аяныш сезімдерін білдіреді. Қазақ халқының эпикалық жырындағы дәріптелген кейіпкерлер, әсіресе сценалар (гипербола), қалыптасқан эпитеттер және тағы да басқалары жай ғана жыршының шығармашылық әдіс-амалдарының нәтижесі емес. Бұл – жыршы мен жыр ортасынан шыққан эпос тілі. Бұл тіл арқылы жыршы мен тындаушы, екеуіне де ортақ кең дүниеге бір көзқараспен қарап, бірдей ойлап, айналаны бірдей эстетикалық жағынан қабылдау барысында өздеріне ортақ, керек және түсінікті шындықты көреді. Ол көрініс ойдан, қиялдан шығарылған емес, орындаушы мен тындаушының ізгі, идеалды, кемшіліксіз шындығынан туған көрініс. Демек, эпикалық ортаға ортақ эпикалық тіл, эпикалық кілт болуы тиіс. Сонда, ғасырлар бойы эпикалық жырдың көркемдік поэтикалық мәтіні өзгеріп отырғанымен (себебі фольклордың өзі бір орында тұрмайтын құбылыс), эпикалық негізі сол қалпында қалады.

Халық поэзиясында бейнелі сөз түрлері, сөз нақыштары сан жағынан жазба әдебиеттегідей мол болмағанымен, оның есесіне жиірек қолданылады. Халықтық өлең-жырларда бейнелі сөздердің берік орнығып, тұрақталғанын әбден екішеліп, сұрыпталғанын, поэзияның тіл кестесіне хас үлгі нақыштар болып қалыптасқанын байқаймыз. Сондықтан халықтың өлең-жырларындағы әр эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу, символ секілді сипаттау, салыстыру, көріктеу тәсілдеріне байсалдылықпен қарап, тексерудің олардың халық тілінің халық поэзияның сөз кестесіне тән өзгешеліктерін біліп-түсінудің мәні зор.

Жар іздеу мотиві барлық дастан-жырларда дерлік әртүрлі

деңгейде кездеседі. Біреуінде ол жырдағы нақты мақсат болса, екіншісінде жырдың көркемдігін, оқиғалылығын арттыру үшін қолданылған амал. Бірақ қазақ эпосындағы жар іздеуге қатысты сарында ұшырасатын бәріне ортақ белгі бар. Ол батырдың жар іздеу жолында түрлі сынақтардан өтуі, таңдаған жарына оп-оңай қол жеткізе алмауы. Әдетте, болашақ батырға өзінің қалыңдығын алу үшін жаулармен соғыс жүргізуге, түрлі сындардан өтуге, палуандық, мергендік жарысында озып шығуға тура келеді. Мұнда терең өмір шындығы бар. Қаһарманның алғашқы күрделі қайраты, тегеурінділігі жар үшін күрестен басталуында символдық мағына жатыр. Елдің, рудың басшысы болып табылатын жас батырдың өмірлік серігі қандай болу керек деген сұраққа эпос өзгеше мән береді. Қазақтың қаһармандық жырларында батырлар қашан да өз жарларын үлкен ұрыс жүргізіп, жауын мұтып барып алатындығы, бір жағынан, көшпенді жаугерші өмірдің объективтік шындығына сәйкес келсе, екіншіден, эпостың құрылысындағы қажет көркемдік тәсілдің бірі болып саналады. Қазақтың қаһармандық эпосы ішінен жұртшылыққа неғұрлым танымал «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Тарғын», «Қамбар батыр» секілді нұсқалардың жалпы бітімі классикалық батырлар жырына тән өрнектер толығырақ байқалатынын көреміз. Мұның өзі түрлі халықтар эпосы арасында кең мағынасындағы тарихи-типологиялық ұқсастықтар, маңыз заңдылықтар орын алатындығын аңғартады. Батырдың қандай жағдайда болса да, ол алғаш көргеннен ғашық болып немесе оның сұлулығы ешкімге тең келмес сұлулық болып келеді.

Бұл айтылғанның бәрі де қаһармандық эпостың пафосы ерлік, батырлық, жауды жеңіп қана бейбіт өмірді кешу сүйіктілерімен болу екендігін дәлелдеу болып табылады.

Сөз жоқ, халықтың өткендегі тарихын түсінуіміз үшін халық ауыз әдебиетінің, оның ішінде қазақ жырының мәні зор екені күмәнсіз. Ел тарихы ерлерімен және қыздарымен көрікті. Қай заманда да тарихи оқиғалардың бел ортасында ірі тұлғалар тұрған. Олар атқарған істің жақсы жаманы сол ұлт тағдырындағы мән маңызына қарай бағаланатыны да даусыз. Байырғы заманғы миф, аңыздардан бастап, бүгінгі күннің тарихи көркем шығармаларына дейін ел тағдырымен қарайлас ғұмыр кешкен қайраткерлер, батырлар, ақындар, жыраулар, билер бейнесі оларға түп қазық боп алуының себебі осында.

Барша жырда кездесетін ортақ желі – Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елдерін басқаларға тәуелді етпеу. Қазақ жырларының ерекшелігі оларда бейнелі сөз кестелері өте мол.

Батырлар да ет пен сүйектен жаралған пенде, олар да қуанады, ол да барша адамдай күйінеді. Жырлар тек идеялық мазмұнымен ғана емес, өздерінің бүкіл көркемдік құрылымымен ерекшеленеді.

Құрылысы жағынан батырлық жырының мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Батыр ескі ұғым-наным бойынша «құдайдан тілеп алған» біреудің жалғыз баласы болады. Төрт-бес жастарында-ақ асқан күштің иесі екенін танытып, өзіне серік әйелі мен аты табылып, жасынан-ақ ел қамын, жұрт пайдасын ойлайды. Бұл өзіне тән ең негізгі ерекшелік. Ал кейбір батырларға атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді, отқа салса ерімейді, суға салса батпайды. Бұл, батырлық жырында ерекше әсірелеу /гипербола/ арқылы суреттеу, ертегілік сарын басым болып келеді.

Қазақ эпостарының тілі мейлінше бай, өмірдің қандай құбылыстарын суреттесе де жеріне жеткізіп бере алады. Қандай жағдайды көрсетпек болса, соған лайықты сөз образдарын қолданатындығын көреміз. Адамның не аттың пішінін жасауда эпитет, не оның тұрақты түрі теңеулерді, іс-амалдарды суреттеуде дамыту яғни градация бір нәрсені мақтамақ, дәріптемек болса, әсірелеу, кемітпек, кішірейтпек болса, литоталық образдарды көп пайдаланады.


Әсірелеу эпостарда ерекше орын алады. Өмірдің қандай құбылысын суреттемек болса да шектен шығара, асыра айтушылық жиі ұшырайды. Адамның тұлғасын, қимылын, табиғатын, қысқасы не нәрсені айтса бәріне қолданылады. Кейде жау бейнесін көрсетуде қолданылған әсірелеу ирониялық мәнде болады.

Қазақ фольклорында поэмалық тәсілдің бірі психологиялық параллелизмдер өте көп ұшырасады. Халық ауыз әдебиетіндегі эпостардың ұқсастықтарына осылар жатады. Ал діни дастандардың өзіндік ерекшеліктері – олардың сюжеті, композициясы мен мазмұны, шығу тарихы мен даму жолдары, негізгі идеясы исламдық руханият құндылықтарын үгіттеуге бағытталған. Осы идеяны жүзеге асыру үшін діни дастандарда дүниенің исламға тән жаратылыс түсініктері, Құран мифологиясы эпикалық

мотивтер, типтік бейнелер кеңінен қолданылады. Бұл шығармалар көбіне ойдан шығарылған көркем қиял болады. Діни дастан құндылықтарын жырлап, әрбір оқырманның жүрегіне имандылық сезім ұялатады.

Лиро-эпостың діни дастаннан, батырлық жырынан айырмашылығы, басты мақсаты - ерлікті емес махаббатты жырлау, шайқасты емес, сүйіспеншілік үшін күресті дәріптеу болып келеді. Сол себепті мұнда ел ішіндегі бейбіт өмір, халықтың тұрмысы, салт-ғұрпы молырақ көрініс табады, кейіпкерлер соғыс алаңында емес, имандылық майданында айқасады. Ал тарихи жырдың өзіндік ерекшелігі ол - қарақан бастың қамымен, сыйлы адамның мүддесін жырлауға емес, басты кейіпкер халықтың арман тілегін орындау жолындағы күресуші ер.

Қазақ эпосындағы батырлардың жар іздеу мотивіне байланысты композиция түрлерін қарастырып көрелік. Осы талдауларға сүйене отырып қазақ эпосындағы кейіпкердің жалпы жар іздеуін мынадай құрылым бойынша көрсетуге болатын сияқты:



Эпостық жырларда көп қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі сұраулы сөйлемдерді жиі қолдану. Бұл «Алпамыс» батыр жырында көп кездеседі. Мысалы,

«Жылағанда көзіңе
Қанды жасың толмай ма ?
Тауға біткен бәйшешек
Сірә, қурап, солмай ма?
Мендей ғаріп диуана
Сұрағанда аға еке-ау

Сырыңды айтсаң болмай ма?! [50, 285 б.] Немесе «Қамбар батыр» жырындағы Назымның батырға ашынып айтқан сөзіне тоқталайық:

-Қайырылмай қайда барасың?
Хан сүйекті Қамбар-ау!
Қабағы қатып шаршапты,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау,
Арызыма менің құлап сап,
Ақылың болса, аңғар-ау,
Ақ төсімнің үстінде
Қол тимеген мал бар-ау... [103, 129 б.]

Мұндағы «Хан сүйекті» деп аса батырды мадақтап, ерекшелендіріп отыр. Сондай-ақ, «Ер Қосай» жырындағы қыздың батырды өзіне қарату мақсатында айтқан мына сөздеріне тоқталайық:

Етігім шешіп ал демей,
Белбеуім шешіп ал демей,
Төсегім қағып сал демей?

Не болды саған үндемей? – [104, 119 б.] деген сөздерінде де диалог, сұраулы сөйлемдері жиі кездеседі және қыз жағынан ұнату сезімін тұспалдап жеткізгендігі анық көрсетілген.

Енді бір жұмбақ сөздері кездеседі
Арғымақ қашан болса бір қалыпта,
Семірсе жабы жанды жолата ма?
Сайрайды бұлбұл құс та гүлге қонып,
Сасыр мен тікенекке тіл қата ма?
Қырымнан қанат қағып қыран шабар,]
Жапалақ жардан шықпас бұратала. [104, 144 б.]

Сұраулы сөйлемдер арқылы жұмбақтап, тұспалдау тәсілдері де байқалады.

Сол сияқты лиро-эпостық жырларда көркемдеу құралы ретінде ирония, сарказмге де жүгінеді. Айман-Шолпан жырындағы:

Базарда Тенге болсаң, бұл боларсың,

Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың,

Батырдың айтқан сөзі рас болса

Қолыма су құятын күң боларсың, – [58, 354 б.] деген өлең жолдары шығарманың әсерлілігін арттырып тұр.

Сол секілді шығарма шырайын арттыруда теңеулер мен эпитеттер де табысты қолданылады. Алпамыс батыр жырында мынадай жолдар бар.

Сарттар сокқан түнектей-/теңеу/

Қабағы қалың сол бала

Тіпті шұнақ қу бала /эпитет/

Шұбар ат мініп келеді.

Жылағанда көзіме

Қанды жасым /эпитет/ толады. [36, 43 б.] «Ер Тарғын» жырында:

Аш арыстан жүректі,

Балуан жолбарыс білекті

Жігіттің мәрті мен едім! /Метафора/

Қайнаған қара бұлыттай,

Қайнап біткен болаттай

Тұлғасына қарасам,

Сайдан шыққан қолаттай.

Қабағы тастай түйілген,

Лашын құстай шүйілген

Жеңсіз берен киінген. /Теңеу/ [104, 15 б.] Жалпы фольклордың сөз орамдары керемет жазылған. Қазақ және қырғыз жыршы-ақындары күн нұрына бөленген көрікті қыздардың сырт сымбаттылығын суреттегенде: бірде-бірі қыздың ажарына қабақ шытқандық жоқ, бәрі де жарқырап, ажарланып, көріктеніп көрінеді. Олар бейне бір өздерінің көркін, келбеттерін табиғаттың, тазалығымен таластырғандай сезіледі. Әр жырды оқыған сайын қаншалықты ару, дүниеде тең келмес сұлулар бар, соның әрқайсысын оқыған сайын өзінше ерекше тебіреніс береді. Соның бірі әйел образдары әртүрлі ерекшеленіп, түрлі мінезде көрінеді.

«Ер Тарғын» жырында Ақжүніс бейнесі ең алдымен сұлулық жағынан көрсетілген. Оған берілген сыртқы портрет мынадай:

Ханның бір қызы бар еді,
Шашын дәндерменен тараған
Бектер мінген бедеудей,
Бауырынан жараған,
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Бет ажарын қарасаң
Терісінен айырған
Жарма-бидай, ақ ұндай
Қасы сарыжадай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген.
Қараған кісі үңілген,
Қолаң шашты, қой көзді
Әйелдегі бір сөзді -Ақжүніс атты ару еді.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Нәзік белді, шырын сөз,
Пісте мұрын, қалам қас,
Ақ тамақ балғын, сүмбіл шаш... [104, 13 б.]

«Болат-Жанат» жырындағы қыз Жанаттың сөйлем орамдары ерекше атауға болады.

Қыпша белді, қалам қас,
Ұқсайды бейіш үріне.
Адамзатқа ұқсатпас,
Қараса байқап түріне.
Не қылып мұнда жүрген деп,
Бейіштен ұшып келген деп,
Осылай кірді кеуліне.
Неше түрлі құбылып,
Ұқсайды дию, періге.
Жоқ болса да өзінде,
Бар шығар ата тегінде.
Екі беті анардай,
Екі көзі панардай.
Бұл секілді сұлуды
Көрген емес өмірде.

Мысалы жанған жалындай,

Ақ бетінде кіршік жоқ,

Ақ тауықтың қанындай – [105, 25 б.] дейді. Мұнда «бедеудей», «сағымдай», «қолаң шаш», «танадай», «маралдай», “сары майдай”, “сүмбіледей”, «оймақ ауыз», «пісте мұрын», «ақ тамақ», «балғын», «нәзік белді», «қыпша белді», «бейіш үрінен», «дию», «пері», «анардай», «панардай», «жанған жалындай», «тауықтың қанындай» деген эпитет пен теңеулер қолданған.

Міне, осылайша адам табиғатқа, табиғат адамға мейірлене қараған сәтте күймеде кетіп бара жатқан Жібек сұлудың бейнесі жарқ етіп көрінеді.

Ақ маңдайы жалтылдап,

Танадай көзі жарқылдап,

Алтын шашбау шашында,

Қыз Жібектің шаштары -

Қоғалы көлдің құрағы.

Көз сипатын қарасаң,

Сегіз бейіш ішінде

Қорлардың жаққан шырағы! [60, 100 б.]

Шаштары – қоғалы көлдің құрағы, қолаң шаш, сүмбіл шаш, қап-қара шашы, алтын шашбау; Көз сипаты – сегіз пейіш ішінде, панардай, қой көзді, бота көз.

Айдай асқан сұлу Жібектің осындай көркемдігінен алғашқы бетте Төлеген жасқанып, сескенгендей, ішкі салмағын жоғалтып, не деп сөйлесерін білмей, абыржып қалады.

Мазмұнды, жанды сурет Жібектің сұлулығымен қатар кербездігін, ұяты күштілігін, зеректігін, тәкаппарлығын көп қырлы етіп танытады. Бұл айтқанымызды мына жолдар растаса керек:

Кер маралдай керіліп,

Сары майдай еріліп,

Тәңірі берген екі аяқ,

Бір басарға ерініп...

Атқан оқтай жылысып,

Ор қояндай ырғысып,

Қылаң етіп, қылт етіп,

Сылаң етіп, сылт етіп,

Тау суындай құлтылдап,

Сүмбіледей жылтылдап,
Буындары бұлтылдап,
Мықындары былқылдап,
Айдынды туған Қыз Жібек,
Отауға қарап жөнелді. [60, 108 б.]

“Ер Тарғын” жырында:

Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай;

Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған

Арпа-бидай ақ ұндай [104, 13 б.]

Осындағы теңеме, балама сөздердің бәрі де ескі эпикалық поэзияның қорынан ауысқан, көне өмірдің ерекшелігіне сәйкес туған кестелер екені көрініп тұр. Жүрісі - «керіліп, ерілін, бір басарға ерініп, жылысып, ырғысып, қылаң етіп, сылаң етіп, құлтылдап, жылтылдап, бұлтылдап, былқылдап, бұраңдап» деген қимыл-қозғалысты білдіретін етістік сөздерді қолдану арқылы сұлу қыздың динамикалық портретін жасап бейнелілігін арттырып, ғажайып сурет жасайды.

Бірақ осы дәстүрлі бояу, бейнелер Жібектің қайталанбас тұлғасын нақтылауға жараған. Демек, бұл арада эпикалық әсірелеу сұлу қыздың сырт кескінін ғана емес, ішкі жан толқынысын да ашуға себеп болған.

«Қыз Жібек» жырының тілі аса көркем. Оны ақын көтеріңкі стилде жырлап, эпос элементімен жалғастырған. Онысы теңеулерінен де байқалады. Жыр теңеулері таңдамалы заттардан алынған. Соның бастылары - нар, ай мүйізді қошқар, жорға, күн, жұлдыз немесе алтын, гауһар болып келеді. Ақын кейде пейіш, шайтан, хор, құдай дейтін сөздерді ұнатпайды. Сонымен бірге төрт түлік малға байланысты алынған теңеулер де бар.

«Қыз Жібек» жырында табиғат суретін ақын белгілі бір идеялық сезімге айғақ ете қолданған. Ғашықтар тұсына келгенде стихия олардың азаттық сезіміне қарсы қойылған күш. «Қозы Көрпеш» жырындағы бетпақдала, «Қыз Жібек» әңгімесінде Қособа шөлінің мәні сондай. Бұл жырда күн мен түн суретінің де орынды қолданылған пейзаждық үлгілері көп. Төлеген Жібекке өзінің ғашықтық үмітімен бағы өрлеп бара жатқанда, күн шыға кездесіп, тал түсте жолығады. Ал бақыты қайтқан кезде ол

күн бата аттан құлап, қараңғы түнде жан тапсырады. Пейзаж Төлегеннің түрліше сезіміне айғақ болып тұр.

Жырда қазақтың ұсақ салт өлендеріне тән қоштасу, естірту, жоқтау, араздасу, қарғыс, тілек, ақ бата, көңіл айту, айтыс, сүйіспеншілік наз, күш таластыратын сыршылдық өлендер кесек-кесегімен жүр. Мұның бәрі жырдың көп ұғымдылығын көркемдігін арттырып, Төлеген идеясының қуатын күшейте түскен. Оқиға байлығы мен сыршылдық, психологиялық сезімдердің мол суреттелуі бұл жырдың өмір танытушылық мәнін жоғары қояды.

Лиро-эпос ішінде өзінің көркемдігі мен тарихи мәні жағынан бағасын жоймайтын халық мұрасының бірі «Қыз Жібек» жыры.

Жоғарыда аталған жырмен теңдес ғажайып мұрамыздың бірегейі «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры. «Қозы Көрпеш» жырының сюжеті қазақ, башқұрт, оқут, ұйғыр, Сібір татарларында бар. Соған қарағанда оны бастапқы ертегілік желісі Алтай, Жетісу жағында, оғыз тайпалары дәуірінде туған ба дейміз. Алтайлықтар бұл жырды «Козюке», «Козы Еркеш», «Малшы мерген» десе, ұйғырлар «Бозы Көрпеш» дейді.

Жырдың түпкі идеясы әйел басындағы теңсіздікпен байланысты болғандықтан, бірінші орынға Қозы емес, Баян образы шығады. Жырдағы Баян бейнесін біз негізінен екі арнада түсінеміз. Бірінде ата-ана салты, ескі қоғам дәстүрімен келіспей, өз жүрегінің нәзік сезімін, еркіндігін жоғары ұстайтын халықтық бейне. Екіншісінде Баян – дәстүрге мойынсұнған, сол себептен жесір немесе құдалық идеясының жетегінде жүрген пассив образ.

Баян образының ең күшті жағы трагедиялы жырларда десек, оның ең басты қасиеті – азатшылдығы. Қыз басындағы осы жүйені жыр берік махаббат, күшті адамгершілік сезім арқылы гуманизм рухында жырлай білген. Екі жастың махаббаты үнемі дамып, күшейтіліп, динамикалық арнада беріледі. Қодар киянат жасап, Қозыны Шоқтеректе өлтірген сәтте де Баян өзінің сертінен қайтпайды.

Жұбатпақ болған әкесіне:

Етегімді жел ашып жүрген емен,

Қозкеден басқаға күйген емен,

Әке, неке қи-дағы енді өзің ал,

Елден бура салғандай інген емен, – [35, 87 б.] дейді.

Баянның жарқын мінездері мұнымен де шектелмейді. Ол өзінің адамдық, сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары қояды, оған ешбір кір келтірмейтін, халыққа да үлгі, идеал болған қыз. Өзінің Қозыға деген адал махаббатын, сол сезімге беріктігін ақырғы рет болса да жақтап қалу үшін Баян, Қозы сүйегінің басында алтынын шешіп өзіне-өзі қанжар салады.

«Қозы Көрпеш» жыры көп заманнан бері келе жатқан сюжет болса да, онда ХІХ ғасырдың орта кезінде қазақ даласында туған саяси-экономикалық өзгерістердің де таңбасы бар. Соны кейінгі айтушылар құдалық, әмеңгерлік салттарының әсерімен жаңғырта жырлаған.

Жырдың өткір, әлеуметтік тартысына сай сюжеттік құрылысы да көркем әрі қонымды. Трагедиялы жырлардың сюжеті негізінен үш салаға бөлінеді: а) екі байдың аңға шығып құда болуы, Сарыбай өлген соң Қарабайдың антын бұзып, көшуі. Бұл тарау жырдың экспозициясы мен байланысына сай; а) Қозының Баянды іздеп табуы, екеуінің табысуы мен өлімі. Бұл сюжеттің дамуы мен шарықтау шегіне тән; ә) Қозы өлген соң Баянның жұртта қалып, Қозы бейітінің басына барып өлуі. Бұл оқиғаның басты шешуі. Жырдың ең басты кейіпкері Баян болатыны да осыдан келіп туады.

Бұл жырдың өлмейтін көркемдік қасиеті образдарының қуатында, тіл байлығында. Онда араб-парсы сөздері мейлінше аз, жыр байырғы халық сөзінің мол лексикалық қорына негізделген. «Қозы Көрпеш» диалекті емес, қазақтың әдеби тілнамасына жол салған эпостық мұраның бірі. Бұл үлгілердің тілі, өлеңдік кестесі, идеясы қарапайым халыққа жақын, түсінікті.

Жыр ертегі желісімен айтылмай, нақтылы өмір оқиғаларына құрылуымен ерекшеленеді.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қазақ даласындағы барлық лиро-эпостық жырларға жол салған шығарма. Сол негізінде «Мақпал қыз», «Құл мен қыз», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Есім сері-Зылиха» сияқты көптеген ғашықтық жырлар туған.

Қазақ халық ауыз әдебиеті саласында көп зерттелген жырдың бірі «Қамбар батыр» жыры. Бұл жырда да шұрайлы сөз тіркестері, келісті көркем суреттер мол.

Қамбар батыр жырында қыз Назымды былайша әсірелейді.
Қыз Назым шықты бұрандап

Он сегіз толған жасында
Кәмшат бөрік келісіп
Бриллиант қойды басына
Қара мен төре қайғырды

Болса деп бізбен ашына [53, 89-210 бб.]. Жырларда өнімді қолданылатын бейнелеу тәсілдерінің бірі – қайталау (анафора).

Алпамыс батыр жырындағы мына бір өлең шумақтарында көркемдік амалдардың бірнешеуі қатар кездеседі:

Аузына қарасам,
Сұлуды таңдап сүйгендей.

Келбетіңе қарасам,

Қымқапты таңдап кигендей. [36, 72 б.] Мұнда эпифоралар да, теңеу де бар.

Ал Қобыланды батыр жырынан қайталауға мынандай мысал келтіруге болады:

Қикаладың дерсің сен,

Найзаменен өлтірсем.

Микаладың дерсің сен,

Мылтықпен өлтірсем.

Жазым қылдың дерсің сен,

Мінген атың құла ғой,

Сендер көп те, мен жалғыз,

Қасына келді бір бала,

Білгенінді қыла ғой. [108, 68 б.]

Кейіпкерлер бейнесін жасауда эпитеттер жиі пайдаланылады. Мысалы, Алпамыс батырдың тұлғасы «бүркіт қабақты», ал ол сүйген қыздың «бір кірпігі алтыннан, бір кірпігі күмістен» жаратылған. Нақты да жанды сурет емес пе.

Сонымен бірге жыршылар кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, сезім құбылыстарын суреттеуге де шебер. Батырдың ашу-ызасы келгендегі сәті Ер Қосай жырында былайша суреттеледі:

Лашын құстай *шүйілді*,

Ақ сұңқардай түйілді

Қынай белін буады

Бұлт шайнап, мұз бүркіп,

Үркер мен айдай тоғысты [53, 86 б.]. Мұнда психологиялық параллелизм арқылы жанды сурет жасалған.

«Ер Тарғын» жырын алып қарасақ, психологиялық

параллелизмді көбірек байқаймыз. Мысалы, бұл батырдың бел омыртқасы үзіліп, жападан жалғыз қалған кезіндегі монологтан ерекше көрінеді:

Асыл туған Ақжүніс
Күнді байқай қарасам
Күнді бұлт қоршайды
Күн жауарға ұқсайды
Айды байқай қарасам

Түн жауарға ұқсайды, [53, 124 б.] – деп табиғат құбылыстарының күңгірт құбылыстары арқылы батырдың басына түскен ауыртпалығын параллелизм арқылы суреттейді.

Жыршы Тарғынның жауға жападан жалғыз атой сап шапқан сәтін:

Сары ала туы салбырап

Шапты батыр тебініп, [53, 131 б.] – деп эпитет арқылы өрнектеп келеді де ары қарай теңеуді қолданады.

Жырда теңеулер мен параллелизмдерді көптеп кездестіруге болады. Тарғынның бір жаратушы, Алла Тағалаға жалбарынуы:

Құдіреті күшті Құдайым
Сындырмағай белімді
Тарылтпағай жерімді
Нендей заман білмеймін
Арт жағына қарасам
Қайнаған қара бұлттай
Бұлшығына қарасам
Қайнап біткен болаттай
Тұлғасына қарасам

Сайдан шыққан бұлақтай [53, 112 б.] түрінде беріледі.

Жырда эпитет те айрықша көп. Мысалы: «қолаң шашты, қой көзді», «аш арыстан жүректі, жолбарыс білекті» деп Ақжүністі суреттесе «Сары ала туы салбырап», «Алты құлаш ала ат», «алты қырлы ақ мылтық», «кебеже қарын, кең құрсақ қылша мойын десе Қартқожа бейнесін суреттеуде: «қоңыраулы найза қолға алып», «жеңсіз берен, киіп көк серек атты борбайдай» деген сияқты эпитеттерді аңғаруға болады.

Ер Тарғын жырында монологты да көптеп кездестіруге болады. Мысалы: Ханзада хан елі жұртқа кеткендегі Тарғынның монологы:

...Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау
Бұлдырап тұрған құрғыр тау
Қаптай қонар елім жоқ
Елім-күнім Кәрібоз... [53, 120 б.]

Қай эпостық жырды да алып қарамасақ та, барлығында да коштасу жанры көптеп кездеседі. «Ер Тарғын» жырында Ақжүністің Тарғын өлсе, көңілі маған қон болсын деп келетін монологы бар. Бұған:

Арыстанымның барында,
Оқалы байпақ кигенім.
Оқасы жерге төгілтіп,
Әлденеден азғырдың,
Асыл туған арыстанды...
Жаман қара құлдарша,
Қорлықпенен өлген ер,
Қай батырдан кем едің,

Өлерде болдың қара жер, [53, 126 б.] – деген өлең жолдары дәлел бола алады.

Әсіресе, батырлар жырларында өнімді қолданылатын көркемдеу құралдарының бірі – теңеулер. Ол жырда тек көркемдік қызмет атқарып қоймайды, сонымен бірге халықтың дүниетанымын, дәстүрлі түсінігін де паш етеді. Батырлық жырлардағы теңеудің қызметінен эпикалық шығармадағы дәстүр белгілерін тануға әбден болады. Қаһармандықты дәріптейтін теңеулер халық түсінігін, ой-арманын, келешекке деген көзқарасын толық танытады. Түрлі қаһармандардың мінез-құлқы, іс-әрекеттерін теңеулер лайықты бере алады. Ұнамды және ұнамсыз бейнелердің теңеулер арқылы портретін жасау үнемі салыстырмалы әдіс-тәсілдермен беріледі. Батырлық жырда теңеулер бейнелі сөздермен бірігіп, жырдағы түрлі әрекеттердің мазмұнын арттыруда байланыста тұрып, бейнелік, көркемдік жағынан әрбір оқиғаларды сан алуан қырынан сипаттайды.

Жырдағы теңеу деген ұғымның аясы кең. Себебі, теңеу семантика-стилистикалық мән-мағынасы метафоралық, эпитеттік, гиперболалық, литоталық, градациялық, т.б. арқылы таратылады. Байланыс-бірлігі шығармадағы оқиғалардың даму шарықтау шегі, шешімі арқылы түсіндіруді қажет етеді. Батырлықты үлгі-өнеге етуде теңеулер образға қатысты салыстырмалы әдістер

арқылы қызметін күшейтеді. Сөйтіп, эпикалық шығармадағы барлық бейнелі сөздермен байланысқа түседі Тенеулердің айрықша үлесі батырдың тұлпарын, қалыңдығын сипаттауда толық жүзеге асқан.

Орайы келгенде, қазақ эпосындағы киелі сандар мен өң-түс атауларының да формулалық сипатқа ие екендігін айтпай өте алмаймыз. Көшпелілер кеңістіктің кеңдігіне сәйкес, уақыттың шектеулі екендігін де жақсы түсінген. Соған қарамастан өлшеулі өмірді өз мәнінде өткізуге әркім-ақ тырысып баққан.

Түркі халықтары өздерінің таным-түсінігіне сәйкес, мезгіл, мөлшерді білдіретін атауларды, сандарды пайдаланған. Әсіресе, солардың ішінде кейбір сандарға ерекше мән беріп, сол сандарға қатысты шарттарды орындап отырған.

Ғалым М.Жармұхамедов Оғыз қағанның үш баласы жөнінде айта келіп: «Тіпті осындағы «үш» санының бізде де жиі қайталанатынын ескерсек («үш күн», «үш түн», “ер кезегі үшке дейін”, “үш ұлы болыпты”, т.б.), бұл санның түрік тектес халықтарда қашаннан-ақ киелі де сәтті сан саналып келгенін көреміз. Дәл осыны “жеті”, “қырық” саны туралы айтуға да болар еді. “Оғыз намеде”, әсіресе, “қырық” саны мейлінше жиі қайталанып отырады (“Қырық сәкі”, “қырық құлаш ағаш”, т.б.), бұл жәйт оның “Қорқыт ата кітабымен” өзара үндестігін де айқын аңғартады. Мұнда бектердің үйленуіне орай “қырық күн, қырық түн тойлау” салтынан тыс, “қырық шатыр”, “қырық жігіт”, “қырық қыз”, “қырық күн”, “қырық жара”, “қырық зұлым” тәрізді тіркестер мейлінше жиі қайталаынады. Бұдан тыс “Қорқыт ата кітабында” “жеті” санына да ерекше мән беріледі (“жеті күн, жеті түн жүрді”, “күмбез жеті жерден жарылды”, “жеті күн, жеті түн ішті, жеді”, т.б.). Осы ерекшелік бізге де тән (“жеті күн, жеті түн ойын”, “қырық күн тойын”, “қырық шілтен”, “қырқынан шығару”, т.б.). Мұның бәрі түйіп айтсақ, бұл туындылардың алғаш-бұлақ бастауының бірлігі мен тамырлас туыстығын да біршама ашып танытса керек” [112, 46 б.], – деп тұжырымдайды. Мәселеге осы қырынан келгенде, түркі әдебиеті мен фольклорында тұрақты әрі киелі деп танылған сандар, біз қарастырып отырған жырларда да орын алған.

Дәл осы тектес сандық ұғымдардың “Күлтегін” ескерткішінде аса жиі қолданылғандығын және олардың қазақ эпосымен тығыз байланыстылығын ғалым М.Жолдасбеков те атап көрсеткен [116, 64 б.].

Белгілі бір заңдылықтарға сүйенген ата-бабаларымыз “үш санына аспан мен жер, адам бірлігін – мәңгілік өмір, қозғалыс, дамудың өлім мен өмір арасындағы аралық кезеңін сыйғызса, “жеті” санына – жеті кат көкті арқау етіп алып, өмірдің символикалық жалғастығын, “тоғыз” саны – тоғысу, тоқшылық ұғымын, “5 тоғыста қар кетпес, 3 тоғыстан қар қалмас”, “3 тоғыста қой қоздайды”, “5 тоғыста күйек түседі” [117, 118 б.], – деп, жақсы ниет білдірген.

Ал “он үш” санымен ай мен үркердің жыл ішіндегі тоғысуын, “он алты” санымен айдың дөңгеленіп толуын есептеген. Ай толған кезде жолға немесе жорыққа шығу сәттілік болса, той тойлау бәрінен де қызықты болған. Сондықтан да айдың толған күні жеңіс тойы тойланып отырады.

Жырлардағы манызды мәселелер қатарында “таң сарғайып атып келе жатқан мезгілде”, “қара тер, қызыл қан”, “ақ тас”, “қара жалау”, т.б. тіркестердегі өң-түс атауларының қолданысын айтқан жөн. Бұлардың да қолданылуында өзіндік ерекшелік бар. “Сары түс” көп жағдайда киелілікті, сыртқы күштің әсерін білдіреді. Қазақтың “Едіге” батыр жырында:

“Салпаң құлақ сары аттың бауырының астындағы

Жайдың тасын алыпты” [118, 26 б.] деп Едіге мінген тұлпардың бітімі бөлек жаратылысы айқындалады. Кейінгі оқиға желілерінен сары аттың ақылдылығын анық байқаймыз. Ал, “Қорқыт ата кітабында” “Сары тонды Селжан ару” бейнесі Торалы батырға серік болар ерен ерлігімен көзге түседі [48, 111 б.]. Қалайда, көшпелілер түсінігінде “сары” түс күн нұрына немесе перілерге болмаса ерекше қасиеті бар адамдарға, жануарларға қатысты қолданылғандығы байқалады.

Қазақ фольклорындағы тұрақты сандар мен өң-түс атауларының функцияларын саралай келгенде, бұл ұғымдардың алға қалыптасуының түркі қағанатынан бұрынғы дәуірлерде жатқандығын пайымдай аламыз.

Ұлттық поэзиямызда жиі қолданылатын өлеңдердің бір тобы – арнаулар. “Мұндай жырлар әдетте әмірші атына қарата айтылады. Оның белгілі бір іс-әрекетін мадақтап қостау, я даптап наразылық білдіру немесе белгілі бір оқиғаға байланысты ақыл, кеңес беру тұрғысында келеді” [116, 143 б.].

Осы үрдіс жасаған жақсылығын, еңбегін бұлдау қазақ

жырауларының шығармашылығында да кездесіп қалады. Әсіресе, XVII ғасырдағы Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтатын өлеңі, ханға қарата айтылған арнау түрінде келуімен ғана емес, ішкі мазмұнымен де қазақ эпосында кездесетін кейбір арнау түрлерімен үндесіп жатыр.

Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін... [117, 52 б.].

Тарихи шындықты арқау еткен арнау өлеңдер бірнеше ғасырдан соң қайта жаңғырса да, шындықты бүркемелемей, бетке айтатын қалыптасқан дәстүрінен айнымағандығының дәлелі осы.

Ұлттық әдебиетіміздегі арнау табиғатымен сабақтаса келетін, кейде мүлде жанрлық тұрғыдан бір-біріне кірігіп кететін, мазмұн жағынан ұқсас өлеңдер тобы – мадақ жырлары.

Ғалым Х.Досмұхамедұлы 1928 жылы жазған “Қазақ халық әдебиеті” очеркінде мадақ өлеңдерді “мақтау жырлары” деп атап, былайша анықтайды: “Халық поэзиясында мақтау жырлары (одалар) айрықша орын алады. Әдетте жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күшқайраты, ерлік-қажыры және басқа қасиеттері мадақталады... [118, 19 б.].

Ерте кезден дала төсінде еркінше көсіліп, көшіп-қонған көшпелілер үшін төзімділікті бағалап, ерлікті дәріптеу – табиғи құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде ерлік дәстүрді өскелең ұрпаққа үлгі етіп қалдырудың тиімді тәсілі, тәрбиелік мәні бар мадақтау өлеңдер болған. Әзірше, ең көне жазба мұра болып саналатын “Көне түркі ескерткіштерінде” Күлтегін мен Тоныкөктің ерлік істері бастан-аяқ осы сипатта көрінеді. Сол кезеңдерден-ақ қалыптасқан шығарманың жанрлық сипатына орай, батырлықты, сұлулықты жырлаудың, дәріптеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, батырлар жырында ерлік, ғашықтық жырларда сұлулық басым жырланған. Мұндай дәстүр XII–XIII ғасырларда да өз арнасын тауып отырған. Ел басына күн туған қысылтаяң шақта ерлікті алға тартып, батырлықты мақтан ету – халықтық үгіт-насихаттың ең күшті қаруы.

М.Мағауин қазақ жыраулық поэзиясы мен эпостық мұралардың қарым-қатынас жөнінде: “Қазақтың қаһармандық

жырларының, әсіресе ноғайлы цикліндегі жырлардың көне заман тарихи оқиғаларын біршама дәл бейнелейтіндігі көпке белгілі. Әрине, бұл жырларды әу баста сол оқиғалардың куәсі болған жыраулар шығарған.

Бажайлап зерттеген адам эпостарымыздан жыраулар ізінің табын, кейде тіпті олардың шығармаларындағы тұтас жолдардың пайдаланылуын аңдайды” [116, 145 б.], – деген құнды пікір айтады. Ғалым пікірі жоғарыдағы салыстыруларымызбен де ұштасып жатыр.

Халқымыздың фольклор үлгілерінің мол шоғырын діни сарындағы жырлар мен аңыз әңгімелер, әпсаналар мен уағыз әңгімелер құрайды.

Діни дастандар ұлтымыздың тіліне, дініне қатысты рухани құндылықтарымыздың күрделі бөлігі. Сондай дастандардың бірі «Дариға қыз» жыры.

Батырлар жыры мен діни дастанның ұқсастығы оларда әсірелеу өте көп. Сонымен қатар теңеуді де көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Дариға қызды суреттеген жерлерде «Шаһардан аққудай боп қыз келді» десе, енді бірде сол «Дариға қыздан ай мен күндей бір ұл туды» дейді. Діни дастандардағы бір ерекшелік ол кіріккен сөздер арқылы әсірелеу. Мысалы, «Иә, Алла» деп орнынан түрегеледі. Осы түрегелді сөзін қазақ тілі тұрғысында талдайтын болса ол түрегеп келді деген мағынаны білдіреді.

«Дариға қыз» діни дастаны диалогқа құрылған. Мысалы, Мәди баланың әкесін іздеп жолға шыққандағы сәттерінен көптеген диалогтар кездестіруге болады. Діни дастандардан аллитерацияны да көре аламыз. Оған дәлел ретінде «келді де көп баламен ойын салды, көп бала ойынынан қайран қалды, көп баланы біріне-бірін соғып, келді де көп балаға ойран салды» жолдарын келтіруге болады. Мұнда дауыссыз қатаң К әрпі қайталанып келген. Ұйқас түріне келсек жыр редифті ұйқасқа құрылған.

Арыстан Дариғаны қоя берді.

Аққу құстай шаһарына қыз жөнелді.

Қызметкер дайындап қойған екен,

Бір жегенде жүз қойды, нанды жеді.

Бек нұрлы, асыл туған бала екен, - [139, 46 б.] деп артынан Пайғамбарым қарап қалды деген өлең жолдарынан эпитеттік әсірелеуді көреміз. Демек, діни дастандардың ұрпаққа берер

өнегесі мол. Болашақ ұлдың әкесіне Дариға «Әли, менен артық емес тінті күшін, Аллаға жақын екен қылған ісің», – деп ирония арқылы жеткізеді. Яғни көне фольклорлық мотивпен мұсылмандық аңыз өзара кірігіп, эпикалық қалыпты сомдайды.

Ал фольклорды әдебиетпен салыстыратын болсақ, онда оқиға шындыққа негізделіп құрылады. Мысалы, «Батыр Баян» атты тарихи еңбек осының жарқын дәлелі. Осы тарихи жырдан көптеген көркемдік ерекшеліктер кездестіруге болады. Автор жырда теңеуді айрықша көп қолдана білген. «Арудың ақпен өрген тұлымындай» десе, батырлардың ерліктерін «бұғаудағы арыстандай» дейді, «майданда жолбарыстай жалғыз ойнап, сан қолға аш бөрідей кірмеп пе ең», – деп Баян батырды жолбарыспен аш бөріге теңейді. «Адасқан аққу құстай, балаусадай бөбек кезі, барқыттай белес белі, айбынды арыстандай құмда өскен, меруерттей көзі және жасқа толды да екеуі ескен желдей кетіп қалды», – деп автор теңеуді өте шебер қолданады. «Жаралы жолбарыстай күңіренеді, ақылға алғыр құстай ашу төнді», – десе, енді бірде «дауылдай талмай есіп, желдей ұшып, қара бұлттай төнді Баян, сұңқардай сарғалаған келді Баян», – деп Баянның асқан ерлігін бірде арыстанның, бірде жолбарыстың ерлігіне теңейді. Жырдан эпитетпен, метафораны да көп кездестіреміз.

Мысалы, бұған «ойың удай, тілің шаян, боз үй, сұм жүрек, кең ақыл, отты қайрат» деген эпитеттер дәлел болады. «Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы – жау, іші жалын, жаны жара, шаңы – бұлт, бұлтты – шаң» деген метафоралар көп. Жырда ассонанс пен анафора да жиі кездеседі. Демек, тарихи жырдың негізгі идеясы тарихи шындық.

Батырлық жырлардағы көркемдік бейнелеу тәсілдерін жан-жақты анықтау, олардың сандаған нұсқаларында бірдей берілуінің себептерінің сырына үнілу де ғылымдағы қызықты іс екендігі даусыз. Эпостың тақырыбы, тарихи негіздері, сарындарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіру арқылы эпикалық шығарманы толық зерттеп біттік деп тұжырымдауға болмайды. Елдің өткенінен хабар беретін, ерліктің өшпес ізін, адал жардың асыл бейнесін сөз құдіретімен түсіндіретін эпостың көркемдік қуат-күшін тілдік және әдеби жағынан зерттеу жалғасын таба беруі тиіс.

Сонымен, батырлық жырлардағы жар іздеу сарынының

көркемдік бейнелеу тәсілдерін тексеру нәтижесі көркем шығарманы тануға, сөз өнерінің сиқырлы құдіретін түсініп, түйсінуге қызмет ететіндігін көреміз. Ал, оны болашақ жас ұрпақ бойына сіңіру дегеніміз эпикалық шығарманы талдай білуге үйрету деген сөз. Оны жүзеге асыру үшін батырлық жырларды көркемдік жағынан әлі де сан қырынан зерттеу қажет.

Жар іздеу мотивін бейнелеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер бүкіл эпикалық шығармаларға ортақ амалдарға жүгінеді. Жырдың сюжеттік желісін құруда, кейіпкерлердің тұлғасын сомдауда, оқиғаны өрбітуде жырау қалыпты құрылымдарды, дайын үлгілерді, тұрақты сөз саптау үлгілерін кенінен пайдаланады.

Шығармашылық тұлғалардың ата-бабалар қалыптастырған дәстүрлі қасиеттерді поэзиялық шығармаларында жырлауы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаның да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дүниетанымы қалыптасты. Ауыздан ауызға таралу арқылы дамыған жырлар халықтың ұрпақтар жалғастығындағы тәлім-тәрбиелік тағылымы мол адамгершілік-гуманистік, эстетикалық көзқарастарын қалыптастырады. Қазақ халқының өзіндік ділінің, тілінің, дінінің сақталуындағы басты тірек-желі осы болды.

Халық эпосы қазақ баласының рухын көтеріп, санасын түзейтін ғасырлар үні, еліміздің рухани байлығының көне көзі. Халықтың ұлттық мінез ерекшеліктерін, көзқарасын, тарихы мен дүниетанымын, менталитеті мен тілін, мәдениеті мен ой-өрісін суреттей отырып, тарихи шынайылық пен көркемдік-моральдік құндылықтың дәлелі болған бұл өнер түрі ғасырлар бойы әр кезеңнің құжаты болып, ұлттың рухани сұраныстарына сай дамып отырған.

Эпикалық жыр тек қана тарихи немесе ойдан құрастырылған оқиғаларды әңгімелеп, жырлап қоймайды, онын эмоционалдық, психологиялық жағын көрсетіп, сонымен қатар тәрбие, адамгершілік және өнеге-өсиет, білім беру қызметін атқаратыны сөзсіз. Жыршы батырдың батырлығын жырлай отырып, жастарды сондай ержүректікке, ел намысын қорғайтын батылдыққа баулиды; ғашықтардың күйзелісі мен қайғысы шыдамдылыққа, төзімділікке әрі жанқиярлыққа үйретеді; адамдардың әділетсіздігі шындыққа, әділеттілікке, адамгершілікке шақырады. Тіпті қатыгез заң немесе бүгінгі күнде жат көрінетін қазақтың «әменгерлік» салты

Жібектің және жалпы қазақ халқының даналығын, көрегендігін байқатып, тыңдаушы қауымды үлкенді сыйлауға, иерархия сатысын бұзбауға үндейді.

Көптеген эпостардың («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды батыр», «Алпамыс» және т.б.) бүгінгі күнге жетуі де өзгермейтін мәтін мен сюжеттік жолдарының орын алып, драматургиялық құрылымы бар театралдық қойылымдарға жақындығынан танылады. Әрине бұл заманға жеткенше олар талай уақыт өңдеуінен өтіп, қайта-қайта жанданып отырды. Мысалы, «Қобыланды батыр» эпикалық жырының 26 варианты, «Қыз Жібек» жырының 2 варианты бар.

Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбекпен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жаста болсаң, елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен деп өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат. Мұның бәрі адам, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет болған.

Дастан жанрының ерекшелігі туралы дастантанушы ғалым Б.Әзібаева былай деп ой қорытады. «Көлемінің үлкендігі, композициясы мен мазмұнының күрделілігі, бір шығармада бірнеше жанрдың тоғысуы, оқиғалардың тым ғажайыпты әрі шымшытырық болуы, бас кейіпкердің шамадан тыс романтикалық немесе қаһармандық сипаты, т.б.» [70, 123].

Фольклордағы өмірдің өтпелілігі мотиві дастан сюжетінде басты роль атқарады.

Бұ жалғаннан бір кісі тоймай өтер,

Жақсы құл өлім түбін ойлай өтер.

Бір пенде малды жияр, дүние сүйер,

Жалғаннан еш мұрадын алмай өтер.

Бірінен-бірі көріп ыбрат алған,

Алла мейір ойласын деп үлгі салған. [122, 51 б.]

Дастандардағы кейіпкерлердің ой-сезімін ашып көрсету үшін, олардың іс-әрекеттерін даму үстінде таныту үшін диалогтық тәсілдер үлкен роль атқарады. Әсіресе ғашық жастардың бір-біріне деген ынтызарлығы, сүйіспеншілігі осы диалог арқылы танылады.

Мысалы: «Бозжігіт» дастанында түс арқылы ғашық болған қыз бен жігіттің бір-біріне деген сезім сыры диалогтан анық көрінеді. Бұлайша тіл қатысу дастан мазмұнында бірнеше рет қайталанып көркемдік мәнде жұмсалады.

Қыз:

Жолдастарын жанға алып,
Бізді іздесең, табарсың.
Нұрдан үлгі алғанмын,
Тоты құстай болғанмын,
Таяғыңды қолға алып,
Бізді іздесең, табарсың,
Ақыретте сен табарсың! [140, 33 б.]

Жігіт:

- Сен бір сурет назырсың,
Кеш қасымда әзірсің.
Үйіне келсем жан да жоқ,
Не аттысың? Атын айт!
Не жерлісің? Жерінді айт!
Туған-өскен елінді айт!
Және мұндай зар қылма,
Анық қылыш жөніңді айт! [140, 34 б.]

Бұндай диалогтар монологтар мен қатар өріліп кейіпкерлердің жан дүниесін ашуға жұмсалады. Онда дәстүрлі қайталаулармен қатар ұйқастардың өздері де әр алуан болып бірде лепті, енді бірде сұраулы сөйлемдер арқылы беріледі. Оның қай-қайсы да кейіпкердің ойы, психологиялық жай-күйімен тікелей байланысты.

Фигураның бір түрі қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу мақсатын көздейді. «Қайталаулар жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау немесе анафора және кезекті қайталау, эпифора болып бөлінеді» [95, 73 б.].

Өтірік жардың досы емен,
Мені тағы қостай бар!
Бізді бірге өлтірсін,
Әкенің сөзін қостай бар!
Шын сүйген жар болсаң,
Үмітіңді үзбей бар!

Бұрынғы өткен достай бар,
Достың сөзін қостай бар!
Шын көңліңмен жар болсаң,
Жарынды тез іздей бар,
Қылыш басын кеспей бар!
Жарда пейілің бар болса,
Үмітіңді үзбей бар! [122, 152 б.]

Дастан өзегінде халықтың мақал-мәтелдері сол күйінде қолданылады.

Сұлу қатын, жүйрік ат, түзу мылтық
Мал мен перзент-адамның дәулет-кеніші.
Өтпес пышақ, момын ат, жаман қатын
Ер жігітті үшеуі қартайтады. [122, 107 б.]

Дастандарда жырлаушы мен баяндайтын оқиға арасы тығыз байланыста көрінеді.

Дастандардың бастамасындағы ортақ жайт жыршының Алла, жаратушыға сиынып, сөз киесін құрмет тұтуы, жоғарғы күштерден медет сұрауы да қалыптасқан көркемдік тәсіл. Баяндалатын жайтқа тыңдаушы назарын аударып, еліктіріп алып барып жыр баянына түсу жүйрік ой иелеріне ғана тән.

Сегіз қабат ұжмақты,
Жеті қабат тамұқты
Күнәлі құлдарға
Бина қылған Алламсың!
Сүйген құлың ұжмақта
Түрлі-түрлі нығметте
Ұжмақтың ішінде
Орын берген Алламсың!
От ішінде тозақта
Тамұғынды жандырып
Азап қылған Алламсың!
Түзік жолдан жүрмеген,
Құлшылығын қылмаған,
Күнәсі көп біз құлын
Азап қылсаң қоярсың.
Күнә қылмай құлынды
Рақым қылсаң қоярсың. [140, 29 б.]

Ал дастан аяғында баяндалған оқиға мен адамдар тағдыры

өтпелі өмірдің бір сипаты ретінде түсіндіріліп, өткенге құрмет етуге назар аударылады.

Бірі – ай-дүр, бірі – күн-дүр,

Қайғырмаңыз, жар-жар!

Заманақыр болғанша

Айрылмаңыз, жар-жар!

Бірі – гауһар, бірі – жақұт,

Жарасып тұр, жар-жар!

Бірі – тоты, бірі – бұлбұл,

Сыр ашып тұр, жар-жар! [140, 50 б.] «Сейфүлмәлік» дастанының көркемдік сапасы, композициялық құрылымы, теңеу, метафоралардың қолдану тәсілі жөнінде тоқталсақ, дастанның композициялық желісі қазақ ертегілеріне өте ұқсас өріледі. Дастандағы түрлі бейнелеу тәсілін қолданған тұсын Зұфар Сейітжанов: «Дастанда Бәдіғұлжамалдың бейнесі тартымды сипатталады.

Оқ атып, жақ тартқандай қара қасы,

Көрінген тамағынан ішкен асы

Тігілген кірпіктері қылыштайын,

Әлемнің бір өзінде тамашасы....

Сипаты бұл суреттің орта бойлы,

Бейне гүл үлбіреген нәзік мойны.

Иілер қызыл гүлдей буындары,

Ah, дариға, қандай екен жылы қойны!?» [98, 69 б.] – деген акынның сұлу перизатты кестелі сөз, көркем суретпен бейнелеген жерін мысалға алып, қарама-қарсы (контраст) сүйкімсіз бейнедегі зәңгі қызды басқаша мысқылмен суреттегенін салыстыра отырып, ақын қуатының қаншалықты тегеуірінді екендігін баса айтады.

Мысалы: Қызартып қара жүзге опа жаққан,

Басына үкі орнына балдыр таққан,

Қасына қара көмір сүрме тартқан,

Емшегі бір сабадай салақтаған, – [122, 133 б.] деп әжуалап бергені көз алдымызға шынында да кейіпсіз жанның бейнесін елестетеді.

Осы тектес монологтарды біз «Қыз Жібек» жырынан, «Ер Тарғын», т.б. жырлардан да ұшыратамыз. Және де өзінің өлімге қиылғанын, ажалы жеткенін түсініп, соған бой ұсыну дастандарға тән болса керек. Ал батырлық жырларда кейіпкер ұрыс үстінде,

жекпе-жекте жан тәсілім етеді. Ал дастан кейіпкерлері мұндай жағдайда басқаша сезінеді.

Қазақтың ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері осы туған жерге, ата-қонысқа, кіндік қаны тамған қасиетті мекеніне, аймағына арналған перзенттік махаббат сезімі арқылы айрықша байқалады.

Біз жоғарыда көбінесе дастандардағы жігіт бейнесіне, оның жар іздеу мәселесіне тоқталдық. Алайда басты кейіпкерлердің қатарында ару қыз бейнесінің де тұратынын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Тарихилық пен көркемдік ойлау сабақтасқан эпикалық шығармалар арқылы өмір қозғалыстарының қайшылықтары, адамзат дүниетанымының шынайы болмысы айқындалған. Кейіпкерлердің эпикалық деңгейде даралануы, мінезделуі арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық эстетикалық дүниетаным көзқарастары танылады. Бұл көркем әдебиет мұраларының халықтық сипатына тән ерекшелік.

Дастанның композициясындағы эпикалық желіде кейіпкерлердің бұрынғы, қазіргі кездесулерінің, сұхбаттарының мекені, мезгілдерінің көрсетілетіні, ал лирикалық әлемде көңіл-күй толқыныстары, сағыныш саздары, ғашықтардың мұңлы-шерлі тебіреністері төгіледі. Ақынның бұл шығармасындағы махаббат сезімінің сағыныш пен мұңға, өткен мен бүгінді, болашақты жалғайтын мәңгілік ғашықтық ұлағатына құралған сипаты түркі халықтары классикалық поэзиясының мұраларындағы Хорезмидің «Махаббатнама» [101] араб, парсы, үнді аңыз-ертегілері негізіндегі «Жүсіп-Зылиха», «Сейфүлмәлік», «Мұңлық-Зарлық», «Таһир-Зухра» сынды ғашықтық дастандармен [122] де үндеседі.

Дастандарды тексеру барысында жар іздеу сарынының негізгі сюжет құраушы мотивтердің бірі екендігіне көз жеткіздік.

Қорытындылай келгенде мынадай түйіндер жасауға болады.

Ел тарихы ерлері мен қыздарымен көрікті. Қай заманда да тарихи оқиғалардың бел ортасында ірі тұлғалар тұрған. Олар атқарған істің жақсы жаманы сол ұлт тағдырындағы мән маңызына қарай бағаланатыны да даусыз. Байырғы заманғы миф, аңыздардан бастап, бүгінгі күннің тарихи көркем шығармаларына дейін ел тағдырымен қарайлас ғұмыр кешкен қайраткерлер, батырлар, ақындар, жыраулар, билер бейнесі оларға түп қазық боп алынуының себебі осында.

Қазақ қаһармандық жырларының жалпылық белгілері санамалап көрсеткен Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев сияқты ғалымдардың еңбектерінде сюжет кезеңдерінің дамуында ортақ заңдылықтардың болатындығы жан-жақты қарастырылған. Ғалымдардың теориялық тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, бертінге дейін эпос дәстүрінің жақсы сақталғандығын мына мәселелерден біле аламыз.

Мысалы бұл кейіпкердің ғажайып жағдайда дүниеге келуімен байланысты. Қазақ батырлық эпостары мен тарихи жырларында бұл тұрақты мотивке айналған. Сондай-ақ, батырдың өсу, есеу жолдарында да көпшілікке ұқсай бермейтін өзгешеліктер бар.

Қазақ эпостарында жас батырдың күш-қуатын абайсызда қолы тиген тетелес балалардың қаза табуымен бейнелеу тәсілі де бар. Сюжеттік байланыстың бұл түрі, болашақ батырдың өткен өміріне қатысты бір құпияны біліп, жорыққа аттануына себепші болып жатады. Әсіресе, қазақ эпостарында ел сүйген батырдың сүйікті жары жауға тұтқын болатындығы, соңынан батырдың құтқарып алатындығы, аяулы жарларының үнемі ақыл айтып, жол көрсетіп отыратындығы белгілі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсақ, эпос халықтың қалаулы ұлы мен аяулы аруларының өнегелі істерін жас буын, келешек ұрпаққа үлгі етеді. Ерлікті елдің қасиеті санап, елдік өмірден ерлік өлім артық деген ұранды ту қылып ұсайды. Жас буынды, келешек ұрпақты патриотизмге баулиды. Эпостық жырлардың құндылығы осында.

Қазақ фольклорын зерттеу тарихынан

Салт өлеңдер

- Мал, шаруашылық туралы өлеңдер
- Дін салт өлеңдері

Наурыз

- Бақсы сарыны
- Бәдік, арбау, жалбарыну
- Жарамазан және жарамазанның батасы

Үйлену салт өлеңдері

- Әдет, салт
- Тойбастар
- Жар-жар
- Сыңсу-жұбату
- Бет ашар

Мұң, шер өлеңдері

- Қоштасу
- Естірту, көңіл айту
- Жоқтау

Ертегілер

- Хыял-ғажайып ертегілер
- Хаюанат жайындағы ертегілер
- Шыншыл ертегілер

а) салт ертегілер

ә) күлдіргі ертегілер

б) аңыз ертегілер

в) күй аңызы

Батырлар жыры

Ғашықтық жырлар

Айтыс өлеңдер

- Әдет-салт айтысы
- Ақындар айтысы
- Совет ақындарының айтысы

Шешендік сөздер

- Шешендік толғау
- Шешендік дау
- Шешендік сөздің түрлері

Мақал-мәтел

Жұмбақ

Өтірік өлеңдер

Тарихи өлеңдер

- Тарихи жырлар
- 1916 жылғы көтеріліс туралы халық әдебиеті
- Майдан өмірін суреттеу
- Көтеріліс туралы лирикалық жырлар

Қазақ совет фольклоры

- Революциялық күрес кезеңіндегі өлең, жырлар
- Ауылды советтендіру жөніндегі өлең, жырлар
- Колхоз, өнеркәсіп өміріне байланысты халық әдебиеті
- Терме, мақалдар
- Қазақтың халық әдебиетіндегі Ленин, Сталин образы
- Ерлік туралы жырлар
- Халық әдебиетіндегі Амангелді образы
- Отан соғысы кезіндегі жырлар

Қазақ әдебиетінің тарихы, I том Фольклор, ред. басқарған қаз.ССР ҒА толық мүшесі профессор М.Әуезов, Қазақ ССР ҒА баспасы, Алматы, 1948ж. -436 б.

Ә.Қоңыратбаев Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, Анан тілі, 1991,-288 б.

I. Тұрмыс-салт жырлар

Мазмұны мен тақырыбына қарай бірнеше түрге бөлген

- а) Бақташылық жырлар (төрт түлік мал туралы)
- ә) Діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бөдік)
- б) Үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сыңсу, жұбату,

беташар);

в) Ұлыс жырлары;

г) Бөбек жырлары; жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау), т.б.

I.1 Шешендік сөздер

А) мақал-мәтелдер

Ә) жұмбақтар

Б) жаңылтпаш

Тотемдік ұғымдар. Ерте кездерде адам аңнан толық бөлінбей, табиғаттың дайын жемісін теріп жеп, тау үңгірлерінде тұрған.

II. Аңыздар

- Қала аңыздары;

- Дала аңыздары

Ертегілер

- Мифологиялық ертегілер (қиял-ғажайып);

- Хайуанаттар (жан-жануарлар) жайындағы ертегілер;

- Реалистік (тұрмыс-салт) ертегілер;

Қазақ эпосы

1. Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла Мерген», т.б.)

2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон» жазулары, «Күлтегін» жыры)

3. Оғыз эпосы («Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама»)

4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», т.б.)

5. Лиро-эпос («Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек»)

6. Ноғайлы эпосы («Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази»)

7. Тарихи эпос («Досан батыр», «Бекет», 1916 жыл поэзиясы)

8. Шығыс дастандары («Рүстем дастан», т.б.)

9. Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», т.б.)

10. Совет эпосы (Амангелді, Төлеген туралы жырлар)

Айтыс поэзиясы

А) ру айтыс (Жанақ пен бала)

Ә) салт айтысы (Ақбала мен Боздақ)

Б) жұмбақ айтысы (Сапарғали мен Нұржан)

В) әлеуметтік айтыс (Біржан-Сара, Құлмамбет пен Жамбыл)

Г) совет айтысы

ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзат дамуының қай кезеңін алмайық, мәдениет атауы өзіндік өрнегімен, қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды. Осы зандылық тұрғысынан келсек, қазақ мәдениетіндегі асыл қазына – эпостық жырлар мен қисса-дастандарды белгілі бір дәуірдің дара туындысы ретінде ғана қарастыру, сол заманның мәдени дамуын, рухани байланыстарды жете түсінбегендік болып табылар еді.

Фольклорлық шығарманың жүйелі сюжетін құруда мотивтер ерекше қызмет атқарады. Қазақ жырларында жиі кездесетін тұрақты мотивтердің бірқатары адамзат дамуында орын алған алғашқы қауым, ру-тайпалық қоғам, феодализм сынды формациялардың ортақтығынан туындаса, ендігі бірқатары тегі бір өмір сүру салты ортақ, әрі тарихи-әлеуметтік, экономикалық жағдайлары ұқсас түркі тектес халықтардың өзара ауыс-түйіс, туыстық қарым-қатынастары арқылы орныққан.

Қазақ эпостарында халықтың ерте заманнан бері келе жатқан өмір жолдары, тарихи тағдыры, арман-мұраты, мұң-мүддесі, салт-дәстүрлері туралы жылдар бойы сыр түйген. Жалпы халықтық жырдың басты тақырыбының өзі ұрыс, жекпе-жек, жар іздеу, отау көтеріп, отбасын құру, сондай-ақ көшпелі ауылдың өмір салты, дәстүрі, тыныс-тіршілігі болса керек.

Эпикалық шығармалардың басым көпшілігінде туындының мазмұнын байытатын, оқиға желісінің дамуына ерекше үлес қосатын – махаббат тақырыбы. Сүйіспеншілік, ғашықтық өмір зандылығы, сондықтан көркем туындыны махаббатпен көркемдеу, шығарманың тартымдылығын, маңызын арттырады. Ертегілерді алып қарайтын болсақ, «Аяз бидегі» ханның қызы, «Ер Төстіктегі» Кенжекей, батырлар жырына назар аударсақ, «Қобыландыдағы» Құртқа, «Алпамыстағы» Гүлбаршын шығармадағы махаббаттың маңызды мәселеге айналауына себепкер болған бейнелер. Сондай-ақ, ел ішіне кеңінен тараған «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық», «Таһир-Зухра» тәрізді ғашықтық дастандардың өзі жеке бір әлемді құрап тұрғандай. Жалпы шығарма оқиғасының өрбуіне айрықша жол ашып тұрған да батырдың немесе елден

асқан сұлу арудың өзіне лайықты жар іздеуі, осы екі жастың арасындағы сүйіспеншілік сырлары. Батырлар өз қалаулысына қол жеткізу барысында жолда кездескен адам сенгісіз кереметтердің барлығын бұзып-жарып өтеді. Әрине, мұндай әрекеттің астарында махаббатты қадірлеу, қастерлеу жатыр десек артық айтқандық емес.

Фольклортану ғылымында соңғы жылдары қол жеткізген табыстарымыздың бірі ретінде ұлттық әдебиетіміздің тарихи тамырының тереңнен тартатынын танып-білуіміз дер едік. Рас, халық шығармасының көне үлгілерін бір ғана ұлттың қалыптастырмағаны, түркі тайпаларының ортақ үлес қосқандығы қаншалықты айқын десек, жазба әдебиетке тән мұралардың фольклордан да біржолата қол үзбегендігі соншалықты анық. Көне замандарда төл топырағымызда жасалған, қазақ халқының арасында әлі күнге дейін айтылып, сақталып келе жатқан мұралар да көп. Бұл шығармаларда ұлттық менталитетіміздің сыр-сипаты басымырақ байқалатындығы да жасырын емес. Мұндай туындылар белгілі дәрежеде бір жүйеге келтірілген, зерттелген әлі де зерттеле беретін бағалы мұралар екендігі талассыз.

Рас, қазақ эпосы шетелдік және отандық ғалымдарымыз тарапынан айтарлықтай деңгейде зерттелді. Фольклордың асыл үлгілері болатын мұралары жинақталып, кітап болып шығып жатыр. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан алдыңғы кезенді алмаған күннің өзінде, содан бергі ширек ғасырдай мезетте қаншама тың туындылар ғылыми айналымға енгізіліп, жұртшылықпен қауышты. Олардың қатарында қазақтың діни қисса-дастандарын жатқызуға болады. Бұрын біржақты ескіліктің қалдығы, өткеннің сарқыншағы деп оң пейіл танытылмай келген жар таңдау, үйленіп, үй болудың дәстүрлі түрлері тақырыптары жан-жақты қарастырыла бастады.

Осы тараптан біздің зерттеу жұмысымызға арқау болған тақырыптың да танымдық, тағылымдық, ғылыми құндылығы бар деп есептейміз.

Біз қазақ эпосындағы жар іздеу мотивін арнайы зерттеу нысаны етіп ала отырып, оның тарихи негіздерін, әртүрлі кезеңдердің тигізген әсерін, түрлері мен тегін, оларды бейнелеудегі көркемдік амалдарды шама-шарқымызша зерделеуге тырыстық. Сол арқылы белгілі бір сюжет желілерінің қалыптасуын, көркемдік дәстүр

сабақтастығының сырын аша түсуге күш салды. Эпостық жырлар аясында түркі халықтарының әдеби ауқымдылығы ортақтастықтарының себептері, жалпы заңдылықтарына талдау жасадық.

Фольклор үлгілерінде қолданыс тапқан жар іздеу мотивтерінің көріністерін атап көрсетіп, фольклорлық материалдарды халықтың тарихымен тығыз бірлікте алып отырдық. Түркі халықтары, қала берді әлем елдеріне таралған көшпелі сюжет пен сарындар, эпостық дәстүр де басты назарда болып, ұлттық фольклорымыздың үлгілерімен салыстырылып түйінделді.

Халық бар жерде оның салт-жоралары, әдет-ғұрпы болмай тұрмайтындығы белгілі. Ендеше, біз қарастырған жыр үлгілерінде де дәуірдің тұрмыстық-этнографиялық оқиғалары тыс қала алмайды. Жалпы, әлемдік фольклордың халықтың шаруашылық кәсібімен, тұрмыстық-этнографиялық ерекшеліктерімен ілесіп жүретіндігін ескерсек, тұтас дәуірді эпикалық ауқымда алған шығармада бұл мәселелердің еленбей қалуы екіталай.

Көшпелілердің бейбіт өмірінде жар таңдауға қатысты құдалық сөйлесу, атастыру, үйлену, анда болу сияқты қызық қуаныштар жыр шашуымен қатар жүріп жатады. Мұндағы тұрмыстық дәстүрлердің бейнеленуі мен мазмұндары, осы жанрлардың қазақ фольклорында қалыптасқан өлшемдеріне сәйкес келеді.

Қалайда, жаратылысынан ән-күйге бейім халық қызық қуаныштан, қайғы қазаға дейінгі аралықтағы маңызды мәселелердің барлығын өлең-жырға айналдырып, сезім күйлерін білдірген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. Л.: Наука, Ленинград. Отд. 1988. -223 с.
2. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы: Ғылым, 1993. Б.336 .
3. Жирмунский В.М. Тюрксий героический эпос. Л.: «Наука», 1974 . -727с.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание соч. Том 3. - Алта-ата, 1985. -416 с.
5. Әуезов М Әдебиет тарихы. - Алматы: Ғылым, 1991. 240б.
6. Сейфуллин С. Шығармалары, 5 т. Алматы: Жазушы, 2005. Б.368.
7. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы:Жазушы, 1974. Б.235.
8. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1973. Б.167.
9. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1958. Б.325.
10. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. Б.303.
11. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. -Алматы: Ғылым, 1975. Б.356.
12. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының қаһармандық эпосы. Алматы: Ғылым, 1972. Б. 339.
13. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. Алматы: Рауан, 1995. Б. 344.
14. З. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы зерттеулер). Алматы: «Елзерде», 2008.
15. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. Қазақ отбасы. Алматы, 1996.
16. Азибаева Б. Казахские народные романические дастаны. Алматы: Ғылым, 1990. С 140.
17. Қоңыратбай Т.Ә. Эпос және этнос. Алматы: Ғылым, 2000.
18. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасы фольклоры Алматы: Арыс, 2007.
19. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. Алматы: Санат, 1999.
20. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. Алма-Ата: Наука, 1972.
21. Вердиман Е. Женщина в древнем мире. Пер. с нем.

М.С.Харитонова. Послесл. А.А.Вигасина.-М.:Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. -335с.:ил. (по следам исчезнувших культур Востока).

22. *Сәкенов С.Б.* Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы. -Алматы, 1995. -145 б.

23. *Радлов В.В.* Алтын сандық. Құрастырғандар: *С.Қасқабасов, К.Ісләмжанұлы.* - Алматы: Ана тілі, 1993. -256 б.

24. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған *Жанұзақов Т.* Алматы: Дайк-Пресс, 2008. Б. 968.

25. *Алтынсарин И.* Обычай киргиз Семипалатинской области. «Русский вестник», т. 137, 1878.

26. *Токарев С.А.* Докапиталистические пережитки в Ойратии. - М., 1984. -268 стр.

27. *Мелетинский Е.М.* Герой волшебной сказки. Происхождение образа. М., 1958 г.-264 с.

28. *Дзенискевич Г.И.* Этнографическая действительность и фольклор. М., 1999. -389 с.

29. *Қасқабасов С.* Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002. -584 б.

30. Адамзаттың «МАНАСЫ» /Жауапты шығ. *Ш.Ыбыраев.* - Алматы: Рауан, 1995. - 255 б.

31. *Ауезов М.* Мысли разных лет. - Алматы, 1961. -555 с.

32. *Санжеев Г.Д.* Эпос северных бурят. - М., 1989.-345 с.

33. *Санжеев Г.Д.* Бурятские сказки, собранные Н.М.Хангаловым и др. -М. 1992.-303 стр.

34. *Байтұрсынов А.* Әдебиеттанымтқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.

35. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» 1500, Жинақты құрастырғандар *М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов.* Астана, 2002. -455 б.

36. Батырлар жыры 2 том, Алматы, 1986.-286 б.

37. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. Алматы: Ғылым, 1982. -232 б.

38. *Лебедева Ж.К.* Архаический эпос Эвенков. Отв/ред. Путилов Б. Новосибирск: Наука. 1981. 158 с.

39. *Мелетинский Е.М.* Происхождение героического эпоса. М., 1963. -462 с.

40. *Штернберг Л.Я.* Социальная организация гилькон, М.1989. -289с.

41. *Усман Х.* Егіз жырлар // Қазақ әдебиеті. - 1962. – 26 қазан.

42. *Сыдықов Т.* Қазақ халқының батырлық жырлары (М.Ғабдуллинмен бірге). Алматы, 1972. 288 б.
43. *Жирмунский В.М.* Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960. -335 стр.
44. *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. - Алматы, 1984.-272 б.
45. *Косвен М.О.* Очерки истории первобытной культуры. М., 1957. -245 с.
46. *Пропп В.Я.* Русская сказка. Изд. Ленинградского университета, 1984. -378 с.
47. Батырлар жыры 2 том, Алматы: Ғылым, 1961. Б.408.
48. Қорқыт ата кітабы /Түрік тілінен аударған: *Б.Ысқақов.* Алматы: Жазушы, 1994. -260 б.
49. *Липец Р.* Образы батыра и его коня в тюрко монгольском эпосе. М.: Наука, 1984. -263 с.
50. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.30: Тарихи жырлар. -Астана: Фолиант. 2006. -394 б.
51. «Алпамыс» (Қарақалпақ тілінде), 1957 ж. -126 б.
52. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.51: Батырлар жыры. -Астана: Фолиант. 2008.
53. Батырлар жыры. 3 том. - Алматы: Жазушы. 1987. -303 б.
54. *Орлов А.С.* «Казахский героический эпос». - М. 1945. -297 с.
55. *Потанин Г.Н.* Восточные мотивы в средневеком европейском эпосе. - М., 1899.-326 с.
56. *Дүйсенбаев Ы.* Қазақтың лиро-эпостық жырлары. Алматы, 1967.-266 б.
57. *Бердібаев Р.* «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының архаикалық белгілері. Абай журналы. № 1. 2001. 3 б.
58. *Қоңыратбаев Ә.* 9 томдық жинақ. 1 том. -326 б.
59. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. - А., 1987.-347 б.
60. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.53: Батырлар жыры. -Астана: Фолиант. 2008.
61. *Пірәлиева Г.* Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. - Алматы: «Алаш», 2003. -345 б. .
62. *Исмаилов Е.* В поисках нового. Алма-Ата, 1967. -193 с.
63. *Плетнева С.А.* От кочевий к городам //Салтово-маяцкая культура. М., 1967. -268 с

64. *Кербелите В.* Историческое развитие структур и семантики сказок. Вильнюс, 1991. - 234 с.
65. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклорлық кезен. Алматы: Қазақпарат, 2008.
66. *Браун М.* Композиция героических народных песен (на материале сербо-хорватского эпоса). //Русский фольклор. Материалы и исследования. 5-том. М., 1960. -347 с.
67. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. -Алматы: Жалын, 1993. -448 б.
68. Шығыстан күйған балбұлақ. //«Қазақ әдебиеті» газеті, №28 март, 1971.
69. *Азибаева Б.У.* Казахский дастанный эпос. Алматы: Ғылым, 1998. —с.250.
70. Батырлар жыры. Құраст. *М.Ғұмарова, Ж.Әбішек.* Т.4: -1989.-400 б.
71. Ғашықтық дастандар. - Алматы: Ғылым, 1994. - 440 б.
72. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.25: Ғашықтық дастандар. -Астана: Фолиант. 2005. - 408 б.
73. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.22: Ғашықтық дастандар. -Астана: Фолиант. 2005. -304 б.
74. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.23: Ғашықтық дастандар. -Астана: Фолиант. 2005. -304 б.
75. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.12: Діни дастандар. -Алматы: Фолиант. 2005. -352 б.
76. *Жақсылықов А.* Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. -Алматы, 1999.- 345 б.
77. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.20: Ғашықтық дастандар. -Астана: Фолиант. 2005. -304 б.
78. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.2Г. Ғашықтық дастандар, -Астана: Фолиант. 2005. -304 б.
79. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.13: Діни дастандар Алматы: Фолиант. 2005. -352 б.
80. *Путилов Б.Н.* Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. - Л., 1976. - с. 5-6.
81. Историческая поэтика. Итоги и перспективы изучения. - М., 1986. - с. 6; Гацак В.М. Историческая поэтика и фольклор //Историческая поэтика. - М., 1986. - с.293.

82. Путилов Б.Н. Современные проблемы исторической поэтики фольклора в свете историко-типологической теории // Фольклор: поэтическая система. - М., 1977.

83. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент. // Типологические исследования по фольклору. - М., 1975.

84. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. - Л., 1988.

85. Қасқабасов С. Қазақ әдебиеті. №25, 21.06.2002, 10-бет.

86. Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства («Записки Оренбургского отдела РГО»), Казань, 1870. -152 с.

87. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. Алматы: Арыс, 2009. Б.320.

88. Тойшанұлы А. Қазақ пен моңғол мифтерінің типологиясы (Этиологиялық, космогониялық мифтер бойынша). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2008. Б.138.

89. Жамбыл және фольклор. Алматы, 1989 ж. -276 б.

90. Литературный энциклопедический словарь. Под общ. Ред. В.М.Кожевникова, П.А.Николаева. Ред. кол.: Л.Г.Андреев, Н.И.Балашов, А.Г.Бочаров и др. - М.: Сов.энциклопедия, 1987. -752 стр.

91. Клавдия Элиан, Разнообразные повествования (сб. «Древние авторы о Средней Азии», Ташкент, 1940. -169 с.

92. Ғашық нама. Алматы, 1976 ж. -358 б.

93. Батырлар жыры, 5 том. - А.: «Жазушы», 1989.-289 б.

94. Діни хисса-дастандар. - Алматы. 2004. -256 б.

95. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1979.- 374 б.

96. Сейфүлмәлік. Қазан, 1909.-56 б.

97. Бахрам. Қазан, 1912. - 30 б.

98. Сейітжанұлы З. Ақыт акын. - Алматы: Қазақ университеті, 2002.

99. Қыз Жібек. - Алматы, 1963.-223 б.

100. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі //Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. -Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.

101. Хорезми. Махаббатнама: Дастан. -Алматы: Жалын, 1985.-1126.

102. Ғашық-наме: Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. -Алматы: Жазушы, 1979. -4726.

103. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.43: Батырлар жыры. -Астана: Фолиант. 2007. -448 б.
104. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.44: Батырлар жыры. -Астана: Фолиант. 2007. -448 б.
105. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.41: Батырлар жыры. -Астана: Фолиант. 2007. -448 б.
106. *Киреев А.Н.* Башкирский народный героический эпос/ А.Н.Киреев. - Уфа, 1970. -147 с.
107. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті: Оқулық. - Алматы: Санат, 1996. - 368 б.
108. Батырлар жыры. Құраст. О.Нұрмағамбетова, Жауапты шығарушы А.Айдашев. - 1986. -264 б.
- 109 Оғыз-наме. Мұхаббат-наме /Жауапты ред. Ә.Дербісәлин. - Алматы: Ғылым, 1986. -207 б.
110. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). - Алматы: Ғылым, 1982. -230 б.
111. *Келімбетов Н.* Көркемдік дәстүр жалғастығы (ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары). -Астана: Елорда, 2000. -288 б.
112. *Жармұхамедов М.* Көненің көзі. -Алматы: Санат, 1996.-144 б.
113. *Жолдасбеков М.* Орхон ескерткіштерін зерттеудің кейбір мәселелері // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001 жылғы 18-19 мамыр). -Алматы: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы. Б. 62-66.
114. *Исқақов М.* Халық календары. -Алматы, ҚазМемБас, 1963.-210 б.
115. Қазақтың батырлық эпосы /Құраст: С.Дәуітов. -Алматы: Рауан, 1992. -104 б.
116. *Мағауин М.* Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. -Алматы: Ана тілі, 1992. -176 б.
117. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары /Құраст: Мағауин М., Байділдаев М. Екі томдық. Т.1. -Алматы: Жазушы, 1989. -384 б.
118. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. -Алматы: Ана тілі, 1991.-76 б.
119. *Абылқасым Б.* Қабанбай батыр (оқулыққа кемекші құрал). - Алматы. КазГосЖенПИ, 2005.-107 б.

120. *Протт В.Я.* Исторические корни волшебной сказки. Ленинград. Издательство ЛГУ, 1946. -340 стр.

121. *Землянова Л.М.* Современная американская фольклористика. М., 1975. -369 стр.

122. Ғашықтық дастандар. - Алматы: Ғылым, 1994. - 440 б.

123. *Нұрмұхамбетов О.* Казахский героический эпос. "Қобыланды батыр" Алматы, 1988ж. -191 стр.

124. *Энгельс Ф.* Происхождении семьи, частной собственности и государство. М.Партизан, 1934. с.122.

125. *Протт В.Р.* Русский героический эпос. Изд. 2-е, испр. М., Гослитиздат, 1958. -603 с.

126. *Веселовский А.Н.* Южно-русские былины. СПб., Тип. Имп. Академия наук. 1884.-345 с.

127. *Ауезов М. и Соболев Л.* Эпос и фольклор казахского народа. «Литературный критик», 1939. № 10-11, -215 с.

128. *Абылқасымов Б.Ш.* Телкоңыр: Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптың фольклоры /Жауапты ред. Р.Бердібаев, С.Қасқабасов. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993.-160 б.

129. *Ыбыраев Ш.* Қазақ батырлар жырларының поэтикасы: Дис. филол. доктор дәрежесін алу үшін. -Алматы, 1993.-396 б./ ҚР ҒА. М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институты.-396 б.

130. *Әзібаева Б.* Ғашықтық дастандар. Алматы, 2009.

131. Фольклор шындығы. Жауапты ред. Бердібай Р. -Алматы: Ғылым, 1990, -264 б.

132. *Садырбаев С.* Фольклор және эстетика. - Алматы: Жазушы, 1976.

-345б. Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) Орыс тілінен ауд. Б.Қожабекова. - Алматы: Жалын, 1994. -64 б.

133. *Қоңыратбай Т.Ә.* Эпос және этнос. Алматы: Ғылым, 2000.

134. *Жұмәділова М.* «Қазақ фольклорының эпикалық жанрларындағы ғажайып туу мотиві» Дис. филол. канд. дәрежесін алу үшін. - Алматы, 2002. 145 б.

135. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық /Қазақ Ғылым академиясы. М.О.Әуезов атынд. әдебиет және өнер институты. -Алматы: Жазушы, 1990. Т.1.Дастандар /Жауапты шығарушы Т.Алпысбаев. -300 б. Т.2.Дастандар /Құраст.: Б.Әзібаева, -М.Шафигов. -320 б.

136. Махабхарата. Үнді эпосы. Аударған Әубәкір Нілібаев. - Алматы: Өлке, 2002. -303 б.

137. *Әуезов М.* Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» // Қазақ елі. - 1995. -3 тамыз.

138. *Сейтжанұлы З.* Тарихи эпос: Шыңжан қазақтарының фольклоры бойынша. - Алматы: Ғылым. 1994.

139. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.15: Діни дастандар. -Астана: Фолиант. 2005. -344 б.

140. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.17: Діни дастандар. -Алматы: Фолиант. 2005. -360 б.

141. *Фрэзер Дж.Дж.* Золотая ветвь. М.: Политиздат, 1983.

142. Қазақ фольклорының тарихилығы. - Алматы: Ғылым, 1993.-328 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 3

**I БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ:
ЭПОСТАҒЫ МОТИВ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ
НЕГІЗДЕРІ.....4**

Қазақ фольклорының жанрлары схема мен кесте
үлгісінде.....4

Қазақ эпосындағы жар іздеу мотивінің ерекшеліктері.....37

**II БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ МОТИВ ТҮРЛЕРІНІҢ
БЕЙНЕЛЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР
ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЛШЕМДЕР.....92**

Жар іздеу мотивінің көркемдік
қырларын анықтау әдістемесі.....92

ҚОРЫТЫНДЫ.....132

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....135